

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:  
Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*

**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ**

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

*Казахский язык и литература  
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**2/2014 АҚПАН**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

---

---

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

**МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ**

<i>Ғылыми ойлар отауы</i>	
Қарлыға ӘБДІРАХМАНОВА.	Сабақ талдаудың ғылыми-әдістемелік бағыт-бағдары.....3
Лаура МЕКЕБАЕВА, Әсел БАЙМҰРАТОВА.	Өзіндік жұмыс жүргізудің маңыздылығы.....11
<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Майра ЖАҒЫПАРОВА.	Көркем мәтін – мемлекеттік тіл сабақтарында.....19
Мейрамгүл ТҰРСЫНОВА. Роза ЫСҚАҚОВА.	Сабақты дамыта оқыту - заман талабы.....29 Оқытудың тиімді әдісі – рөлдік ойындарды қолдану.....36
<i>Тиімді әдіс – баршаға ортақ</i>	
Жұмабағ ҚОЖАҒҰЛОВА.	Сабақта – оқытудың коммуникативтік әдістері.....40
Күлкен ЖОЛДАСБЕКОВА.	Қазақ тілі сабақтарын ойын түрлері құлпыртады.....45
Қазбек ӘБЕНОВ.	Диалогтік оқыту тиімділігі.....49
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Бимария ҚҰЛМАҒАМБЕТОВА.	Махамбет шығармалары.....52
Айжан ЫБЫРАЕВА.	Асыл ана бейнесі.....62
Сағира КІШІБАЙ.	Қасым Аманжолов «Дауылы».....66
<i>Білім негізі – бастауышта</i>	
Назгүл СЕЙІТҚОЖАНОВА.	Әлібек, бұл – киімдер.....69
Гүлзағира ТАСТАҒАНОВА.	Сөздік қоры қызық күз.....72
Қорлан ШАЙМҰРАТҚЫЗЫ.	Нәтиже сабақ.....78
Ақжайық АБЫЛҒАЗИНА. Арайлым БОТАҒАРИНА.	Жабайы аңдар әңгімесі – сөйлесу.....81 «Көктем», «Құстар», «Аңдар» тақырыбындағы сауаттылық.....85
Гүлайым ІЗБАСАРОВА.	Наурыздың деңгейлік тапсырмалары.....90
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Ләтипа ЕРСАЙЫНҚЫЗЫ.	Білімді бекіткен достық.....94
Гүлнар АХМЕТЖАНОВА.	Өнер мұражайының қонағы – сөйлеу дағдылары.....97
Лейла САДЕНОВА. Күльсун ҚАРАБАЛИЕВА.	Радловқа қатысты грамматикалық білім.....100 Көмекші есімдер мен коммуникативтік тапсырмалар.....108
Нұрбике ҚАЖЫМОВА.	Киім киген зат есім мен жалғаулары.....111
<i>Сыныптан тыс шара</i>	
Айман СЕРҒАЗИНА. Майра ЕРМЕНОВА.	Ел тірегі – тіл.....116 Наурыз мейрамы.....120
<i>Білім сынағында</i>	
Мәдина ХАСЕНОВА. Сәуле МЕДЕУОВА.	Мәтінмен жұмыс түрінің үлгісі.....127 «Қазақ тілі» пәнінен дидактикалық тапсырмалар.....130
Бақыт СЕГІЗБАЕВА.	Тест сұрақтары.....140

**Қарлыға ӘБДІРАХМАНОВА,**  
**Алматы технологиялық**  
**университетінің**  
**аға оқытушысы.**

## **САБАҚ ТАЛДАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК БАҒЫТ-БАҒДАРЫ**

Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңында: «Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғары деңгейі және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үдерісі. Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық қазыналар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жаңа адамды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау» делінген. [1]

Білім берудің ең басты құралы – сабақ. Сабақ – білім алушылардың тұрақты құрамымен оқыту бағдарламасы негізінде жүргізілетін, оқытудың жекелеген мақсатына жетуді көздейтін, мектептегі оқыту үдерісінің негізгі ұйымдастырушылық бірлігі. Сабақ – заманауи оқу орындарындағы оқытудың негізгі ұйымдасқан түрі, оқытушылар оқушылардың тұрақты құрамымен жұмыс жасай отырып, белгілі бір орында, оқу бөлмесінде, зертханада, шеберханада және басқа жерлерде, қатаң

шектелген уақыт ішінде, қатаң кесте бойынша түрлі әдістерді, тәсілдер мен оқыту құралдарын қолдану арқылы оқу-тәрбиелік міндеттерді шешеді. Сабақ – оқу жұмысының негізгі пішіні. Дидактиканың басты заңы – сабақ болып табылады. Сабақ – білім берудің басты түрі, педагогикалық шығарма. [2]

Педагогика ғылымында сабақ түрлері, типтері, оның құрылымы жөнінде қалыптасқан ұғымдар бар. Оқытушы алдымен сабақты жоспарлайды, қажетті материалдарды дайындайды, сабақты ұйымдастырады және одан белгілі бір нәтиже шығаруды көздейді. Бұл – ұстаз әрекетінің өзекті мәселесі. Оқыту әрекеттерін іске асыру барысында оқытушы оның нәтижесін көре білуге тырысып, оқу үрдісінде оған әдістемелік талдау жасауы керек деп ойлаймыз. Ғылыми-әдістемелік бағыт-бағдарды біліп алу – нәтижелі жұмыс орындауға мүмкіндік тудырады. Сабақ талдаудың ғылыми-әдістемелік бағыт-бағдарын жете игермеудің салдарынан оқытушылар, мұғалімдер, әдіскерлер сабақ жөнінде пікір айтқанда, сабақ барысында көргендерін суреттеумен шектелетінін байқаймыз.

Осыған орай сабақ талдаудың ғылыми-әдістемелік мәселелері жөніндегі кейбір ой-пікірлерді ортаға салып көрейік. Негізгі ой өзге тілді аудиториядағы практикалық сабақта көп орын алатын аралас сабақ түріне байланысты болмақ. Алдымен аралас сабақ дегеніміз қандай сабақ, оның анықтамасына тоқталайық. Аралас сабақ – сабақ бөліктерінің барлығы шоғырлана келіп, өзара үйлесуі. Мұндай сабақ – жаңа материалды өтуде де, бекітуде де, бақылау, бағалау сабағының бөліктерін қамтып, оқушылардың күн сайын дайындалып отыруын қажет ететін сабақ. Аралас сабақтың мынадай кезеңдері болады: сабақты ұйымдастыру, үй тапсырмасын тексеру, білімді

жан-жақты тексеру, оқушыларды жаңа материалды белсенді және саналы түсінуге дайындау, жаңа білімді игеру, оқушылардың жаңа материалды түсінуін тексеру, жаңа материалды бекіту, оқушыларға үй тапсырмасы жөнінде хабарлама жасау, оны орындауға нұсқамалар беру.

Енді жоғарыда аталған сабақ кезеңдерінің негізгі міндеттерін, мазмұнын, оң нәтижеге жету шарттарын, әр кезеңнің дидактикалық міндеттерінің орындалу көрсеткіштерін айқындап алайық.

1. *Ұйымдастыру кезеңінің дидактикалық міндеті* – оқушыларды оқу іс-әрекетіне дайындау. Оның мазмұнына: мұғалім мен оқушының сәлемдесуі, оқушыларды түгелдеу, сынып бөлмесінің жағдайын тексеру, оқушылардың зейінін сабаққа жұмылдыру енеді. Мұның өзі оң нәтижеге жету шарттары: оқытушының талап қою ұстамдылығы мен жинақылығы, көпсөзділіктің болмауы, ұстаздық айқын көрінетін еріктілік бағыттылығы, ұйымдастырушылық әсердің жүйелілігі, талап қоюдың кезектілігі болады. Осы шарттардың орындалуы: ұйымдастыру кезеңінің ықшамдылығы, оқушылардың және құрал-жабдықтардың сабаққа толық әзірлігін, кезеңнің іс ырғағына шапшаң қосылуы, барлық оқушылардың зейінінің жұмылдырылуын қамтамасыз етеді. Сабақты ұйымдастыру мәселесіндегі оқу құралдарының қандай болуы керектігі мен сабаққа әзірлігі туралы А.Байтұрсынұлы: «Оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болу керек, құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істелген іс те сондай болмақшы»,– деген [3].

2. *Үй тапсырмасын тексеру кезеңінің дидактикалық міндеті:* оқушылардың ұжымдаса дұрыс және ұғына орындауын айқындау, білім, білік дағдыларын одан әрі жетілдіруді жүзеге асыра отырып, білімдеріндегі олқылықтарды жою болады. Бұл бағыттағы іс-әрекет мазмұны – оқушылардың білім деңгейін белгілеу, білімдеріндегі ұқсас кемшіліктерді және олардың пайда болу себептерін анықтау, табылған кемістіктерді жою. Осы істегі оң нәтижелерге жетудің шарттары: мұғалімнің жұмыстағы шапшаңдығы, оның іс-әрекеттерінің мақсатқа бағыттылығы, оқытушының үй тапсырмасын орындауын анықтауға мүмкіндік беретін тәсілдер жүйесін пайдалануы. Мұғалім аз уақыт ішінде оқушылардың басым көпшілігінің білім деңгейін белгілеп және білімді игерудегі ұқсас кемшіліктерді анықтап, үй тапсырмасын тексеру барысында түзетулер енгізіп, кемшіліктердің себептерін жойып, үй тапсырмасы материалы бойынша білім сапасын белгілеуге мүмкіндік алады.

3. *Білімді жан-жақты тексеру кезеңінің дидактикалық міндеттері:* оқушылардың білімдерін терең, жан-жақты тексеру, айқындалған мәселелердің себептерін тауып, жеке сұралған және бүкіл оқушыларды нақты тәсілдерді пайдаланып, өз бетімен білім алуды меңгертуге дағдыландыру. Бұл жағдайда мұғалім іс-әрекетінің мазмұны материал көлемін және оны сапалы игерудегі түрлі әдістерін тексеруден, олардың ойлау ауқымын тексеруден, қалыптасқан оқу дағдылары мен біліктерін тексеруден, түсініктеме беруден, олардың білім, білік дағдыларын бағалаудан тұрады. Бұл әрекеттердің нәтижеге жеткізу шарттары: білімді тексеруде жалпы әңгімелесу, жеке сұрау, тест сияқты тексерулердің түрлі

әдістерін пайдалану, білімнің ұғынықтылығын, берік және жан-жақты тереңдігін тексерудегі қосымша сұрақтар қою тәжірибесі, сұрау барысында білімді пайдалануда қалыптан тыс күй туғызу, ынталы тыңдау, дәлірек және толық жауап алу үшін бүкіл ұжым үшін арнайы тапсырмаларды қатыстыру, жұмыстың маңыздылық және мұқияттылық күйін жасау.

Білімді жан-жақты тексеру кезеңінің дидактикалық міндеттерінің орындалу көрсеткіштеріне: білімнің тек ауқымы емес, оның ұғынылғанын тәжірибеде пайдалануының ауыстырымдылығын, жеделдігін тексеру, білімдегі оң, теріс жақтарын көрсетуге бағытталған олардың жауаптарын рецензиялау және не істеу керектігіне нұсқау беру, білімді тексеру барысындағы бүкіл іс-әрекеттің белсенділігі жатады.

4. *Жаңа материалды белсенді және саналы игеруге дайындау кезеңінің дидактикалық міндеті* олардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және мақсатқа бағыттау болып табылады. Оның мазмұны: жаңа материалдың тақырыбын және оны оқытудың мақсаттары мен міндеттерін хабарлауды, жаңа материалды оқытудың тәжірибелік мәнділігін көрсетуді, олардың алдына шешілетін оқу мәселесін қоюды қамтиды. Осы кезеңдегі оқытудың нәтижелеріне жетудің шарттары: жаңа оқу материалдарының оқушылар үшін үлгі тәжірибелік мәнділігін, мақсат, міндеттерін, шешілімдік мәселелерін оқытушының алдын ала ойластыруы, олардың сабақ жоспарында белгіленуі, сабақтың оқушылар үшін білім алудағы мақсатын оқытушының нақты анықтай білуі, олардың сабақ барысында неге үйренуі қажет екендігін көрсету, қандай білім, білік, дағдыларды игереді, түрлі сабақтарда мақсатты хабарлауда тәсілдердің өзгергіштігі.

Ал дидактикалық міндеттердің орындалу көрсеткіштеріне келесі кезеңдегі танымдық іс-әрекет белсенділігін, жаңа материалды қабылдау және мағыналы ойлау тиімділігін, оқытылған тәжірибелік мәнділігін түсінуін жатқызуға болады.

Жаңа білімді игеру кезеңінің оқушыларға оқытылатын деректер, құбылыстар, мәселенің негізгі идеясы, ережелер жөнінде бағытты түсінік беріп, олардың саналы, мағыналы қабылдануына қол жеткізу сияқты дидактикалық міндеттері бар. Бұл кезеңнің мазмұны оқушылар зейінін шоғырландыру, оқытушының жаңа материалды хабарлау, осы сәтте материалды оқушылардың қабылдап ұғынуын, жинақтап, жүйеленуін ұйымдастыруды қамтиды.

Жаңа білімді игеру кезеңінде оң нәтижеге жетудің шарттары бар. Олар: ырықсыз зейінді күшейту тәсілдерін пайдалану, оқытылатын объект, құбылысты дұрыс және толық қабылдаудың негізі ретінде олардың ерекше белгілерін толық, дәл және айқын анықтау, қабылдауға қажетті оқылатын объектінің ең ерекше белгілерін бөліп алу, түйілген ойдың тірек білімдерінің жоспарын, тезисін жазу, көрнекілікті пайдалану, оқушылардың өз бетімен жұмысын ұйымдастыру, анализ, синтез, салыстыру, беттестіру, абстрактілеу және нақтылауды қолдану, ой белсенділігін арттыратын сұрақтар қою, жүйелендірілген кесте құру, сезім, тәжірибе, тірек білімдерді көкейкестілендіру, маңыздылық деңгейіне көтеру, сөздік жұмыс жүргізу. Бұл істегі сабақтың дидактикалық міндеттерінің орындалу көрсеткіші жеке кезеңдердегі жауаптар сапасы болып табылады.

Жаңа материалды түсінуді тексеру кезеңінің дидактикалық міндеттеріне деректер, байланыс қатынасын, жаңа түсініктер мен заңдылықтардың

мазмұнын мағыналы ұғынғандығын анықтау, жаңа материалды түсінудегі келелі мәселелерді тауып белгілеу енеді. Мазмұнында оқушылардың материалды терең де мағыналы ұғынуын оқытушының тексеруі қамтылады. Мұндағы міндеттердің орындалу көрсеткіштері: оқытушының білімі тар және орташа оқушылардан сұрауы, жауап барысында білімдегі олқылықтарды жоюға қол жеткізу, білімі тар оқушылардың ұғыну деңгейін табуы және т.с.с.

5. *Жаңа материалды бекіту.* Мұның міндеті – өз бетімен жұмыс жасауға қажетті білімдерді бекіту. Мазмұны жинақталған білімдер мен біліктерді, мәселелерді (сұрақтарды), оқу әдістемесін бекіту болады. Оң нәтижеге жетудің шарттары – білімдерді қолдану, теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешу, білімдерді бекітудің әр түрлі формаларын пайдалану. Нәтиженің көрсеткіштері: деректерді тану және салыстыру, түсініктер мен ереженің бірлігі, жаңа материалдың негізгі идеяларын қайта жаңғырта білу машығы, жетекші түсініктердің негізгі белгілерін оқшаулап алу, белгілерді құру бірлігі.

6. *Оқушыларға үй тапсырмасы жөнінде хабарлама беру,* оны орындауға нұсқама беру – жауапты кезеңнің бірі. Берілетін тапсырманың орындалу жолын оқытушы түсіндіреді, тақтаға жазып, оқушының түсінгенін қадағалайды. Жаттығудың оқушы мүмкіндігіне сәйкес болуын бақылайды. Тапсырманы деңгейлеп беруге де болады. [4]

Бұл кезеңнің дидактикалық міндеті үй тапсырмасы, оны орындау әдістемесі, сабақ қорытындысын жинақтау болады. Кезең мазмұнына үй тапсырмасы жөніндегі хабар, оны орындауға нұсқау беру, оқушылардың жұмыс мазмұны мен оны орындау жолдарын қалай түсінгенін анықтау

жатады. Кезеңнің оң нәтижеге жету шарттары жұмыс тәсілдерінің мазмұнын және оның бірізді орындалуын, сабырлылықпен, шыдамдылықпен түсіндіруді, жұмыстың жүйелі, қоңырауға дейінгі сабақ уақыты ауқымында, үй тапсырмасын қалай орындау жөнінде қысқа әдістемелік нұсқау беру білігін, үй тапсырмасының білімді тереңдету және бекітуін, өмірге жақын жағдайда пайдалануын, үйге тапсырма беруді дербестік тұрғыдан қарауды қамтиды. Кезеңнің дидактикалық міндеттерінің орындалу көрсеткіштері оқушылардың белсенділігі, үй тапсырмасын дұрыс орындауға талпынысы болып табылады.[5]

Сонымен, сабақ талдаудың ғылыми-әдістемелік бағыт-бағдарларының мазмұнына үңіле отырып, оның өте күрделі үдеріс екеніне көз жеткіздік. Сабақ талдау оқытушының кәсіпқой даярлығының құрамды бөлігі болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы.
2. Ж.Н.Сүлейменова, А.Ә.Орынбаев, Ж.А.Әбітжанова. Қазақ тілін оқыту әдістемесінен қысқаша анықтағыш-сөздік. А., «Эверо», 2009. 194-б.
3. А. Байтұрсынұлы. «Тіл тағылымы». А., «Ана тілі», 1992.
4. А.Әбілқаев, З.Бейсенбайқызы. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 2007. 72-б.
5. Болашақ бастауыш сыныптар мұғалімінің дидактикалық даярлығы. Жоғары оқу орындары аралық ғылыми еңбектер жинағы. 1-бөлім. А., 1999, 5, 6-б.

**Лаура МЕКЕБАЕВА,  
Әсел БАЙМҰРАТОВА,  
Алматы технологиялық  
университетінің  
аға оқытушылары.**

## **ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Қазіргі таңда қазақ халқы егемендік алып, әлемдік аренаға құлашын кең сермеген кезде жас ұрпаққа білім беру ісі әлеуметтік өмірдің маңызды мәселесіне айналды. Сондықтан мұндай міндетті шешу оқушыға берілетін ғылым негіздерін олардың болашақ іс-әрекетінің берік негізі әрі тірегі болатындай етіп оқытуды, оқу-тәрбие үрдісін, білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр алуан құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Осы орайда білім беру үрдісін жетілдіруде өзіндік жұмысты ұйымдастырудың маңызы ерекше.

Ғалым Ю.К.Бабанский: «Өз бетімен жұмыс істеуге үйрету ұстанымын басшылыққа алу арқылы оқушылардың өз-өзін бақылауға, бағалауға, қосымша ақпарат жинауға, тыңдау мәдениетін меңгеруге, өзін-өзі тануға жағдай туғызуға болады», - деп жазады. [1]

А.Байтұрсынұлының айтуынша: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі – оның білімінің, шеберлігінің керек орыны, өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолда балалар қиналмай оңай оқу үшін, қажет білімін алуын

көздеп, балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру керек», – дейді. [2]

Өзіндік жұмыс – оқушының ешкімнің көмегінсіз өзінің біліміне, өмір тәжірибесіне, көзқарасына сүйеніп, сабақ және сабақтан тыс уақытта орындайтын, оқушының белсенділігін, дербестігін, шығармашылығын танытуға мүмкіндік туғызатын оқу тапсырмалары. Шығармашылық әрекетті ұйымдастырудың алғы шарты – өзіндік жұмыс. Білім алушылардың өзіндік жұмысы оқу және оқудан тыс, оқытушының тікелей көмегінсіз өзі орындауына арналған оқу-танымдық қызмет түрі; оқушының оқу-танымдық қызметіндегі ерекше, ең жоғары дәрежеде көрінетін оқу қызметінің түрі. Бұл тапсырмаларды орындау оқушылардан белсенді ой қызметін, түрлі танымдық мәселелерді өз бетінше шешуді, бұрынғы меңгерілген білімді пайдалануды талап етеді. Өз бетінше жұмыстардың әр түрін орындау нәтижесінде шәкірттердің танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығы артады. Оқушылардың өзіндік жұмысын талап ететін тапсырмалар олардың ерекшеліктерін, танымдық мүмкіндіктерін ескеріп беріледі. Мұндай жұмыстар жүйелі негізделген сатылыққа, ізденімпаздық деңгейінің және мазмұнының күрделенуіне негізделеді. Оқушы өздік жұмыста тапсырманы ешкімнің көмегінсіз, бірақ оқытушының бақылауымен орындайды. Өзіндік жұмыстың мынадай белгілері болады: а) оқушы оны ешкімнің көмегінсіз орындайды; ә) ол жеке өзінің біліміне, ептілігіне, өмір тәжірибесіне, көзқарасына сүйеніп, өзінің инициативасын, шығармашылығын, жеке қатынасын, пікірін айта, көрсете отырып, тапсырманы орындайды; б) еңбек мазмұны білім сапасы және тәрбиелік мәні жағынан маңызды, сондықтан оқушының ойлау қабілетін дамытады. Дидактикалық категория, тұлғаның

практикалық тапсырманы дербес орындауы, оны шешудің, өз бетімен тексерудің және бағалаудың дербес тәсілдерін болжауы және анықтауы негізінде қалыптасқан көрінісі – өзіндік оқу әрекеті болып табылады.

Өз бетінше жұмыстың басты міндеттері:

1) оқушылардың дербестік қасиеттерін мейлінше арттыру; 2) олардың алған білімдерінің саналылығы мен беріктігін қамтамасыз ету; 3) оқытуда оқуға қажет біліктер мен дағдыларды қалыптастыру; 4) оқушылардың таным, ақыл-ой қабілеттерін дамыту; 5) оқушыларды сыныптан және сыныптан тыс дербес білім алуға дайындау; 6) оқушылардың оқуға ынтыласын жоғарылатып, үлгермеушілікті болдырмауға әсер ету. Өзіндік жұмыс түрлері мен ұйымдастыру тәсілдері алуан түрлі, бірақ мақсаттары бір – білім алушыларды саналылыққа, белсенділікке, дербестікке, шығармашылыққа тәрбиелеу, нәтижесінде білім сапасы жоғары, өз ой-пікірі бар тұлға ретінде қалыптасқан азамат дайындау. [3]

Қазіргі заманның басты талаптарының өзі де оқушылардың өздігінен жұмыс істеу әрекеттерінің дидактикалық, әдістемелік ерекшеліктерін анықтау, оған зерттеулер жүргізу болып табылады.

Оқытудың мақсат-міндеттеріне және мазмұнына, оқушылардың білім дәрежесіне, олардың міндетті түрде немесе өз еркімен істейтін жұмыстарына қарай, бірнеше топтарға бөлуге болады. Өзіндік жұмыстардың ең көп кездесетін тобы – сабақтың мақсатына қарай қолданылатын жұмыстардың түрлері: жаңа білімді меңгеру, түсіндіру.

Өздік жұмысты орындамас бұрын, нақтылы сипаттарды анықтап алу керек. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың шарттары мынадай: оқытушы оқушыларға нақтылы

тапсырмалар беруі, жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеуі, оқытушының басқаруымен оқушылардың дербестігінің мөлшері, олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі, оған әсер ететін мотивтер т.б. [4]

Осыған орай, оқушылардың өзіндік жұмысын арнайы бөлінген уақыт ішінде оқытушының тапсыруымен, бірақ тікелей көмегіңсіз орындалатын жұмыс деп айту жеткіліксіз. Мұндай анықтамада оны ұйымдастырудың негізгі белгілері көрсетілмеген. Өзіндік жұмысты оқытушының дұрыс басқара білуі және оқушылардың дербестік әрекетінің дәрежесі артық отыруы – осы жұмысты ұйымдастырудың негізгі белгілері болып табылады.

Оқытушы оқушының білімін мейлінше дұрыс бағалауы керек. Міне, сондай жағдайда оқушының сабаққа ынтасы артып, берген тапсырманы белсене орындайды. Осыған орай ғалым педагог-психологтар Т.С.Сабыров, Қ.Жарықбаев, М.Мұқанов, С.Р.Рахметова, т.б.: «Өзіндік жұмысты оқытушы тапсырмасымен орындап, өздері жоспар жасап, нәтижесін бағалап, өз ықыласымен, өз еркімен әрекет жасауы керек»,– дейді.

Педагог-ғалым С.Р.Рахметова өзінің «Қазақ тілі методикасы» деген еңбегінде оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын бірнеше түрге бөледі:

- кітаптың мазмұнымен таныстыру;
- шығарманы балалардың іштерінен оқуы;
- жоспар жасау жұмысы;
- тапсырманы өңдеу;
- оқушылардың үйден орындайтын жұмыстары. [5]

Оқытудың мақсат-міндеттеріне, жеке пәннің мазмұнына, оқушылардың білім дәрежесіне, оқушылардың

міндетті түрде немесе өз еркімен істейтін жұмыстарына қарай өзіндік жұмыстарды бірнеше топтарға бөлуге болады.

Оның ең жиі кездесетін бірнеше тобы – сабақтың мақсатына қарай қолданылатын жұмыстардың түрлері:

1. Жаңа білімді меңгеру, түсіндіру. Мұғалім жаңа материалды өткенде, ең алдымен, оқушылардың оған қызығушылығын туғызудан бастайды, содан соң материал мазмұнын түсінуге көмектесетін оқу жұмысының тиісті тәсілдерін үйретуге тиіс. Жаңа материалға деген алғашқы түсінікті туғызу үшін екі нәрсені іске асыру керек:

а) оқушы санасына жаңа тақырыпты не үшін оқып, үйретудің қажеттілігі;

ә) оқушы жаңа тақырыпты оқу не үшін керек, сол материалды үйрену үшін қандай білім мен дағды керектігін сезінуі тиіс.

2. Жаңа білімді бекіту. Бұл жерде оқушылардың алған білімін бекіту үшін жаттығу жұмыстарын жүргізу керек. Мұнда оқушылардың өздіктерінен істейтін жұмыстарына белгілі мөлшерде уақыт беріледі, ол көп болмауы керек және жұмыстың көлемі шағын болуы тиіс.

3. Білімі мен дағдыны қайталау, бақылау немесе тексеру мақсатымен жүргізілетін жұмыстардың маңызы зор. Білім тексеруге арналған жұмыс екіге бөлінеді:

а) бақылау;

ә) білім тексеруге арналған өзіндік жұмыстар.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарының 2-тобына ғылыми және оқыту әдістеріне байланысты іске асырылатын жұмыстардың түрлері жатады: оқулықпен, оқу құралымен, шығармашылық, бақылау, эксперименттік жұмыстар, т.б.



Оқушылардың дербестігінің даму дәрежесіне қарай, олардың өздігінен істейтін жұмыстары репродуктивтік және шығармашылық болып екіге бөлінеді:

- репродуктивтік жұмыстарға оқушылардың дайын үлгіге еліктеу;

- негізінде жасайтын жұмыстары: кітаптан оқуы, жауап беруі, жоспарға сәйкес оқулықтағы мәтінмен жұмыс жасауы, дайын үлгіні көшіріп жазуы.

Шығармашылық жұмыстарға оқушылардың шығарма, мазмұндама жазуы, көрнекі құралдар, модельдер жасауы жатады.

Өздігінен жасайтын жұмыстардың келесі тобына оқушылардың оқытушы көмегінсіз өз еркімен жасайтын жұмыстары: үйірмеге қатысуы, кітап оқуы, т.б. Оқушылардың сабақта да, үйде де өздігінен істейтін жұмыстары оқулыққа, кітапқа байланысты. Кітап бала өмірінде түсініп әрі мәнерлеп жақсы оқи білгенде ғана маңызды рөл атқарады. «Түсініп әрі мәнерлеп жақсы оқи білу» дегеннің мәні неде? Бұл, ең алдымен, кітап оқудың қарапайым әдісін білу, игеру болып табылады.

Көптеген авторлар өзіндік жұмыстың түрлері мен типтерін атап көрсетеді.

И.И.Малкин көптеген фактілі материалдарға сүйене отырып, оларды бір жүйеге келтіреді. Ол өзіндік жұмысты 4 типке бөліп көрсетеді:

1. Репродуктивтік типті өзіндік жұмыстар. Бұл тип өзіндік жұмыстың төрт түрін құрайды (еске түсіру, жаттығу, байқау, тексеру).

2. Ізденіс-таныс типті өзіндік жұмыстарды орындау барысында оқушылар жаңа білімді меңгереді. Бұлардың да бірнеше түрлері бар: сезімді оятушы, белгілеуші, экспериментті ізденіс, логикалық ізденіс.

3. Шығармашылық типті өзіндік жұмыстар, ғылым және өмір тәжірибесінде жинақталған байланыстарға сүйене отырып, жаңаша немесе өзіндік түрлерін құрайды. Бұл жерде шығармашылық жұмыстың үш түрі қарастырылады:

а) көркем-бейнелі;

ә) ғылыми-шығармашылық;

б) контрукциялы-техникалық.

4. Сыншы-таным типті өзіндік жұмыстар: оқу мен өмір қатынасын дамыту байланыстарын қарайды. [6].

Профессор Т.С.Сабыров «Оқыту теориясының негіздері» атты кітабында оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру, оның түрлері мен оған қойылатын педагогикалық талаптар жайлы былай баяндайды: өзіндік жұмысты ұйымдастырудың шарттары мыналар: мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі, жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеуі, мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестігінің мөлшері, олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі, оған әсер ететін мотивтер, т.б.

Осыған орай оқушылардың өзіндік жұмысы арнайы бөлінген уақыт ішінде оқытушының тапсыруымен, бірақ тікелей көмегінсіз орындалатын жұмыс деп айту жеткіліксіз. Мұндай анықтамада оны ұйымдастырудың негізгі белгілері көрсетілмеген. Өзіндік жұмысты оқытушының дұрыс басқара білуі және оқушылардың дербестік әрекетінің дәрежесі артып отыруы, осы жұмысты ұйымдастырудың негізгі белгілері болып табылады»,– деп қарастырады [7].

Қорыта келгенде, өзіндік жұмыс – оқушының оқу әрекетінің күрделі бір түрі. Оқушылардың өз бетінше

жұмыс істеуін ойдағыдай ұйымдастыру үшін, ең алдымен, балалардың қажетті білімді қалай алып, оған қалай дағдыланудың арасындағы өзара байланысқа көңіл бөлу керек. Өздік жұмысты оқытушы басшылық жасап, оқушылардың өз ықыласымен, қызыға жасайтын жұмыстарын беруі керек және сол тапсырмаларды істің тәсілін анықтай орындап, оның нәтижесін бағалап отыратын жұмыстар жүргізілуі керек. Оқушылар алған білімін практика жүзінде пайдаланса ғана білімді толық меңгерді деп қарастыруға болады. Бұл нәтижеге тек өзіндік жұмысты жүргізу арқылы ғана қол жеткізуге болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ю.К.Бабанский. Педагогика. М., 1983. 608-бет, 197-бет.
2. А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. А., 1992.
3. Ж.Н.Сүлейменова, А.Ә.Орынбаев, Ж.А.Әбітжанова. Қазақ тілін оқыту әдістемесінен қысқаша анықтағыш-сөздік. А., 2009, 180-181-б.
4. А.Туғанов, Э.А.Туғанова. Бастауыш мектептің оқу процесінде өзіндік жұмыс ұйымдастырудың дидактикалық негіздері. Жоғары оқу орындары аралық ғылыми еңбектер жинағы. А., 1999. 23-бет.
5. С.Р.Рахметова. Қазақ тілі методикасы.-Алматы, 1991.
6. И.И.Малкин. О классификации и рациональном сочетании видов самостоятельных работ учащихся на уроке. /Вопросы развития познавательной активности в самостоятельности школьников. Казань, 1966.
7. Т.С.Сабыров. Оқыту теориясының негіздері. А., 1993.

Мұғалімдерге көмек

**Майра ЖАҒЫПАРОВА,**  
**«Тұран» университетінің**  
**аға оқытушысы,**  
**педагогика ғылымдарының**  
**магистрі.**

## **КӨРКЕМ МӘТІН – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САБАҚТАРЫНДА**

Жоғары оқу орындарындағы қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда көркем мәтіндерді қолданудың орыны үлкен. Студенттердің өзіндік ізденіс дағдылары болғандықтан, мұндағы әдіс те ерекше. Қазақ әдебиетінен дидактикалық ұстанымдарға сай сұрыпталып таңдалған, оқу бағдарламасы тақырыптарымен байланысты, тілдік-рухани өнегесі бар мәтіндер үлгісін оқытушы студенттерге алдын ала СӨЖ аясында ұсынады. Бұлайша тиісті көркем мәтіндерді студенттердің алдын ала өз беттерінше танып білуі – олардың қазақ тілімен бетпе-бет табысуына, оны оқылым арқылы түсініп-біліп келуіне және жоспардағы көздеген сабаққа оқу нысанын қабылдау жағынан дайын болуына мүмкіндіктер туғызады. Бұл жағдайда көркем мәтіндер – сабақтың құралы қызметін атқарады, яғни, қазақ тілін үйрету құралына айналады. Сабақта талданылуы тиіс мәтіндерді студенттердің алдын ала СӨЖ арқылы зерттеп меңгеруі интерактивті оқытуды қолдану мүмкіндігін арттырады, қазақ тілінде сөйлеу белсенділігін күшейтеді. Осы орайда көркем мәтінмен жұмыс сабақтарының бірін ұсынғым келеді.

**Сабақ тақырыбы:** Көркем мәтінмен жұмыс сабағы (Бауыржан Момышұлына байланысты СӨЖ қорытып жинақтау).

**Сабақ мақсаты:** Көркем мәтіндер арқылы студенттердің қазақ тілінде байланыстырып сөйлеу бірліктерін арттыру.

**Сабақ міндеттері:**

**1. Танымдық:** 1) Көркем мәтін ретінде Бауыржан Момышұлының шығармалары және батыр-жазушы туралы жазылған шығармалары бойынша тұжырымдалатын Б.Момышұлының рухани-адамгершілік қасиеттері негізінде қазақ халқының қастерлейтін құндылықтарын студенттердің өз беттерінше танып-білуіне қол жеткізу.

2) Қазақ сөйлемдерінің құрылысы мен рухани қуаттылығын одан әрі танып-білу.

**2. Дамытушылық:** 1) көркем мәтіндер бойынша СӨЖ ұйымдастыру жолымен студенттердің шығармашылық талдау, жинақтау, тұжырымдау қабілеттерін дамыту.

2) қазақша тілдік орта құру негізінде студенттердің қазақ тіліндегі коммуникативтік дағдыларын дамыту.

**3. Тәрбиелік:** 1) Бауыржан Момышұлына байланысты студенттер бойында тұжырымдалатын отансүйгіштік, ұлтжандылық, рухани-адамгершілік сезімдерін қалыптастыруды одан әрі жалғастыру.

2) Бауыржан Момышұлы үлгісінде студенттерді қазақ тіліне деген қызығушылыққа одан әрі тәрбиелеу.

**Сабақтың типі:** СӨЖ арқылы студенттердің өз бетінше танып-білген материалдарын бекіту, жинақтау сабағы.

**Сабақтың түрі:** СӨЖ және интерактивті топтық жұмыс түріндегі сабақ.

**Сабақтың әдістері:** СӨЖ арқылы өз бетінше іздену, мәселе шешу, интерактивті оқыту әдісі, коммуникативтік әдіс, миға шабуыл түрлері, пікірталас, мәтіндік жұмыс әдісі, т.б.

**Сабақтың жабдығы:** көркем әдебиет, баспасөз материалдары, интерактивті тақта, дидактикалық таратпалы материалдар, суреттер, кітап көрмесі, т.б.

**Сабақтың барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі. Сабақтың мақсаты айқындалады.

2. Кіріспе кезеңі. Кіріспе кезеңінде осы берілген сабаққа алдын ала дайындық ретінде студенттерге СӨЖ аясында өз беттерінше оқып, танысып-біліп келу үшін тапсырылған көркем мәтіндермен жұмыс істеу үшін студенттер топтарға топталынады. Олар СӨЖ ретінде дайындап келген мәтіндермен топта жұмыс істейтін болады. Әрбір топқа тиісті жұмыстар тапсырылады, мақсат-міндеттері түсіндіріледі.

Студенттерге алдын ала берілген көркем мәтіндерді белгілі жазушы, халық батыры Бауыржан Момышұлының шығармаларынан үзінділер, батыр-жазушы туралы жазылған көркем мәтіндер құрайды. Олар:

1) Бауыржан Момышұлының «Ана тілінді ардақта» өлеңі; «Ұшқан ұя» повесінен үзінділер, нақылдары, өсиеттері, бата сөздері.

2) Бауыржан Момышұлының туғанына 100 жыл толуы мерейтойына орай Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың құттықтау хатының мәтіні.

3) Бауыржан Момышұлының шығармашылық, ерлік өмір деректері туралы бауыржантану материалдары.

Бұларды студенттер өз беттерінше оқып, СӨЖ ретінде біліп келетіндіктен оларды оқытушы қайта жаңғыртуды мақсат етпейді. Себебі бұларды меңгеру деңгейлері сабақ алдындағы дайындықта анықталады. Ендігі мақсат – сол материалдар бойынша әр топта студенттердің коммуникативтік бағыттағы тапсырмаларды орындауларына қол жеткізу.

Әрбір топқа тапсырмалар беру.

1-топ («Құттықтау» деп аталады) тапсырмалары: Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың құттықтауы бойынша жұмыс.

2-топ («Бауыржантану» деп аталады) тапсырмалары: Бауыржан Момышұлының өмірдеректері (Ә.Нұршайықовтың, З.Ахметованың мәтіндерінен үзінділер бойынша).

3-топ («Өсиет» деп аталады) тапсырмалары: Бауыржан Момышұлының бата-тілектері, нақыл сөздері, «Ана тілінді ардақта» өлеңі, «Ұшқан ұя» повесінен үзінді бойынша жұмыс.

Әрбір топ тапсырма алған соң, өз тапсырмаларын топ мүшелерінің белсенді қатысуымен орындап, төмендегідей желіде қорғайды.


1-топ («Құттықтау») қорғауы:

а) Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Құттықтау» сөзін қысқаша мазмұндап айтады.

ә) Сол үлгіде өз беттерінше Бауыржан Момышұлының мерейтойына құттықтау жазады (қысқаша).

2-топтың («Бауыржантану») өз бетінше қорғауы:

а) Ә.Нұршайықовтың батыр жазушының 100 жылдық мерейтойына арналған конференциясындағы сөзінің үлгісі бойынша құрылған сурет бойынша қысқа сипаттама беру:



ә) З.Ахметованың «Шуақты күндер» кітабынан үзіндіге сүйеніп, «Отбасымнан маған берілетін мұра» атты тақырыпқа эссе жазу.

«Атам мұқтаж кісіге үстіндегі жалғыз шапанын сыпырып бергенімен, туған баласына қатаң қырымен келетін. Әлдекімдерден оңбай «таяқ жеп, мұрыны қанап» жатса, «менсіз орыныңнан тұр да, әрі қарай өзіңе сеніп жүре бер» дейтін. Бізге келгендегі осы бір ымырасыздығы – ар, ұят дейтін ұғымдарды белінен басып өтпеуге, өз еңбегінсіз әке даңқына қол жүгіртпеуге берік баулығаны екен. Қатаң қарапайымдылық пен адал еңбекті меншігімізге мұра қып қалдырыпты» (З.Ахметова).

3-топтың («Өсиет») өз жұмысын қорғауы:

а) Бауыржан Момышұлының өлеңі бойынша дебат: топтағы әр оқушы өз пікірін айтады. Сөйтіп пікірталас барысында өз ойын қорғайды.

Б.Момышұлы 1944 жылы 15 ақпанда жазған «Ана тілін ардақта» деген өлеңінде былай дейді:

Көшеде бояу ерін сылқылдаған,  
 Былдырлап, орысшалап жырқылдаған.  
 Ұмытып ана тілін, салт-санасын,  
 Не қалды тілімізден жыртылмаған.  
 Отбасы түсініксіз жатқан былдыр,  
 Газетте қазақ сөзі аз, шылдыр-мылдыр.  
 Оқысаң алып кітап шым-шытырық,  
 Ойпырмау, сандырақ па, бұл не былжыр?  
 Ержеткендер сөйлейді орысшалап,  
 Кім отыр сөз құрылысын қынап-сынап?  
 «Мамасы» мен «папасы» шүршіт болып,  
 Күйдірді-ау шүршітшілеп бала жылап.

ә) Бауыржан Момышұлының өсиет сөздері бойынша «миға шабуыл» (немесе «түртіп алу» стратегиясы) ұйымдастырып, берілген кестені толтыру.

#### Өсиет

Ақыл айтар мезгілде  
 Мың жасаған шалдай бол.  
 Қатал болар мезгілде  
 Шатырлаған жайдай бол.  
 Мейірім түсер мезгілде  
 Ағарып атқан таңдай бол.  
 Жауды бөгер кезеңде  
 Көлденең жатқан ордай бол.

#### Нақыл сөздер

1. Қайратыңа әдісінді жолдас ет,  
 Әдісіңе ақылыңды жолдас ет.
2. Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет.  
 Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызмет ет.
3. Тізе бүгіп тірі жүргеннен,  
 Тіке тұрып өлген артық.
4. Тәртіп – тән үшін, ынтымақ – жан үшін керек.

5. Отан үшін отқа түс – күймейсің.

#### «Түртіп алу» стратегиясы.

Б.Момышұлының «бата», «өсиет», «нақыл», «мақал-мәтелдерінен» есінде қалғаны.	Мағынасын аш: <i>Тексізден тезек артық, Арсыздан айуан артық.</i>	+ - «мен үшін жаңа ақпарат»	? – «мені таң қалдырды»	V – «білемін»	-- «мен үшін түсініксіз»
--	---	-----------------------------	-------------------------	---------------	--------------------------

б) «Түсініктеме күнделігі» стратегиясы бойынша жұмыс орындайды, яғни, «Ұшқан ұя» повесінен үзіндіге өз пікірін қосып жазады.

#### «Түсініктеме күнделігі» стратегиясы.

Мәтіннен үзінділер	Өз пікіріңді қос
<p>Әкем маған ата-тегіміздің аты-жөнін үйретуші еді.                      –Кімнің баласысың? – деп сұрайтын ол.                      –Мен Момыштың ұлымын.                      –Момыш кімнің баласы?                      –Момыш – Имаштың баласы.                      Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады.                      Ал келген қонақ, ең алдымен, атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөнімдегі білімімді тексеретін.                      Елтанудың басы, ең алдымен, осылай басталатынын ол кезде кім білген. («Ұшқан ұя», 20-бет).</p>	

Топтардың жұмысы қорғалып, бағаланып болған соң, сабақтың қорытындысында жинақтаулар жасалады.

Аудиториядағы барлық студенттер интерактивті тақта бойынша:

1. Тестілер орындайды.

1) *Б.Момышұлының ерлігі жөнінде «Волоколамское шоссе» атты повесін жазған белгілі орыс жазушысы кім?*

- а) А.Александров;
- ә) А.Сужикова;

**б) А.Бек.**

Соғыс кезінде жеке басының қаһармандық ерлігімен және ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен ерекше көзге түседі. Бірнеше рет жау қоршауынан жауынгерлерін амансау алып шығады. Москва түбіндегі шайқастағы ерлігі сол кездің өзінде Одақ көлеміне аңыз болып жайылады. Бауыржанның осындай ерлігі жөнінде белгілі орыс жазушысы А.Бек «Волоколамское шоссе» (қазақшасы «Арпалыс») повесін жазды. Бұл шығарма кейін бірнеше тілге аударылды.

2) «Қазақфильм» түсірген «Ел басына күн туса» атты көркем фильм қай жылы түсірілді?

- а) 1954;
- ә) 1961;

**б) 1967.**

«Қазақфильм» түсірген көркем фильм – «Ел басына күн туса» 1967 жылы түсірілді.

3) *Қазақтың даңқты перзенті Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағы қашан берілді?*

- а) 1989;
- ә) 1990;**
- б) 1991.

1990 жылдың 12 желтоқсанында қазақтың даңқты перзенті Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

4) *Б.Момышұлының шығармаларынан тұратын нұсқасын тап?*

- а) «Аңыз бен Ақиқат», «Шуақты күндер».
- ә) «Волоколамск тас жолы», «Во имя отца».
- б) «Москва үшін шайқас», «Ұшқан ұя».**

5) «Наш Бауыржан» атты кітап жазған, майдандас досы болған белгілі жазушы кім?

**а) Д.Снегин;**

ә) И.В. Панфилов;

б) А.Бек.

Майдандас досы, белгілі жазушы Д.Снегин «Шалғай шепте», «Шабуылда», «Открытый всем» «Наш Бауыржан» деген кітаптар мен көптеген естелік мақалалар жазған.

2) Бауыржан Момышұлының өз шығармалары мен ол туралы жазылған кітаптардың атаулары мен авторлары интерактивті тақтаға түсіріліп, қорытылады. Студенттер жинақтап сөйлеуге үйренетін болады.

«Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан», «Майдандағы кездесулер», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Куба әсерлері», «Адам қайраты», «Елбасына күн туса».	«Аңыз бен Ақиқат» (Өзілхан Нұршайықов), «Волоколамск тас жолы» (Александр Бек), «Восхождение к отцу» (Бақытжан Момышұлы), «Во имя отца» (Бақытжан Момышұлы), «Сыновья великого полка» (Бақытжан Момышұлы), «Шуақты күндер» (Зейнеп Ахметова).
--	--

Сабақтағы тіл дамыту жұмыстарын одан әрі бекіту және дамыту мақсатында интерактивті тақтадан Бауыржан Момышұлының батасының үзіндісін бейнелеп, үйге тапсырма беріледі:

- 1) Б.Момышұлының батасын жаттап алу;
- 2) Баталарды жинап жазып келу;
- 3) Б.Момышұлы батасының мәнін өз сөздерімен түсіндіріп айта білу.

### **Бата.**

Иә, құдайым!

Тілегімді қабыл ет!

Иманымызды кәміл ет.

Парақор

бастықтан сақта,

Ынтымақсыз туыстан сақта,

Адамды қадірлемес есерден сақта,

Нанды басқан кесерден сақта,

Ұятсыз қызыңнан сақта,

Қайырымсыз ұлдан сақта,

Түнере атқан таңнан сақта,

Жаңбырсыз шаңнан сақта.

Еңбегіміз өнімді болсын,

Қамбамыз астыққа толсын,

Мал өріске толсын.

Ағаш берсең, жемісті ғып бер.

Жомарт болсаң, осы айтқандарымның

Бәрін үйіп-төгіп бір-ақ бер!

Рефлексия. Сабақта қол жеткен нәтижелерді әрбір студент өз ойынан, өз бойынан өткізіп, тұжырымға келеді.

Сабақ соңында қол жеткізілетін нәтиже:

Студент ой-қиялының дамуына, пікір айтуына еркіндік беріледі.

Өз өміріне, қоршаған ортаға сын көзбен қарауға үйренеді.

Өзгенің пікірін тыңдап, оған өз көзқарасын қоса білуге қалыптасады.

Шыншылдық, әділдікке дағдыланады.

Өзгенің пікірімен санасатын болады. Өз пікірін қорғай, дәлелдей алады.

Әр түрлі шығармашылық жұмыстарға, топпен жұмыс істеуге төселеді.

Жан дүниесін тәрбиелейді.

Қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын дамытады.

Сонымен, қорыта айтқанда, көркем мәтіндер арқылы қазақ тілінде сөйлей білуге үйрету – көптеген технологиялардың және коммуникативтік дұрыс бағытта қолданылса, оқытуды интерактивті әдісте жүзеге асыруға мүмкіндіктер арта түспек деген тұжырымға келеміз. Ол әрі СӨЖ-ді ағымдағы мақсат-міндеттермен үйлестіруге де қолайлы болып табылады.



**Мейрамгүл ТҰРСЫНОВА,**  
**№ 29 «Пальмира» орта мектебінің**  
**қазақ тілі пәнінің мұғалімі.**  
Семей қаласы.

## **САБАҚТЫ ДАМЫТА ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

Бүгінгі таңда өмірде болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғамның шығармашылық әрекет пен

шығармашыл тұлғаға мұқтаж екендігі дәлелденуде. Осыған орай, орта білім беретін мектептерге үлкен талап қойылуда. Дамыта оқыту үрдісінде оқушы оқу әрекетімен шұғылданып, теориялық ойлауға икемделеді, білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады.

Оқытудың, тәрбиелеудің мазмұнын қоғам дамуының қарышты қадамына сәйкестендіріп, оны шырқау биіктерге көтеруге бағытталған тың әдіс-тәсілдер жасалуда. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиісті деп танылған технологиялары дүниеге келді. Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой-өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілетін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Дамыта оқытуда оқушының ойлау, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік беріледі.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемдейді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болғанын қажет етеді. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда негізінен дамыта оқыту технологиясы басшылыққа алынады, себебі қазіргі оқулықтар дамыта оқыту технологиясы негізінде

жазылған. Сондықтан әрбір бастауыш сынып мұғалімі «ДАМЫТА ОҚЫТУ» технологиясындағы сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс-тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білуі тиіс.

«Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы – жаңарту үдерісі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны білдіреді.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру қажет. Дамыта оқыту – сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім – бұл жағдайда жаңа білім түсіндіріп тұрушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың зердесінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін балама жүйе деп қарастырылды. Соның нәтижесінде әр оқушы өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже береді.

Дәстүрлі және дамыта оқыту жүйелерінің негізгі белгілерінің салыстырмалы сипаттамасы.

Педагогикалық үдерісінің компоненттері.	Мазмұнындағы басымдылық.	
	Дәстүрлі иллюстрациялық түсіндірме әдісі.	Дамыта оқыту.
Мақсат.	Оқушыларды білім, билік, дағды қалыптастыру.	Байқампаздығын, ойлауын, практикалық әрекетін дамыту.



Бастапқы мазмұн.	Факторлар, мысалдар, такырыптар, дәлелдер.	Заңдылықтарды, теорияларды, ұғымдарды, ережелерді қорыту.
Оқытудың формалары.	Жеке, топтық, фронталді.	Бірлескен ұжымды іс-әрекет.
Оқыту әдістері.	Ауызша түсіндіру, көрнекілік, практикалық.	Проблемалық баяндау, ізденушілік, зерттеушілік, ойлау.
Бақылау, бағалау.	Оқытудың нәтижесін мұғалімнің бағалауы, бақылауы.	Өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, рефлексия.

Дәстүрлі оқыту жаттауға, есте сақтауға, ал дамыта оқыту дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйретеді.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білегін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады. 1. Оқу мақсаттарының қойылуы. 2. Оның шешу жолын бірлесе қарастыру. 3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу. Бұл үшеуі – дамыта оқытудың Д.Б.Элкониң, В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері. Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау,

сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үдерісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар әр уақытта дұрыс бола бермес. Дегенмен, әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор. Біріншіден, дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Екіншіден, дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып, өзінің санасының саңылауларын ашады. Үшіншіден, оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайышылықтарды шешу мақсатын қояды. Төртіншіден, дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жанаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді.

Дамыта оқыту жүйесіндегі сабақтардың типологиясы: оқу міндетін қою сабағы, модельдеу сабағы, түсінікті нақтылау сабағы, бағалау сабағы.

Дамыта оқыту белгілері:

1. Педагогикадағы түсіндірмелі-иллюстративті әдісті алмастырады. Бұл әдіс тұлға дамуымен тығыз байланысты.

2. Дамытудың барлық заңдылықтарын ескереді, жеке бастың өзіндік деңгейі мен ерекшелігіне сәйкестендіріледі.

3. Балаға іс-әрекеттің толыққанды субъектісі болып табылады.

4. Балаға қоршаған ортамен өзара қатынасқа түсетін дербес субъект рөлі беріледі.

5. Тұлғаның барлық қасиетін тұтас дамытуға негізделген.

6. Баланың жақын даму аймағында жүзеге асады.

Бастауыш білім беру деңгейінде қолданылатын оқыту технологиялары төмендегі негізгі талаптарға сәйкес болуы керек: оқу үрдісінде білім алушылардың өздерін еркін сезінуіне жағдай туғызу, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, күтілетін нәтижелерге жетуге талаптандыру, жеке басты дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану, өз бетімен жұмыс істеп, шешім қабылдауға мүмкіндік туғызу.

Дамыта оқыту технологиясының нәтижелері:

Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;

Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік береді;

Олардың әрқайсысының білім деңгейін анықтауға болады;

Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар;

Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;

Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;

Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады.

Осылайша, дамыта оқыту бойынша сабақ кезеңдерінде оқушылар сабақтың мақсат-міндетін өздері анықтайды, мәселені шешу жолын іздестіреді, жаңаны өздері табады, ақылдасады, кеңеседі. Аталған әрекеттері арқылы әр оқушының мәселені шешу, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасады. Құзыреттілік қалыптасуының келесі міндеті – әр сабақтың өмірлік жағдайлармен байланыстылығы. Бұл орайда құзыреттілікті қалыптастыруға бағдарланған тапсырмалар қолданылады.

Дамыта оқыту жүйесі бойынша сабақтарды даярлау және өткізе кезеңдері:

1. Әдістемелік іс-әрекет жағдайында мақсат пен міндеттерді меңгеруі: сабақтың мазмұны, оқу жағдайын ескеру; әдістемелік тәсілдерді қолдану;

2. Келесі сабақтың моделін жоспарлау: сабақтың негізгі мақсаттарын анықтау, сабақтың әр кезеңіндегі оқушының негізгі әрекет түрлерін анықтау; оқушы әрекетін ұйымдастыру әдіс-тәсілдерін таңдау;

3. Сабақты жүргізу: әр сабақтағы баланың іс-әрекетін ұйымдастыру; оқушымен жанама қарым-қатынас; жұмыс барысын бақылау жұмысы;

4. Рефлексия (сабақтың қорытынды бағасы): қойылған мақсатқа жету, тақырып бойынша өзгерістер енгізу; оқыту нәтижесін талдау (жетістіктер мен кемшіліктер).

Дамыта оқытуда мұғалімнің басты міндеті – оқу материалдарын оқушыға дайын күйінде көрсету емес, оқушымен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру.

Дамыта оқыту технологиясы – оқушы құзыреттілігін дамытуда аса маңызы бар технология.

## ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ – РӨЛДІК ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазақ тілінің мектепішілік бағдарламасы пәнді тәжірибеде меңгеруді қажет етеді. Бұл мақсат мұғалімнің оқытылатын тілді меңгеруін талап етеді. Оқытудың тиімді тәсілдерінің бірі – рөлдік ойындар. Рөлдік ойын – адамдардың шын тәжірибелік әрекетінің қатысушылармен келіскен көшірмесін дәл беру, нақты сөйлесудің жағдайын туғызады. Оқытудың тиімділігі, біріншіден, пәнге деген қызығушылықпен байланысты. Ойын белсендіреді, балалар бір-бірімен сөйлескенде тең сезінеді, оқушы мен мұғалім арасындағы кедергіні бұзады. Рөлдік ойындар жуас балаларға сөйлеуге мүмкіндік береді, өз-өзіне сенімсіздік кедергісін бұзады.

Рөлдік ойындарда барлық уақыт сөйлеу тәжірибесіне айналады, тек қана сөйлеуші емес, тыңдаушы да белсенді. Оқушылар белсенді жұмыс жасайды, бір-біріне көмектеседі, бір-бірін мұқият тыңдайды, мұғалім оқыту қызметін басқарады.

Рөлдік ойындардың мүмкіндіктері:

- 1) Сөйлеу моделі;
- 2) Мотивация тудырады;
- 3) Тілдік материалды меңгеруде ассоциативтік базаны кеңейтеді;
- 4) Оқу серіктестігін қалыптастырады;
- 5) Білім беру мағынасы бар.

Сонымен, рөлдік ойындардың тәжірибелік, білім беру, тәрбиелік қатынастарда үлкен мүмкіндіктері бар.

Рөлдік ойындар – сабақта оқыту қызметінің ұжымдық ұйымдастыру формасы, білім, білік дағдыларын дамыту және қалыптастыру мақсаты бар.

Рөлдік ойындардың функциялары.

Оқушыларға рөлдік ойындар – тек ойын, оқытуды оқушылар сезбейді. Ал мұғалім үшін ойынның мақсаты: оқушылардың сөйлеу дағдылары мен біліктерін дамыту және қалыптастыру.

1) Рөлдік ойындар жеке тұлғаның қарым-қатынастарында құрастырылады, сондықтан *уәжді, ойды оятатын қызмет атқарады.*

2) Рөлдік ойынды оқыту ойындарын жатқызуға болады, сондықтан олар *оқыту қызметін атқарады.*

3) Ойын ұжымды біріктіреді, ұялшақ, жасқаншақ оқушыларды белсендіреді. Рөлдік ойындарда тәртіп, еңбексүйгіштік, бір-біріне көмек, жасөспірім белсенділігі тәрбиеленеді, сондықтан рөлдік ойындар *тәрбиелік қызмет атқарады.*

4) Рөлдік ойындар өз қылықтарын бақылау және басқалардың қылықтарын бағалай білуге үйретеді, сондықтан *бағдарлау қызметін атқарады.*

5) Рөлдік ойындар *өтемдеуіш қызмет атқарады.*

Жас кезеңіне қарай рөлдік ойындардың түрлері.

Рөлдік ойын тәжірибелік қазақ тілін үйрету белсенді топ жолының әдістемелік тәсілдеріне жатады. Бұл тәсілді оқыту үдерісіне енгізу сөйлесу тіліне үйрету және өз ойын айта білуге мүмкіндік туғызады.

Бастауыш сынып оқушыларына ертегі мазмұны бар, сюжеттік рөлдік ойын қолдану дұрыс. Бастауыш сынып оқушылары ойынды ертегі ретінде қабылдайды.

Ойыншылары қызығушылықпен ойнайды, жүрісін, дауысын өзгертеді.

Орта буын оқушыларына тұрмыстық мазмұны бар, сюжеттік рөлдік ойындар келеді, себебі оқушының өмірін жан-жақты көрсетеді (оқу, бос уақыт, еңбек), шын өмір тәжірибесінен фрагменттерді елестетеді.

Жоғары буын оқушыларында ойын жағдаяттарының мағынасы жоғары болады, оқушылардың қоршаған орта туралы көріністерін кеңейтеді, ойын қатысушыларды болашақ әлеуметтік рөлге дайындайды.

Сонымен, рөлдік ойындарды әр түрлі кезеңде оқушының жас ерекшелігіне қарай қолдануға болады. Жас ерекшелігін ескере отырып, рөлдік ойындарды қолдану оқу, тәрбие және білім беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

Рөлдік ойындардың үлгілері.

Өз тәжірибемде 2-сыныпта келесі рөлдік ойындарды қолданамын.

Мысалы:

1. «Дүкенде» рөлдік ойынын «Оқу құралдары», «Жеміс-жидек, көкөніс», «Азық-түлік» және т.б. тақырыптар бойынша қолдануға болады. Ойын сахналады.

Мақсаты: лексикалық минимумды меңгеру, қазіргі қоғамда нақты сөйлесу, білім, білік дағдыларын дамыту және қалыптастыру, сұрақты дұрыс қою және сұраққа дұрыс жауап беру дағдыларын жетілдіру, сахналық образ арқылы пәнге қызығушылықтарын дамыту.

Ойын кейіпкерлері: сатушы және сатып алушылар.

2. «Ауылда», «Қалада», «Саябақта» тақырыптары бойынша рөлдік ойын-саяхат.

3. «Менің отбасым» рөлдік ойыны. Отбасы мүшелерімен таныстыру.

4. «Бағдаршам» рөлдік ойыны. Жол жүру ережесімен таныстыру.

Жоғары сыныптарда бағдарлама тақырыптарына сәйкес келесі рөлдік ойындарды қолдандым:

10-сынып:

1. «Салт-дәстүрлер» тақырыбы. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін өтіп болған соң, балалар алдын ала дайындалып жүреді. Сынақ сабағында сынып топтарға бөлініп, ұнатқан салт-дәстүрді сахналандырады.

2. «Біз қонақ күтеміз» ойыны. Жұппен жұмыс, сөйлесім құрастыру. Келесі сұрақтарға жауап: - Ұлттық тағамдарды білесің бе? Қандай?

- қонақты қалай қарсы аласың?

- отбасының қонақжайлылығы;

- мейрамханаға тапсырыс беру және т.б.

3. «Менің отбасым: отбасы бюджеті» ойыны. Әр топ – отбасы: отбасындағы қарым-қатынастар, отбасындағы міндеттер, еңбекақы, отбасы бюджеті ойында көрсетілуі қажет.

Қорыта келгенде, рөлдік ойын- болашағы бар оқыту тәсілі, себебі:

- сабақта қолайлы психологиялық жағдай тудырады;

- оқушыларды белсендіреді және қызығушылықтарын арттырады;

- бар білімдерін, тәжірибелерін және әр түрлі жағдайларда сөйлесу дағдыларын қолдануға мүмкіндік береді.

Сондықтан, рөлдік ойындарды сабақта қолдану оқу үдерісінің тиімділігін арттырады, оқушылардың қызығушылықтарын оқытудың барлық кезеңдерінде сақтауға көмектеседі.

**Жұмабаға ҚОЖАҒҰЛОВА,**  
**«ШҚО Семей қаласы**  
**білім бөлімі» ММ**  
**«№20 жалпы орта білім**  
**беретін дамыта оқыту мектебі»**  
**коммуналдық мемлекеттік**  
**мекемесінің қазақ тілі мен**  
**әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

## **САБАҚТА – ОҚЫТУДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ӘДІСТЕРІ**

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның ұлттық дүниетанымын қалыптастыру, сол арқылы оқушының рухани жан-дүниесінің баюына, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігі, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. ХХІ ғасырдың іскер азаматы – бәсекеге қабілетті, ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, адаммен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санаса алатын, кез келген нәрсені істеп шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда өз орыны бар жеке тұлға деп білуіміз керек.


Мұғалім – мектептегі басты тұлға. Ол өз ісімен өзгеге үлгі болып, жетекші болады. Білімі терең, әдістемелік шеберлігі мол, мақсаты айқын, үнемі ізденіс үстінде жүреді.

Тұлғаның тірек құзырлылықтарының бірі ретінде танылып отырған коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру оның тілдік білімін тереңдетумен қатар сөйлеу біліктілігін де жетілдіреді.

Тіл – құрылымдық жүйе, ал сөйлеу – оның сыртқы көрінісі. Белгілі бір тілді меңгеру – сол тіл, тілдің құрылымдық жүйесін меңгеру болып табылады.

«Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» - қол жеткізу, сәйкес келу сөзінен шыққан) – оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі, қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Егер оқушы сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе алса, коммуникативтік құзыреттілікті меңгергені.

Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, білу – қазіргі таңдағы басты мәселе. Сабақта бұл мәселені шешу жолдарының бірі – әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологияларды енгізу. Қазір технологиялардың түрлері өте көп. Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, лексикалық және грамматикалық тақырыптарды меңгеру – күрделі жұмыс. Сондықтан басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту, ауызекі сөйлеуге үйрету – қиын да қызық жұмыс. Сол қиындықтарды жеңілдету үшін сызбаларды қолдану арқылы төмендегі әдістерді дамытуға мүмкіндік туғызамыз.



Біз өз тәжірибемізде, көбінесе, оқушылармен бірлесіп, ұйымдасып, топтасып жұмыс істеуіне көңіл бөлеміз. Оқушы бірлесіп үйретуде кішігірім топтармен, жұппен жұмысқа, ортақ мәселелерді талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында, жаңалықтар ашу барысында жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды кесте арқылы көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады.

Бірлесіп жұмыс атқарғанда мына жағдайлар еске ұсталынғанына көзіміз жетті:

1) оқушылар бір-біріне бірдей бағынышта, сыйластықта болды;

2) жауапкершіліктері артты;

3) топқа бөлгенде оқушылардың ойлау мүмкіндіктері ескерілді;

4) топта барлық мүшелердің бір-бірін тыңдау, күту шыдамдылығы, кезектесіп сөйлеу дағдылары қалыптасады;

5) мұғалімнің, оқушылардың топ ішінде сөйлеуін бақылау және қажет кезде кірісіп сөйлеп кету еркіндігі тең дәрежеде болды;

6) топта бірлесіп жұмыс істеп үйренген оқушылардың білімдері нәтижелі шыңдалды;

7) оқушының, ең алдымен, есте ұстау қабілеті жоғарылады;

8) жиі-жиі талқылау жасау және терең түсінік пен ойлаудың дамуы арқылы оқушының сөйлеу дағдылары дамыды;

9) жұмыс кезінде топ мүшелерінің қабілетіне, олардың бір-біріне дұрыс көзқараспен қарап, ойларын құрметтеуге машықтанды;

10) бір-біріне көмектесіп, ойларын ортаға салып,

өздерінің білім алуын көтермеледі;

11) оқуға, жазуға, тыңдауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктерін беретін ортада оқушы өз пікірін, білімін, бар жігерін жеткізді.

Осындай сабақтарда мұғалім тек ұйымдастырушы, бағыттаушы, сараптаушы ретінде көрініп, бар жауапкершілікті оқушылардың өз тізгіндеріне беріп, үлкен жауапкершілікті сезінтеді.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда диалогтік тіл оқу үрдісіндегі қарым-қатынаста алдыңғы орын алады: ол – оқытудың негізгі мақсаттарының бірі және оның маңызды құралы деп санаймын.

Диалог – екі жақты құбылыс. Қарым-қатынаста көзделетін мақсатқа орай диалогтың өзіндік әр түрлі ерекшеліктері болады:

күнделікті тұрмысқа байланыстылығы;

ресми қарым-қатынасқа құрылуы;

ым-ишараттың, дене қимылының белсенділігі;

эмоционалды-экспрессивтілігі, әсерлілігі;

сөйлемдердің ықшамдалуы;

сөйлейтін сөздің алдын ала жоспарланбауы;

ауызекі стил ерекшеліктерінің басым болуы.

Оқу бағдарламасында коммуникативтік құзырет деңгейіндегі диалогқа қойылатын талаптар тұрғысынан белгіленгені: сөйлеу мәдениетін игеру, өзінің сөзін, ойын жалғастыра алу; экология, тарих, өз қаласы, мәдениет тақырыптары, белгілі адамдар туралы сөйлесе алу; айтылған әңгіме, оқылған мәтін, кітап, өнер, кино туралы өз ойын білдіру.

Диалог репликалардан құралады, оның бәрі – сөйлеуге уәж жасайтыны, екіншісі – жауап ретіндегі реакция-реплика. Диалогта ой ауысып отыратыны белгілі,

сондықтан әңгімелесушілер бір-бірімен ақпарат ауысып отырады. Алғашқы сөйлеуші әңгіменің басталуына түрткі болады, адресатты әңгімелесуге шақырады (сұрайды, бұйырады, келіседі, келіспейді, өтінеді, т.б.).

Оқушылардың тілінде болатын фонетикалық, т.б. қателер диалогта кездесетіні байқалады, сондықтан тілдік жағынан диалогтің дұрыс құрылуына баса мән беріледі.

Күнделікті сабақта жаңа материалдарды оқытқанда және бекіту кезінде, жаттығуларды ұйымдастыруда, оқығанды және тыңдағанды тексеру үшін диалогтік әдісті қолданамын. Осының бәрін әңгіме түрінде іске асырып отырамын. Әңгімелесе білу диалогтік тілді үйретуде соңғы нәтижеге жететін біліктілік болып табылады.

Диалогтік әдісті қолдана отырып, оқушылардың сұрақтарды, өтінішті, таңдануды, бұйыруды қолданып, бір-бірімен әңгімелесе білуге, мәліметтерді нақтылауды сұрауға, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білуге дағдыландырамыз. Әр түрлі типтегі кішігірім диалогтар құрастыруды тапсырамын. Біліктіліктерді жетілдіру мен дамытуды оқушылардың еркіндігін сақтау жолымен жүргіземіз.

Тілдік міндет пен жағдаятқа сәйкес оқушылардың еркін түрде тілдік қарым-қатынастарын дамытуда рөлдік ойынның алатын орыны ерекше деп есептейміз.

Осы жағдаятты ұйымдастыру кезінде оқушылардың диалогтік тілдерінің даму деңгейі бағалау кезінде жақсы нәтижені көрсетті.

Оқушылардың диалогтік ортасын құруда кесте мазмұнының да алатын орыны ерекше. Кестедегі түйін сөздердің көмегімен оқушы сұрақ қою арқылы диалогтік ортаға енеді. Осы жұмыстар нәтижесінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасады.

**Күлкен ЖОЛДАСБЕКОВА,**  
**Павлодар қаласындағы**  
**№11 модульдік үлгідегі**  
**жалпы орта білім беру**  
**бейіндік мектебінің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫН ОЙЫН ТҮРЛЕРІ ҚҰЛПЫРТАДЫ**

Қазақ тілі сабағындағы көзделген мақсат – оқушыларға дәріс кезінде білген сөздерін ауызекі сөйлеуде, сөйлем құрамында дұрыс қолдана білуге үйрету. Ол үшін сабақта сергіту жаттығуларымен қатар жаңа тақырыпты меңгерту, өткенді пысықтау мақсатында білімді ойынмен ұштастырып, ойын түрлерін қолдану тиімді.

Ойын дегеніміз – баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар.

Ойын элементтерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін, танымдық белсенділігін арттырады, алғырлықты, тапқырлықты, логикалық ойды дамытады.

Ойын сабақтың басында өткен тақырыпты еске түсіреді. Сабақтың ортасында көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады. Сабақтың соңында тақырыпты бекіту, сабақта алған білімдерін жинақтау мақсатын көздейді.

«Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе», - деп М.Жұмабаев атап көрсеткендей, оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі сабағында орынды қолданылған ойын элементтері оқушылардың ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеріп, іскерліктерін шыңдауға өз септігін

тигізеді.

### «Сөз табу» ойыны

Басы – **қ** әріпінен басталып, аяғы – **а** әріпіне аяқталатын сөздерді жазу керек. Әріп саны әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы:

Қара құла қала қора құра

Осы сияқты сөздің бас әріпі мен соңғы әріпін беріп, сөздер жаздыруға болады. Ең көп сөз жазған оқушы жеңеді.

### «Жадына сақта» ойыны

Тақтаға немесе плакатқа жазылған 10 -12 сөз оқушылар назарына көрсетіледі.

2-3 минут өткеннен кейін тақтадағы сөздер өшіріледі. Оқушылар есінде қалған сөздерді дәптерлеріне жазу керек. Сөздерді дұрыс, нақты (10 сөз) жазған оқушы жеңеді.

### «Жұбын тап» ойыны

(«Мақал-мәтел» тақырыбында қолданылады)

Әр түрлі қағаздарда мақалдар беріледі. Мақалдың сыңарлары екі қағазда болады. Ойыншы сол мақалдарды белгілі уақыт ішінде жұптастыру керек немесе аралас сөздерден мақал құрастыру керек. Дәл сол сияқты тұрақты тіркес пен оның мағынасын жұптастыруға болады. Дәл, нақты, дұрыс жауап берген ойыншы жеңімпаз атанады.

### «Суреттерді сөйлет» ойыны

Интерактивті тақтадан мазмұнды 2-3 суреттер көрсетіледі. Оқушылар суреттер бойынша топ-топпен 8-10 сөйлем көлемінде мәтін құрастырады. Берілген тақырып бойынша хат, эссе, ой-толғау құрастырып жазуға болады.

### «Мамандықтар» ойыны

Ойын мазмұны: power point-та мамандықтар суреттері

беріледі. Олар 3 топқа бөлінген. Ойыншы солардың бірін таңдау керек. Суреттер кезек-кезек шығып тұрады. Әр сурет шыққан соң, оқушы 3 секундтың ішінде оның кім екенін айту керек. 3 секундтан кейін суреттегі мамандықтың аты өздігінен шығады. Егер ойыншы мен суреттегі мамандықтың аты сәйкес келсе, ойыншыға бір ұпай жазылады. Осылайша көп ұпай жинаған ойыншыға сыйлық беріледі.

### «Вагон құрастыру» ойыны

Әр топқа бірнеше вагондар беріледі. Әр балаға – бір вагоннан. Вагонның ішкі жағындағы тапсырманы орындаған оқушы вагонды ретімен тақтаға келіп іледі. Қай топтың вагондары алдымен құрастырылса, сол топ жеңіске жетеді.

### «Көкпар» ойыны

Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Ойынды көкпар алуға тырысатындай етіп, жарыс түрінде өткізу керек. Әр топтан бір-бір ойыншыдан шығып, «Қоржыннан» асық алып, нөмірі оқылып, сол нөмірдегі конверт ашылып, ішіндегі жұмбақ оқылады.

#### Білім сайысы:

1. Ең терең көл (Байкал).
2. Ең ірі планета (Юпитер).
3. Жылқы қанша жасайды? (30 жас).
4. Ұшпайтын ең үлкен құс (Страус).

#### Жұмбақтар:

Тілі жоқ, ақыл-кеңес береді (Кітап).  
Қолы, қаламы жоқ, бірақ сурет салады (Аяз).

**Синонимдер.** Әр жолдан бір-біріне мағынасы жақын сөздерді тауып, астын сызыңыз.

1. Күн, сәуле, нұр, ай.
2. Шұғылдану, орналасу, ұсыну, айналысу.



3. Той, мереке, мейрам, жиналыс.

**Антонимдер:** Әр жолдан бір-біріне мағынасы қарама-қарсы сөздерді табыңыз.

1. Көлденең, ұзын, дөңгелек, қысқа.
2. Алыс, ерте, жіңішке, жақын.

**Артық сөзді тап:** Мағынасы жағынан сәйкес келмейтін артық сөзді тап.

1. Жылқы, сиыр, аю, қой.
2. Түлкі, қасқыр, түйе, жолбарыс.

#### «Бір сөзбен айт» ойыны

Әр топқа 6 парақ беріледі. Парақтарда оқу құралдары, мамандықтар, жемістер, үй жануарлары, азық-түліктер, дене мүшелері, көкөністер, түстер, киімдер, отбасы мүшелері деген сөздер жазылған. Оқушы қолына тиген парақтағы сөзді оқып, сол сөзге қатысты бірнеше сөз айту керек.

**I топ.** Оқу құралдары - дәптер, өшіргіш, қалам, күнделік, сызғыш.

Пәндер – тарих, қазақ тілі, ағылшын тілі, дүниетану.

Мамандықтар – инженер, дәрігер, суретші, жазушы.

Азық-түліктер – қант, нан, айран, сүзбе, кәмпіт.

#### II топ.

Отбасы мүшелері – бауыр, әже, әке, ана, аға, ата, сіңлі. Көкөністер – қызанақ, орамжапырақ, пияз, қияр.

Аңдар – қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, кірпі.

Киімдер – көйлек, жейде, шалбар, құлақшын.

Қазақ тілінде ойын элементтерін енгізудің маңызы зор. Ол оқушының шығармашылық қабілетін, сабақта белсенділігін арттырады, қазақ тіліне деген қызығушылығын оятып, білімін молайта түсуіне әсерін тигізеді.

**Қазбек ӘБЕНОВ,**  
Ақмола облысының  
Степногорск қаласындағы  
Бестөбе кентінің  
№1 орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ДИАЛОГТІК ОҚИТУ ТИІМДІЛІГІ

Сілтеме.	Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. 42-бет.
Жалпы мақсаты.	Диалогтік оқыту оқу үдерісінде көмек көрсетуге арналған тиімді педагогикалық құрал ретінде қолдануды зерделеу.
Оқу нәтижелері.	Мұғалімдер диалогтік оқыту тәсілін жетік меңгереді, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Сабақ беру әдісі өзгереді. Оқушылар ізденуге үйренеді.
Сергіту сәті.	«Мақсатқа жету».
Түйінді идеялар.	1) Оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру. 2) Топпен, жұппен, жеке жұмысқа жұмылдыру.
Жаттығулар.	Топтар диалогтік оқытуға байланысты постер қорғайды.

Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл.	Бейнетаспадағы көрсетілімнен кейін топтар бірлесе жұмыс жасайды, талдайды, қорытады, қорғайды.
Сабақта қолданылған материалдар.	Флипчарттар, фламастерлер, бейнежазба.
Бағалау.	Топ мүшелеріне бағалау парақтары таратылады (7 сұрақ).

**Сабақтың барысы:** Коучинг сабағына ұлы ойшыл Конфуцийдің «Маған айтсаң – ұмытып қаламын, көрсетсең – есімде қалар, ал, өзім істесем – үйреніп аламын» сөзін ұран етіп алып, тақтаға іліп қоямын.

– Құрметті әріптестер, сөзімді Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзімен бастайын. «Қазіргі заманда жастарға жаңа технологиялар негізінде әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп айтып өткеніндей, жас ұрпаққа білім беру жолында, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану мен олардың тиімділігін арттырудың маңызы зор.

– Ендеше, Кембридж университетінде бекітіліп берілген 7 модульдің бірі – «Оқыту және оқудағы жаңа тәсілдер»модулі, оның ішінде «диалогтік оқыту» тәсілін, басқа да модульдерді ішінара қатыстырып, ықпалдастыра отырып сабағымызға кірісейік. Сабағымызды бастамас бұрын біздер топқа бөлініп алайық. (Мұғалімдерді түрлі-түсті қаламсаптар арқылы бөліп аламын, 10 минут).

1) **Топтар ереже** құрып, толықтырып, тақтаға іліп қояды (10 минут).

**Сергіту сәті** (Мақсатқа жету, 7 минут). **Слайд** көрсетіледі/диалогтік оқыту, 10 минут).

**Диалогтік оқытуға қысқаша шолу:** - Құрметті әріптестер, дарынды және талантты оқушылар біртекті топ болып табылмайды, олардың әрқайсысы ерекше қасиетке ие екенін есте ұстау керек. Дегенмен, топ жағдайында дарынды және талантты оқушылар санатын қарастыру кезінде бірқатар ортақ сипаттамаларды көруге болады. Кейбір оқушылар бірқатар салада осындай қасиеттердің бар екендігін көрсете біледі, ал осы кезде басқалары – тек бір ғана салада көрсете алады.

Дарынды және талантты оқушылар кең өрісті қабілетке ие: олардың кейбірі, мәселен, ғылым мен техника саласындағы ерекше қабілетін көрсете алуы мүмкін, ал кейбіреулері өнерде немесе поэзияда, қоғамдық көшбасшылықта көрінер.

2) **Постер қорғау** (диалогтік оқыту). Топтар топпен жасаған жұмыстарын тақтаға шығып қорғайды, қойылған сұрақтарға жауап береді (20 минут).

**Сергіту сәті:** «Сергіту тренингі» (7 минут).

**Бағалау:** Мұғалімдер таратылған бағалау парақтарында берілген сұрақтарға жауап береді (5 минут).

**Стикер жазу.** «Екі жұлдыз, бір тілек» (5 минут).

**Бимария ҚҰЛМАҒАМБЕТОВА,**  
Л.Н. Толстой атындағы  
№ 4 гимназия-мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Ақмола облысы,  
Степногорск қаласы.

## МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫ

**Сабақтың мақсаты:** Махамбет жырларындағы Исатайдың бейнесін тану, оның жалынды жырларын терең түсініп оқу, идеялық мазмұнын ашу.

**Міндеттері:** тапсырмалар, мысалдар арқылы оқушының тілі мен ойын дамыту. Ақын шығармаларының негізінде оқушы бойында адамгершілік және отансүйгіштік рух тәрбиелеуге ықпал ету.

**Түрі:** кіріккен интеграциялық сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** баяндау, мәнерлеп оқу, көрнекілік қолдану. **Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі. **Көрнекілігі:** ақын портреті, суреттер, қосымша материалдар, тірек-сызба, кесте, интерактивті такта.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Сабақтың мақсатын айту. Сабақты жақсы, жылы тілектермен бастау.
3. Мұғалімнің кіріспе сөзі:

*«Сөйлесе семсер сөзге үйір ақын,  
Отты жыр нөсер болып құйылатын.  
Исатай хан алдына барар шақта –  
Найза тіл – Махамбетке сиынатын.  
Найзағай сөйлеп кетсе жүйелетіп,  
Сөз таппай ханың түгіл, би өлетін!»*– деп ақын көп өлеңдер жырлады. Ақынның өлең жырлары ел есінде қалып, жатталып, қанатты сөзге айналды.

*Ақ жұмыртқа, сары уыз,  
Әлпештеп қолда өсірген.  
Туған ұлдан не пайда,  
Қолына найза алмаса,  
Атаның жолын қумаса?!*

Исатай мен Махамбет бірге жүрді. Исатай – қол бастаған көсем болса, Махамбет – шаруалардың семсері болды. Исатай – өткір найза болса, Махамбет – алмас қылыш болды. Исатай – басшы, Махамбет – қосшы болды.

Венн диаграммасы:

Исатай: көсем, басшы, өткір найза.

Махамбет: батыр, семсер, алмас қылыш, қосшы.

Ортақ қасиеттері: ақылды, ер жүрек, қорғаушы, батыр.

4. Махамбет поэзиясы – ерлік пен азаттық поэзиясы. Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы әділдік үшін күрес, бостандық, отаршылдық жүйеге қарсылық болып келеді.

Махамбеттің жырлары қазақтың мол өлең қазынасында тек сұлулығымен ғана емес, қызулығымен, қиып түсер өткірлігімен ерекшеленеді. Халықтың азаттығы, теңдігі жолында ақ найзасымен де, азат асқақ жырымен де қызмет еткен, осы жолда қасық қанын қиған М.Өтемісұлы болды.

Махамбет өз ортасынан ой санасы озық орыс мәдениетімен таныс болғаны белгілі. Атақты орыс тілінің түсіндірме сөздігінің авторы В.И. Дальмен жақсы таныс болған. Ол орыстың саяхатшы ғалымдарымен араласқан.

Махамбет – асыл сөздің кені, көркем тілдің ұстасы, ерлікке үндейтін жалынды үгітші.

Қазақтың ұлы ақыны, қырдың ақсүйек серісі – Махамбет Өтемісұлы қазақ халқының мәңгі есінде қалды.

5. Қазақ халқының белгілі жазушылары мен ғалымдары да Махамбет туралы былай деген екен:

«Махамбет қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі саналуға тиіс... Махамбет жырлары – өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөзі, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман-талабы... Бүкіл XIX ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей жырлаған ақын болған емес».

Атақты әдебиетші ғалым З.Қабдолов: «... Абайдан кейінгілерді былай қойғанда, Абайға дейінгі қазақ поэзиясында бұдан асқан ақын жоқ...» деп Махамбетті Абай сынды бүкіл қазақ халқының абыройы екенін атап көрсеткен.

6. Мұғалім: – Махамбет өлеңдеріне талдау жасайық. Қандай өлеңдері бар?

«Ереуіл атқа ер салмай» өлеңі. (Мәнерлеп бір оқушы, өлеңді жатқа бір оқушы, шығу тарихын бір оқушы айтып береді).

– Балалар, батырлар қандай болуы керек? (жігерлі, ақылды, табанды, төзімді, аштыққа шыдайтын).

7. Махамбеттің келесі бір өлеңі – «Соғыс». Өлеңді мәнерлеп оқимыз. Өлеңде Тастөбедегі ұрыс суреттеледі.

а. Сөздік жұмысы.

ә. Тапсырма.

б. Исатайдың ұрыстағы ерлігін өлең жолдарынан тауып оқимыз.

в. Өлеңнен тәуелдік жалғаулы зат есімдерді тауып талдаймыз.

г. *Собираются повстанцы*

*В урочище Бекетай,*

*Выступают против хана,*

*С кличем рода «Агатай».*

8. «Нарында» өлеңі (өлеңнің шығу тарихын бір оқушы айтады, мәнерлеп оқып береді, жатқа бір оқушы оқиды).

а. Орысша берілген нұсқасымен салыстыру.

*Тоска по Нарыну*

*Я напрасно бросил навек,*

*Моя Родина, твой простор,*

*Ширь твоих, о Нарын, степей.*

*Их покинуть – смерти острей!*

*Мои сверстники! Вам укор.*

*Вы не вняли речи моей!*

*Мое дело распалось в прах,*

*Я смотрю на Яик с тоской.*

*О, когда же я буду в степях,*

*Там за синей его волной?....*

ә. Тапсырмалар:

Ақынның елге деген сағынышы қай жолдарда берілген?

Туған жерінің кереметтілігін кім тауып оқиды?

«Ондай қоныс маған жоқ,  
Құдайым қылды, амал жоқ» деген өлең жолдарынан ақынның қандай көңіл-күйде болғанын білеміз (сағыныш, толқу, өкініш, жаман көңіл-күй).

Только это не жизнь, а смерть,  
Вот к чему судьба привела.

9. Өздеріңнің туған жерлеріңе деген сезімдеріңді қалай білдіресіңдер?

– Менің туған жерім – Қазақстан, Ақмола облысы, Степногорск қаласы. Менің ата-анам да осы жерде туған. Маған менің туған жерім достарыммен, суық қысы, жылы жазымен, кең даласы мен еліміздің тыныштығымен қымбат! Қайда жүрсем де туған жерімді ұмытпаймын! Атамекенім – алтын бесігім.

10. Туған жер, атамекен туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

(Мақал-мәтелдер).

11. «Қызғыш құс» өлеңі. Исатайдан айырылып, арманы орындалмай, үміті үзілген кездегі ақынның көңіл-күйі «Қызғыш құс» өлеңінде ерекше берілген.

а. Өлеңді мәнерлеп оқу, орысша аудармасымен танысу.

*Чибис птица*

*Ау, чибис птица, чибис птица,*

*Крепки твои крылья, да шейка слаба,*

*С одиночеством пришлось подружиться,*

*Когда лютая взяла судьба.*

*Ау, чибис птица,*

*Охранял я родной народ –*

*С народом меня разлучили.*

*Ты охраняла прохладу вод –*

*С озером тебя разлучили...*

*По небу летишь ты, чибис птица,*

*С озером тебя разлучили*

*Налеты коршуна злого.....*

ә. Сөздермен танысу.

б. Сұрақтармен жұмыс: Ақын неге өлеңін қызғыш құсқа арнаған?

(Махамбет өзін құспен салыстырады. Аспанда ұшқан құс көлінен айырылды, ал Махамбет елінен, Исатайдан айырылып, жалғыз қалды.)

12. Өлеңдер мазмұны бойынша Исатай мен Махамбеттің сөзбен өрнектелген портретін жасаймыз. Сызба арқылы көрсетейік. Тақтада берілген сызбаға кезекпен шығып жазамыз.

Өлеңнің атауы: «Ереуіл атқа ер салмай», «Соғыс», «Нарында», «Құзғыш құс».

Исатайдың бейнесі – көсем, батыр, басшы, жылқы, арғымақ;

Махамбеттің бейнесі – дауылпаз ақын, қорғаушы, жалынды жыршы;

Мен қандай әсерде болдым? – жақсы; қобалжуда; түсінікті;

13. Хрестоматиямен жұмыс (15-бет) –

«Исатай деген ағам бар».

Тапсырма (Дәптермен жұмыс):

1. Өлеңнен негізгі ойды көрсететін сөз тіркесін жаз;

2. Таныс емес жаңа сөз;

3. Таныс емес мәлімет;

4. Басты тақырыбы;

5. Қорытынды.

14. Махамбеттің күйлері:

«Шілтерлі терезе»,  
«Мінгені Исатайдың Ақтабаны-ай»,  
«Жайық асу»,  
«Қиыл қырғыны»,  
«Жұмыр, Қылыш» (күйін тыңдау),  
«Қайран Нарын»,  
«Өкініш»,  
«Жауға шапқан»,  
«Жорық»,  
«Арысымнан айырылдым».

15. «Мұнар күн» өлеңі бойынша тест жұмысы.

10 сұрақ.

1. Бұлттан шыққан қандай күн?

- а. Мұнар;            ә. Шұбар;  
б. Тайған;        в. Шөккен;  
г. Шыққан.

2. Қатарланған қандай нар?

- а. Шұбар;            ә. Қара;  
б. Сұр;                в. Бура;  
г. Мұзды.

3. Сандық толы....

- а. Су;                    ә. Салған күн;  
б. Сары алтын;      в. Байтақ жер;  
г. Арқан.

4. Желпілдеген не?

- а. Сары ту;            ә. Шұбар ту;  
б. Ала ту;             в. Қызыл ту;  
г. Көк ту.

5. Қалай соққан күн?

- а. Желпілдеп;      ә. Теріс;  
б. Жиырылып;     в. Теріскей дауыл;

г. Зымырандай.

6. Не жығылды?

- а. Құба арлан;            ә. Төбет;  
б. Құлаша ат;            в. Дұшпан;  
г. Хас бәйтерек.

7. Өлеңдегі «дұшпан» сөзінің антонимін табыңыз.

- а. Көңіл;                ә. Төбет;  
б. Бәйтерек;            в. Дос;  
г. Қас.

8. «Байлық» сөзінің синонимін табыңыз.

- а. Сандық;              ә. Дәулет;  
б. Лашын;                в. Арлан;  
г. Дауыл.

9. Өлеңде қандай сөз қайталанып келеді?

- а. Бұлт;                 ә. Лашын;  
б. Ат;                    в. Түс;  
г. Күн.

10. Оқ қалай жауған күн?

- а. Зымырандай;        ә. Жаңбырдай;  
б. Бұлттай;             в. Болаттай;  
г. Теріскей.

16. - Балалар, сабағымызды тарих сабағымен байланыстырып, тарихтан Исатай мен Махамбет көтерілісі туралы не білетінімізді еске түсірейік. Бұл сабақта интеграция мен пәнаралық байланыс мүмкіндігі өте жоғары. Себебі, сабақта қайталау, әңгімелесу, шолу және қорытындылау түрлері кездеседі. Тақырып күрделі, әдебиеттен де, тарихтан да Махамбет туралы оқып, біліп, шығармаларын балаларға жеткіземіз. Сөз кезегін тарих пәні мұғалімі Довгаль Наталья Николаевнаға береміз.

Сабақтың қысқаша жоспары:

1. Причины восстания.

2. Этапы восстания.
3. Последствия и причины поражения восстания.
4. Историческое значение восстания.
5. Создание Новоилецкой линии /1810-1822/.
6. Восстание Жоламана Тиленшиева /1822-1825/.

Земельная теснота;

Российские помещики Юсупов и Безбородко имели земли на побережье Каспийского моря;

Уральская канцелярия изъяла земли по Большому и Малому Узеню;

Запрет казахам кочевать в прибрежной полосе;

Усиление налогового гнета со стороны хана Жангира;

Руководители: И.Тайманов /21 год стал руководителем рода/, М.Утемисов /владел татарским и русским языком/- род – бериш, отделение – жаик.

Движущие силы: шаруа /скотоводы/.

Антиколониальный характер.

Февраль 1836 г. – И.Тайманов не явился в ставку к хану Жангиру, собрал свой большой отряд сторонников.

Весна 1836 г. – И.Тайманов предложил поединок батыров Караулу-ходже» отказ.

Петиционный этап «Падение авторитета Жангира», занятие казахами земель Уральского казачества.

Лето-осень 1837 года активное наступление на казахские аулы, разгром, разорение/ со стороны восставших.

Конец октября 1837 года – отряды повстанцев /2000 / подошли к Ханской ставке с требованием: сдаться Жангиру», передать власть родовым старшинам; убрать из окружения Балку, Караула-ходжу.

15 ноября 1837 года в Тастобе произошло сражение, повстанцы потерпели поражение и разошлись по

внутренней Орде.

12 июля 1838 года у рек Киыл и Акбулак произошло сражение между повстанцами и карателями, в ходе которого погиб И.Тайманов. Восстание пошло на спад.

В 1846 году М.Утемисов был убит.

Стихийность:

- отсутствие четкой программы действий;
- локальный характер;
- попытка объединения не состоялась;
- слабое вооружение;
- выступление одновременно против царской администрации и ханской власти.

Восстание носило национально-освободительный характер, породив дальнейшие выступления среди народа.

Закрепление нового материала – работа с вопросами параграфа.

Формирование знаний, умений и навыков – работа с документами.

Заполнение таблицы стр. 114.

17. Мәліметтерді еске түсіріп отырып, жорықтары туралы өлеңдерді орыс тілінде оқып берді.

18. Сабқты қорытындылап, пысықтау жүргіземіз.

Не білдік?

Нені білу керек? Қандай жаңа мәліметпен таныстық?

19. Үйге тапсырма:

Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзін түсініп оқу.

Барлық өлеңдерін мәнерлеп оқу.

Бір өлеңін жаттап келу.

Айжан ЫБЫРАЕВА,  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
№43 орта мектептің мұғалімі.  
Петропавл қаласы.

## АСЫЛ АНА БЕЙНЕСІ

Ойшыл жазушы, туған халқына, жарқын болашақ үшін адал еңбек еткен қоғам қайраткері, ұлы ұстаз, көреген кемеңгер – Ғабит Мүсірепов.

Жазушы әдебиеттің барлық жанрларында өз күшін сынап, өшпес туындылар қалдырды. Соның ішінде, ең бір жемісті қадамы – жазушының ана туралы әңгіме, новеллалары.

Ғабит Мүсірепов аналар бейнесін сомдағанда, өмірден жабыққан, тығылған аналарды емес, өз бостандығы, бақыты үшін күресе білген, шындық үшін, әділет үшін, әлемге өмір беретін, сол өмір үшін қорықпай шайқасқа түсетін, әрі мейірбан, өжет, ер аналардың өмірін суреттеген.

Бұл тақырыптық жолда «қаламы шебер суреткер» өз соқпағын табуға талаптанған. Мүсіреповтің ұстаз тұтып, үлгі алған адамы – орыстың ұлы жазушысы А.М.Горький.

Ғабит Мүсірепов қазақтың әйел – ана бейнесін мына шығармаларында көрсете білген:

«Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Адамның анасы», «Ақлима», «Әмина», «Өлімді жеңген ана», тағы басқалары.

Ұлы жазушы аналар туралы әңгімелері арқылы ақ сүтімен бүкіл дүниені асыраған шексіз махаббат иесі – ананы ардақтаған.

Ана тақырыбы үлкен де ауқымды тақырып, оны әр адам өзінше жырлайды, бейнелейді.

Мүсірепов болса, өз әңгімелерінде қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлтымызға тән ерекшелікті, қазақ әйелінің басқаларға ұқсамайтын қасиеттерін дәлелдейді.

Горькийдің ізімен жасалған аналар бейнесі, жаңа замандағы жаңа бейнелер ананың күрескер биік тұлғасын сомдайды. Аз нәрседен көп нәр алып, ойға ой жалғап, өмір танытады.

Мысал келтірсек, мына үзінді ананың батылдығын суреттейді.

*Дүниеде әйелді құрметпен, әйелді нұрға бөлейік те!  
Әйел – ана, дүниедегі жалғыз күш қой: оның алдында  
Азияның айбарлы арыстаны – Темір де, Темірді жеңген  
өлім де басын иеді.*

*Гүл мен жұлдыз жайындағы өлеңнің бәрі сүю  
жайындағы өлең болады. Бірақ адамның анасы, өмірдің  
мықты бәйтерегі – ана жайындағы өлең әлі айтылған  
жоқ! – дейді Ақсақ Темір.*

*Бұл – шындық қой. Өйткені, қай анадан сұрасаң да:  
«Біз өлімнен күштіміз, біз дүниеге ақын да, ақыл да,  
данышпан да, ер де береміз. Өлім адам баласын құртуға  
тырысса, біз оны жеңіп, адам баласын көбейтеміз!»*

«Ашынған ана» новелласында жазушы аяулы ана – Қапия ананың сөзімен, «ана» қандай болады екенін көрсетеді.

«Бала – ананың бауыр еті ғой, отқа да, суға да сүйреп салады екен. Өзегінен үзіліп түскен балаң үшін қалай отқа түспессің?» - деген Қапия ананың сөзі кез келген адамды ойландырады.



«Ананың арашасы» әңгімесінің негізгі кейіпкері – Нағима ана. Бұл өжет, күрескер ана. Өз батылдығымен жеңіске жетіп, ерекше құрметке бөленген.

Соғыс жылдарында жазушы аналар тақырыбына қайта оралады. Мәселен, «Ер ана», «Ақлима».

«Ер ана» новелласында майдан шебінің оқиғалары сөз болады. Мұнда Наталья деген әйелдің, фашистер алдында тізе бүкпей, немересі Лида және Отан үшін ажалдан қорықпағаны суреттеледі.

Балаға деген сүйіспеншілік қарапайым ананы орасан ерліктерге алып барған.

«Ақлима» атты әңгімедегі қазақтың анасының бойындағы ерлік, адамгершілік, мейірім, балаға деген махаббат, негізгі кейіпкер Сапарға деген аналық құдіреті – орасан теңіз қасиет. Анасын сағынған мүгедек жауынгер онымен кездесуді асыға күтеді.

Бұл жағдайда Ақлима ана бүкіл әлемнің балаларына ана болуға дайын деп айтуға болады.

«Анашым» деген бір ауыз сөзде үлкен қасиет бар екенін түсіндіреді.

Ғабит Мүсіреповтің ана туралы шығармасының қайсысын алсақ та, ананың бойындағы ерлік, адамшылық, балаға деген махаббаты, өз ұрпағының келешегін ойлау деген қасиеттері артығымен көрсетілген.

Бұл әңгімелердің қазақ әдебиетінде ерекше орын алатыны, келешек ұрпаққа асыл қазына екені сөзсіз.

Жазушының ой-азығы, күретамыры, жүрегінің жылылығы, шынында да, өз отбасындағы тәрбиеден басталды деп есептейміз.

Сөз зергері айтқандай: «адамда қасиет болса, бәрі –

күннің көзі мен ананың сүтінен алынған қасиет».

Егер, Мүсірепов әңгімелерінен біздің оқушылар, жалпы жастар өздеріне үлгі алса, ананың қадірін білсе, бағаласа, келешегіміз жарқын болар еді!

Горькийден аударған шығармасында Мүсірепов ана-әйелді тағы да былай жырлайды: *«Мақтасақ әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді».*

*Әйел-ана, барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе?*

*Оның сүюі таусыла ма, бүкіл дүние соның емшегін емін, ер жеткен емес пе? Адамда не қасиет болса, бәрі күннің көзі мен ананың сүтінен алынған қасиет. Ананың құрметі әлі жеткен жоқ!*

*Күнсіз гүл өспейді. Сүюсіз бақыт жоқ, әйелсіз сүю жоқ.*

*Анасыз ақын да болмайды, батыр да болмайды!*

*Бас иейік те, құрметтейік те ұлы адамды тапқан ананы!*

*Аристотельді де, Фирдоусиді де ана тапты. Ескендір мен соқыр Гомер де ананың баласы. Бәрін де дүниеге жетектеп әкелген – ана!*

*Ананың ұлы орыны қашан да өзінікі!*

Ғабит Мүсіреповтің ана тақырыбы – қазақ әдебиетінің байлығы, бүгінгі күнде халқымыздың асыл мұрасы, келер ұрпақтар үшін рухани азық, үлгі-өнеге. Мүсірепов шығармашылығы мәңгі жасамақ.

Сафуан Шаймерденов былай деген: «Әлі де талай-талай замандар өтеді. Талай-талай толқындар кезекпен ауысып, талай-талай ұрпақтар келеді. Сол кезде халқымыздың осы бір тұстағы бел-белесіне үңілер адам болса, Мүсірепов шығармаларына соқпай кете алмай-тыны айдан анық».

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғабит Мүсірепов. Кездеспей кеткен бір бейне. Астана., «Елорда», 2000.
2. Ғ.Мүсірепов. Көп томдық шығармалар жинағы. I, II том. Әңгімелер. А., «Жазушы», 2002.
3. Медеу Сәрсекке. «Мен білетін ер Ғабен». Эссе. А., «Атамұра», 2002.



Сағира КІШБАЙ,  
Ақмола облысының  
Шортанды ауданындағы  
«Бозайғыр» орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ «ДАУЫЛЫ»

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** Қасым Аманжолов туралы мағлұмат беріп, «Дауыл» өлеңінің идеялық мазмұнын ашу.

**Міндеттері:** а) Қ.Аманжолов өмірінен алған білімін жүйелеу, жинақтау және шығармашылық жұмыстар арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру; ә) оқушыларды адамгершілікке, ізгі қасиеттерге

баулу; б) мәнерлеп оқу, өлеңді жатқа айтуға дағдыландыру.

**Түрі:** сындарлы сабақ. **Көрнекілігі:** сызба кестелері, портреті, интербелсенді тақта, слайд, бейнежазба, түрлі-түсті бояулар, флипчарт, т.б.

Күтілетін нәтиже:

- топта жұмыс істеуге машықтану;
- сын тұрғысынан ойлай алу;
- өз ісіне талдау жасау.

Үй тапсырмалары: сұрақ тапсырмалары (1 минут).

Сабақтағы мұғалім мен оқушының іс-әрекеті: оқушыларды ұйымдастыру, сәлемдесу, түгелдеу, көңіл-күйлерін сұрау, топқа бөлу (2 минут).

Қызығушылықты ояту: Слайд көрсету «Қасым Аманжолов» (3 минут).

Топтастыру стратегиясы.

Қасым кім?



Өлеңді мәнерлеп оқу, оқушыларға «Дауыл» атты өлеңінің мән-мағынасын ашуына жеке жұмыс жасау, жұпта талқылау, топпен талдау.

1. Қасым кім болған?
2. Неге өлеңді «дауыл» деп атаған? (2 минут).

Назгүл СЕЙІТҚОЖАНОВА,  
№26 орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Қарағанды облысы,  
Осакаров ауданы,  
«Молодежный» кенті.

«Дауыл» өлеңін топтарға бөліп беру.  
Мағынаны тану.  
Флипчартпен қорғау (10 минут).  
1-топ: Тірек-сызбамен жұмыс.  
2-топ: Кесте толтыру.  
3-топ: Ақынның поэтикалық тіліне талдау жасау.  
(2 минут).

Сергіту сәті. Өзін-өзі реттеу. Ой қорыту.  
Бес жолды өлең әдісі. Қасым кім?

- 1) Зат есім.
- 2) Сын есім,сын есім.
- 3) Етістік,етістік,етістік.
- 4) Сөз тіркесі.
- 5) Сөйлем.

- 2) БББ стратегиясы.
- 3) Венн диаграммасы.

4) ЭССЕ. «мен дауылдың ұлымын».

1. Өлеңді «Мен дауылдың ұлымын» деп неге атаған?
2. Ақын дауылды суреттеу арқылы нені айтқысы келді?

3. Табиғаттың тылсым күшін қалай түсінесің?

Осы сұрақтарға кеспе қағаз тарату арқылы мағынасын айту.

Қасым Аманжоловтың «Дауыл» өлеңін тыңдау  
(7 минут).

Бағалау: Бағалау парағы (2 минут).

Үйге тапсырма: Қасым Аманжоловтың «Дауыл» өлеңін жатқа айту.

## ӘЛІБЕК, БҰЛ – КИІМДЕР

*(1-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** үлгілерді пайдаланып сөйлесу, өз ойларын қазақша жеткізуге үйрету. **Міндеттері:**  
1) қазақша сөздерді түсініп, дұрыс дыбыстау, тақырып бойынша алғашқы білімдерін жинақтау, жазу дағдысын қалыптастыру, каллиграфияға назар аудару; 2) оқушылардың сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін, назарларын, тыңдалым әрекеттерін, логиканы, орфографиялық көргіштікті дамыту; 3) бір-бірінің ойын тыңдай білуге, өзара сыйластық қарым-қатынаста болуға үйрету.

**Түрі:** жаңа білімді меңгерту. **Әдіс-тәсілдері:** коммуникативтік әдіс, ұжымдық, жұптық жұмыс, кері байланыс. **Көрнекілігі:** кітап, жазу дәптері, кәдімгі киімдер (пальто, құлақшын, қолғап, етік, шарф), слайдтар, интерактивтік тақта, Әлібек атты қуыршақ.

**Сабақтың барысы:**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Амандасу.

Ынталандыру шеңберін құру (оқушылар ортаға шеңбер құрып тұрады, бір-біріне жақсы көңіл-күй сыйлайды).

Оқушыларға сәттілік тілеп отырғызу.

## 2. Жаңа тақырып.

- Балалар, бүгін бізге қонаққа келген кім? Таныдыңдар ма?

- Әлібек.

- Әлібек, сәлеметсің бе? Қалай жеттің? Балалар, Әлібекпен амандасайық.

- Сәлеметсің бе, Әлібек!

- Қараңдар, балалар, Әлібек бізге үлкен қоржын әкелді. Қоржында не бар екен? Әлібек, көруге бола ма?

1) Қоржыннан балалардың киімдерін (бір данадан): құлақшын, шарф, қолғап, пальто, етік алып шығып:

- Мынау не, Әлібек?

- Бұл киімдер-одежда.

- Әлібек, жарайсың! Ты уже знаешь, что тема нашего урока: «Киімдер».

- Сегодня, ребята, мы с вами узнаем, как правильно называются на казахском языке эти вещи (работа над произношением):

- Пальто (показывать вещи).

- Шарф.

- Құлақшын («құлақ»-ухо).

- Қолғап (қол – руки, ассоциация).

- Етік.

- Какие ещё вещи бывают, ребята? (показ слайдов).

Работа над произношением.

- Жейде.

- Шалбар.

- Көйлек.

2) Балалардың назарын бір-біріне аударамыз:

- Коляның жейдесі қандай түсті?

- Коляның жейдесі көгілдір түсті.

- Лизаның көйлегі қандай түсті?

- Лизаның көйлегі қоңыр түсті.

- Русланның шалбарының түсі қандай?

- Русланның шалбарының түсі қара (т.б.).

3) Көрініс:

- Шағын көрініс көрсетейік (жұптық жұмыс). Әлібек сендерді тыңдайды.

Екі баланы алдына шақырып, сөйлету.

Арина: - Мен қолғап алдым, кидім. Сен, Әлихан, құлақшын ал, ки. (Әрекет жасау).

Максим: - Мен пальто алдым, кидім. Сен, Саша, етік ал, ки.

Андрей: - Мен құлақшын алдым, кидім. Сен, Марина, шарф ал, ки.

4) Диалог.

- Руслан, мен саған етік бердім, сен маған қолғап бер.

Андрей: - Максим, мен саған пальто бердім, сен маған құлақшын бер (т.б.).

3. Жазу дәптерлермен жұмыс (29-бет).

1) - Ал, балалар, енді суреттегі киімдердің аттарын жазайық, кім айтады, мынау не? (көйлек, жейде, пальто, шарф, қолғап).

2) Сергіту мезгілі.

3) Кітапта 5-тап., 60-бет. Жұмбақты оқу, шешу.

4) Жазу дәптерде жұмбақ-өлеңді толықтырып жазу.

4. Кері байланыс.

- Балалар, сендерге сабақ ұнады ма?

- Қандай сөздермен таныстық? (киім суреттелген слайдтарды көрсету).

- Сұрақтарың бар ма?

- Әлібекке тілектерің бар ма? Рақметімізді айтайық.

- Рақмет, Әлібек, сау бол!

Гүлзағира ТАСТАҒАНОВА,  
Алматы қаласындағы  
№32 жалпы білім беретін  
мектептің қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## СӨЗДІК ҚОРЫ ҚЫЗЫҚ КҮЗ

**Сабақтың мақсаты:** жаңа тақырыпқа сай ұсынылған жаттығуларды орындау арқылы берілген грамматикалық материалдарды меңгеру. **Міндеттері:** *білімділік* – қазақ тілінде дұрыс сөйлеуге, толық жауап беруге үйрету, сөздік қорларын байыту, тілдің ерекшелігіне тоқталу, әңгіме жазу, сызба сызу, өлеңді оқу, сөйлем құрау, деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушы білімін нығайту; *дамытушылық* – ауызекі сөйлеу тілін дамыту, сөздіктермен және топпен жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру; *тәрбиелік* – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, адамгершілікке, Отанды сүйуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** сурет, сызба, кесте.

**Сабақтың барысы:**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.**

**Міндеттері:** Сабақта жұмыс жүргізу үшін қалыпты сыртқы жағдайды қамтамасыз ету, оқушылардың қарым-қатынасқа психологиялық тұрғыдан даярлау; сабаққа дайындығын тексеру, оқушылардың көңілін сабаққа аударуды ұйымдастыру.

**2. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі:**

**Міндеттері:**

а) үй тапсырмасының орындалу деңгейі мен сапасын тексеру;

ә) кемшіліктер мен қателіктерді анықтау;

б) қатемен жұмыс.

**3. Өткен сабақ пен жаңа сабақты сабақтастыру.**

**Міндеттері:**

а) өткен сабаққа шолу;

ә) өткен тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыру;

б) жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту.

**4. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі:**

Міндеті: грамматикалық форманы, жаңа сөздерді, жаңа материалды таныстыру, меңгерту.

**Тапсырма:**

**1. Көп нүктенің орынына тиісті сөздерді қойып, күз туралы әңгіме жазыңдар.**

**Күз**

Күз келді. Күн суыта бастады, аспанды ( ...) қаптады. Жиі-жиі (.....) жауды. (.....) сарғайып жерге түсіп жатыр. Олардың түстері әр түрлі: сары, қызыл, жасыл. Олар жерге жайылған (....) ұқсайды. (.....) топ-топ болып, жылы жаққа ұшты. (....) жылы киіне бастады. Адамдардың күзгі еңбектері де ерекше. Егін даласында – қайнаған қызу еңбек.

**2. Сөйлемдерді дұрыс құраңдар:**

1. Күн, ұзарды, күзде, қысқарады, түн.

2. Жылы, ұшады, құстар, күзде, жаққа.

3. Егін, күздігүні, жинайды, диқаншылар.

4. Жеміс, піседі, бақта, бақшада, көкөніс.

5. Жиі-жиі, жауады, жаңбыр.

6. Ғажайып, ең, күз, айлары, бір, жылдың, айлары.

**3. Сөз тіркестерін дұрыс құраңдар.**

жасыл	даласында
әр түрлі	бастау
жылы	еңбек
жылы киіне	үні
адамдардың	жаққа
егін	түсті
қызу	жерде
гүрілдеген	еңбектері

**4. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңдар. Бір-біріңмен өзара сөйлесіңдер.**

1-оқушы	2-оқушы
1. Сейчас какое время года?	1. Сейчас осень.
2. Назови осенние месяцы.	2. Осенние месяцы: сентябрь, октябрь, ноябрь.
3. Какая осенью погода?	3. Осенью дни становятся прохладнее, часто идут дожди. Дует холодный ветер.
4. В какие края улетают птицы?	4. Птицы улетают в тёплые края.
5. Осень – какое время года?	5. Осень-самое щедрое время года.
6. Что поспевает осенью?	6. Осенью поспевает урожай, зреют овощи и фрукты.
7. Тебе нравится это время года?	7. Мне нравится это время года.

**5. Бір-біріне қатысы бар сөздерді ілік септігі жалғауы арқылы байланыстырыңдар.**

олар	солтүстік
ағаштар	температура

қыркүйек	бірінші ай
күз	топ
Қазақстан	жапырақтар
құстар	сылбыр жаңбыр
күз	түстер
ауа	жиырма екі

6. Диалогті оқып, жаттаңдар.

Ауа райы.

- Бүгін ауа райы қандай?

- Бүгін күн салқын.

- Жауын жауа ма?

- Ертең «қар жауады» деді.

- Аспанда бұлт бар ма?

- Бүгін аспан ашық, жауын-шашын болмайды.

- Ауаның температурасы қандай?

- Күндіз 12 градус жылы, кешке 2 градус суық болады.

**7. Бақылау және өзін-өзі бақылау кезеңі.**

**І нұсқа.**

1. Бастауыш дегеніміз не? Сұрақтарын жазыңдар.

Мысалдар келтіріңдер.

2. Сөздерге көптік жалғауларын жалғандар.

Көбелек..., сүлгі..., шөп..., ұжым..., құрал..., жұмыс..., гүл..., қала..., орамал...

3. Сөйлемді дұрыс құрастырыңдар:

а) барамын, мен, ертең, мектепке.

ә) сабағы, болады, сурет, бүгін.

б) кейін, қыстан, келеді, көктем.

4. Берілген сөзді тәуелдендер:

қалам.

Менің қалам... Біздің қалам...

Сенің қалам... Сендердің қалам...

Сіздің қалам... Сіздердің қалам...

Оның қалам... Олардың қалам...

5. Күз айларын жазыңдар.

6. Баяндауыш дегеніміз не? Сұрақтарын жазыңдар.

Мысал келтіріңдер.

7. Бастауыш пен баяндауыштың астын сызыңдар.

а) Мен бесінші сыныпта оқимын.

ә) Асқар кітапханаға барды.

б) Дина сурет салды.

8. Жақша ішіндегі сөздерді аударыңдар.

а) Марат кітап (читаёт).

ә) Әсем тақтаға (пишет).

б) Мақсат сурет (рисуёт).

9. Сөздерге тәуелдік жалғауын жалғандар.

Менің күшіг... Біздің күшіг...

Сенің күшіг... Сендердің күшік...

Сіздің күшіг... Сіздердің күшік..

Оның күшіг... Олардың күшік...

10. Жұмбақтың шешуін табыңдар.

Жатса-түсі ақ,

Жазса-ісі ақ (\_\_\_\_\_)

### **II нұсқа.**

1. Бастауыш дегеніміз не? Сұрақтарын жазыңдар.

Мысалдар келтіріңдер.

2. Сөздерге көптік жалғауларын жалғандар.

3. Сөйлемді дұрыс құрастырыңдар.

а) келді, оқушылар, мектепке, бүгін.

ә) жарық, үлкен, сыныптары, мектептің.

б) соғылды, қоңырау, сабаққа.

4. Берілген сөзді тәуелдендер:

Дәптер.

Менің дәптер... Біздің дәптер...

Сенің дәптер... Сендердің дәптер...

Сіздің дәптер... Сіздердің дәптер...

Оның дәптер... Олардың дәптер...

5. Көктем, жаз айларын жазыңдар.

6. Баяндауыш дегеніміз не? Сұрақтарын жазыңдар.

Мысал келтіріңдер.

7. Бастауыш пен баяндауыштың астын сызыңдар.

а) Жеңімпаз бала үшінші лақты алатын.

ә) Жарыста мен озып шықтым.

б) Мысық ақ лақпен дос болды.

8. Жақша ішіндегі сөздерді аударыңдар:

а) Айгүл өлең (читаёт).

ә) Гауһар сабақта (сидит).

б) Олар кино (смотрят).

9. Сөздерге тәуелдік жалғауын жалғандар:

Менің лағ... Біздің лақ...

Сенің лағ... Сендердің лақ...

Сіздің лағ... Сіздердің лақ...

Оның лағ... Олардың лақ...

10. Жұмбақтың шешуін табыңдар.

Өзгені көріп екеуі,

Бір-бірін көрмей кетеді. (көз).

**8. Үй тапсырмасы.** «Алтын күз» өлеңін жаттау.

**9. Жаңа материалды бекіту кезеңі.**

*Мәтінді қазақ тіліне аударыңдар.*

*Осенью*

Лето прошло. Наступила осень. Днём ещё тепло, ночью уже прохладно. Часто идут дожди. Птицы улетают в тёплые края. Листья на деревьях пожелтели. В огороде поспели овощи: картофель, морковь, свёкла, лук, капуста, огурцы.

В садах поспели яблоки, груши, сливы, на бахчевых полях поспели арбузы и дыни.

Қорлан ШАЙМҰРАТҚЫЗЫ,  
Шығыс Қазақстан облысының  
Шемонаиха ауданындағы  
Михайловка орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## НӘТИЖЕ САБАҚ

**Мақсаты:** модуль бойынша алған білімдеріне қорытынды жасау. **Міндеттері:** білімдерін саралау, кем тұстарын анықтап толтыру, есте сақтау қабілеттерін, ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** қорытынды, аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойын, іздендіру, өздік жұмыстар. **Пәнаралық байланыс:** валеология, еңбек, бейнелеу өнері, дүниетану, математика, арнайы пән. **Көрнекіліктер:** суреттер, ойыншықтар, қиықшалар.

Сабақтың барысы: Сәлемдесу.

Сабақтың айдары:

Жастықтың оты жалындап  
Жас жүректе жанған шақ.  
Талаптың аты арындап,  
Әр қиынға салған шақ. (Абай).

Психологиялық тренинг. Оқушылар тақтаның алдына шығады, қонақтарға қарайды. «Үлкенге де – Сіз, кішіге де – Сіз, сәлем бердік біз» деп балалар амандасады. Өздерін таныстырады. Орындарына отырады.

- Балалар, бүгінгі біздің сабағымыздың мақсаты – дене мүшелерімен іс-қимылдарды қайталау.

Лексиканы қайталау: бас, шаш, құлақ, көз, қас, ерін, ауыз, тіс, тіл, бет, мойын, иық, қол, аяқ, іш, арқа, тұр, отыр, жүр, жатыр, күледі, жылайды, тыңдайды, естиді, сөйлейді, оқиды. 26 сөз.

Балалардың білімдерін түсті қағаздармен марапаттап отыру.

Сергіту сәті: «Мектебің мынау, класың,

Осында он жыл тұрасың.

Тарыдай боп кіресің

Таудай боп шығасың». (Мұқағали).

### Жұмбақ

Мына ғажайып ойыншықты

Мен сыйлыққа алдым.

Сөйлейді, күледі, ән айтады.

Бұл не? (куыршақ).

Өзі үлкен, қоңыр, маймақ,

Бал жегенді сүйеді.

Айтындаршы, бұл не? (Қонжық).

Балалар жауап береді.

- Балалар, қолымызға куыршақты аламыз, Кристина, Данил, Полина тақтаға шығып, әрекеттерін көрсетеді.

Қуыршақты орынына қояды.

Қонжықты алады. Тақтаға Люда, Наташа, Лера шығады.

Күледі, жылайды, тыңдайды, естиді, сөйлейді, оқиды әрекеттерін көрсетеді. Орындарына отырады.

**Сергіту сәті:**

Қонжық пенен куыршақ билейді, япыр-ай!

Қонжық күледі, куыршақ күледі, япыр-ай!

**Музыка.**

Бастың суретін алып, оларға сөздер қою.

Адасқан сөздерді дұрыс орналастыру.



Дене мүшелерін дұрыс орналастыру. Сары, көк, қызыл түстен қиықшаларын қоямыз.

### Сергіту сәті:

Таудай менің талабым

Оқып білім аламын.

«Жоғалған әріпті тап» ойыны.

К..з, т..л, т..с, ер..н, б..т,

..ш, б..с, қ..лақ, м..рын.

қ..л, ая... Қандай әріпті жаздыңдар?

### Әрі оқы, әрі – ойын:

Голова – бас,

камень – тас.

Глаз – көз,

слова – сөз.

Ухо – құлақ,

родник – бұлақ.

Язык – тіл,

слон – піл.

Зубы – тіс,

дело – іс.

Тело – дене,

корабль – кеме.

Саусақ – палец,

би – танец.

- Балалар, жарайсыңдар, алған білімдерінді көрсете алдыңдар. Енді алдарындағы ұпайларыңды санайық.

Тақтаға жазылады.

Рефлексия. Тақтаға қараңдаршы, қандай мейрам келе жатыр? Сол мейрамға бірге барайық.

Сабақтың соңында оқушылар бір-біріне тілек айтады.

Ақжайық АБЫЛҒАЗИНА,  
И.П.Шухов атындағы  
Преснов орта мектеп-  
гимназиясының мұғалімі.  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Жамбыл ауданы,  
Преснов ауылы.

## ЖАБАЙЫ АҢДАР ӘҢГІМЕСІ – СӨЙЛЕСУ

(2-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** аңдардың атауларын меңгертіп, олардың тіршілік ететін ортасын, немен қоректенетіні туралы мәлімет беру. **Міндеттері:** **білімділік** – сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. «Қандай? Қайда? Ненің?» тәрізді сұрақтарына түсініп жауап беруге дағдыландыру. Салыстыру, қорытынды жасай білуге үйрету. Сөздік қорын байыту; **дамытушылық** – қисынды ойлау қабілетін қалыптастыру, ой-өрісін дамыту. Есте сақтау қабілетін жетілдіру; **тәрбиелік** – қоршаған орта, аңдарға деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Танымдық деңгейін арттыру.

**Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздену, қорытынды жасау, салыстыру, шығармашылық. **Көрнекілік:** суреттер, интерактивтік тақта, т.б.

### Сабақтың барысы:

#### I. Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!

- Отырыңдар.

#### I слайд: Жайлау.

#### Мұғалімнің сөзі:

- Қазір қай ай?
- Ақпанның нешесі?
- Жылдың қай мезгілі?
- Ауа райы қандай?

### **II слайд: Үй тапсырмасын тексеру.**

- Өткен сабақта біз үй жануарларын өттік.
- Үй жануарларының пайдасы қандай?
- Балалар, үй жануарлары өз төлдерін жоғалтып алыпты, кәне, тауып берейікші.
- Мынау қандай жануар?
- Сиырдың төлін аташы, т.б.

### **Мұғалімнің сөзі:**

- Балалар, бүгін біз орманға саяхатқа шығамыз. Біздің саяхатта көптеген тапсырмалар бар, сол тапсырманы дұрыс орындауымыз керек. Орманды әр түрлі аңдар мекендейді. Олардың немен қоректенетіні туралы білетін боламыз. Бүгін сабақта әр орындаған тапсырмалар үшін фишкалар (қызыл – «5», көк – «4», сары – «3») таратылады. Түстеріне қарап бағалаймын. Ұқыпты болыңдар!

### **Жаңа тақырып:**

- Бүгінгі біздің өтетін тақырыбымыз – «Жабайы аңдар әңгімесі – сөйлесу».
- Кәне, балалар, қандай жабайы аңдарды білесіңдер? (оқушылар атап шығады).
- Ал, енді біз сендермен Қазақстанда мекендейтін аңдармен танысамыз.

### **III слайд: «Қазақстанда мекендейтін аңдар»:**

**Аю** – қоңыр, ақ, маймақ, балық, бал, орманда;

**Қасқыр** – сұр, жыртқыш, күшті, орманда;

**Тиін** – шөпқоректі, жаңғақ, шишка, орманда;

**Кірпі** – жемістер, көкөністер, орманда;

**Қоян** – сұр, ақ, қорқақ, жабайы аң, жүйрік, үркек,

сәбіз, шөп, орманда.

### **IV слайд: Сөздікпен жұмыс:**

*аңдар – звери;*

*жабайы аңдар – дикие звери;*

*хайуан – животное;*

*жыртқыш – хищник;*

*мекендейді, тіршілік етеді – живут, обитают;*

*хайуанаттар бағы – зоопарк;*

*орман – лес;*

*қоректенеді – питаются;*

*күшті – сильный;*

*қорқақ – трусливый;*

*қу, айлакер – хитрый (ая);*

*маймақ – косолапый.*

а) сөздерді хормен қайталау;

ә) кезекпен қайталау;

б) сөз тіркесін құрастыру;

### **V слайд: Фонетикалық талдау.**

Орман – 2 дауысты дыбыс, 2 буын, жуан сөз, 5 дыбыстан құралған;

Қорқақ – 2 дауысты дыбыс, 2 буын, жуан сөз, 6 дыбыстан құралған;

### **VI слайд. Сергіту сәті:**

Ормандағы аюдың

Бүлдіргені көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

### **VII слайд. Мәтінмен жұмыс (оқу, аудару):**

Орманда аңдар мектебі бар. Онда аю, түлкі, қасқыр, қоян, кірпі, піл, арыстан, маймыл, жолбарыс оқиды. Олар – жақсы оқушылар. Аңдар мектепке орманнан және хайуанаттар бағынан келіп оқиды.

**VIII слайд. Сұрақтар:**

1. Орманда не бар?
2. Онда қандай аңдар оқиды?
3. Олар қандай оқушылар?
4. Аңдар мектепке қайдан келіп оқиды?

**IX слайд. «Адасқан әріптер»:**

**сқақыр** – қасқыр;

**үлтік** – түлкі;

**яқон** – қоян;

**іркпі** – кірпі;

**иітн** – тиін.

**X слайд. Жаңа сабақты бекіту: Тапсырмалар**

**(жазғандарын оқиды, аударды):**

Дәптерлеріне жазу. Суретке қарап, сөйлем құрастыру.

**Аю**

Аю үлкен, қоңыр.

Аю орманда тұрады.

Аю балды жақсы көреді.

**Қоян**

Қоян орманда тұрады.

Қоян – қорқақ аң.

Қоян сәбіз жейді.

**XI слайд. Ой-толғаныс кезеңі. Қорытынды.**

**Қандай аң, тауып көр?**

- маймақ орманда тұрады;

- құйрығы ұзын, қу;

- терісі ақ, сұр болады, қорқақ;

- тікені бар, саңырауқұлақ жинайды;

- кішкентай, сары, жаңғақ жейді.

(Аю, түлкі, қоян, кірпі, тиін).

**Үйге тапсырма: жаңа сөздерді жаттау.**

**«КӨКТЕМ», «ҚҰСТАР»,  
«АҢДАР» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ  
САУАТТЫЛЫҚ**

*(3-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** өткен тақырып бойынша білімдерін тексеру, бекіту. **Міндеттері:** оқушылардың танымдық, есте сақтау қасиеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту; сауатты оқу, жазу дағдыларын қалыптастыру. Табиғатты сүйеге, қорғауға, аңдар мен құстарды аялауға тәрбиелеу.

**Типі:** қайталау. **Түрі:** ойын сабақ. **Көрнекі құралдары:** интерактивті тақта, сызбалар, кестелер, суреттер.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Сәлемдесу, психологиялық дайындық.

Жақсы оқып сабақты,

Әдеп сақтау – сәніміз.

Сәлем бердік сіздерге,

Басты иіп бәріміз (қонақтармен амандасу).

**Тіл дамыту сұрақтарын қою:**

- Бүгін нешесі?

- Бүгін аптаның қай күні?

- Қазір қай ай?
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыс айлары қалай аталады?
- Қыста ауа райы қандай болады?
- Қыста не жауады?
- Қыста адамдар қалай киінеді?
- Сен нешінші сыныпта оқисың?
- Сен қай мектепте оқисың?
- Сен қайда тұрасың?

### Фонетикалық жаттығу.

### II. Өткенді қайталауға арналған сұрақ-жауап (төл дыбыстарды қайталау):

«Ө» дыбысына жаттығу жасау, жаңылтпаш оқу.

Көк тырна,

Көп тырна,

Тыраулап

Көп тұрма.

Сөздік жұмысы (сөздерді аудар).

Бұл тапсырманы «Бәйшешек теруге барғанда» ойыны арқылы өткіземін. Оқушылар сөздерді аударып, бәйшешектерді жинайды.

*Дятел – тоқылдақ;*

*Тырна – журавль;*

*Тор – клетка;*

*Сорока – сауысқан;*

*Соловей – бұлбұл;*

*Құр – глухарь;*

*Торғай – воробей;*

*Қырғауыл – фазан;*

*Ласточка – қарлығаш.*

### III. Өткен тақырып бойынша тапсырмалар орындау.

Қары еріп даланың,  
Арықтардан су ақты.  
Ақ жүзіндей ананың  
Күндер келді шуақты!

**- Бұл қай жыл мезгілі, балалар? (көктем).**

Ертегі еліне саяхат. Оқушылардың дайындаған «Көктем» ертегісін тамашалау.

**1. Ертегіден үзінді:** Ертеде Көктем деген ханша болыпты. Оның үш баласы болыпты. (Ортаға Көктем мезгілі мен ұлдары – Наурыз, Сәуір, Мамыр шығады).

Көктем:

- Сәлеметсіңдер ме? Менің атым - Көктем. Мен сендерге өзім туралы айтып беремін. Менің мезгілім келгенде күн жылынады. Қар ериді. Құстар ұшып келеді. Ұя салады. Бәйшешек шығады. Шөп шығады. Егін егіледі. Жапырақтар бүршік атады. Мен сендерге көктем гүлін сыйлаймын. Ал, қазір мен балаларым наурыз, сәуір, мамырды шақырамын (көктем айлары өздерін таныстырады).

#### Наурыз

Наурыз келді шуақты,  
Шаттанбаған бар ма алап?  
Жылғалармен су ақты,  
Бүрін жарды тал-дарақ.

#### Сәуір

Сәуір келіп жетті енді,  
Дала гүл-гүл жайнады.  
Жырға қосып көктемді,  
Әнші құстар сайрады.

#### Мамыр

Мамыр келді ән-думан,  
Көлде аққу қалқыды.  
Орақ түскен шалғыннан  
Жұпар иіс аңқыды.

## 2. Суретпен жұмыс.



Көктем келді. Ағаштар гүлдеді. Құстар жылы жақтан ұшып келе бастады. Алмас қараторғайға ұя жасады. Оны ағашқа орнатты. Алмас өте қатты қуанды.

Сұрақтар қою.

Жылдың қай мезгілі келді? Алмас не істеді? Алмастың көңіл-күйі қандай?

Дәптерге құрастырған сөйлемдерді жазу.

### Сергіту сәті:

Біз кішкентай баламыз,

Өсіп-өніп толамыз.

Күнге қарап, табынып,

Көкке қолды созамыз.

Тәтті арманға ұмтылып,

Қарлығаштай самғаймыз,

Бір отырып, бір тұрып,

Жаттығулар жасаймыз.

**3. Көктемде қандай мерекелер бар?** Көктем мерекелерін айт.

8 наурыз - аналар күні! 22 наурыз – Жаңа жыл мерекесі! 1 мамыр – Бірлік күні! 9 мамыр – Жеңіс күні!

**4. Сөйлемдерді аудар** («Кемпірқосақ» ойынын өткізу, оқушылар кемпірқосақ түстерін атап, кемпірқосақ құрастырады, сөйлемдерді аударады.

Торғай - кішкентай құс. Құр – үлкен құс. Торда тоты құс отыр. Көктемде құстар ұшып келеді. Қырғауыл – әдемі

құс. Аю ақырады. Қасқыр ұлиды. Жолбарыс ырылдайды. Көктемде ұшып келеді, Жаздай концерт береді. (бұлбұл).

### Үлгі эталоны

Воробей – маленькая птица. Глухарь – большая птица. В клетке сидит попугай. Весной прилетают птицы. Фазан – красивая птица. Медведь ревет. Волк воет. Тигр рычит. (орманға саяхат, ормандағы аңдар мен құстардың дауысын тыңдау).

**5. Грамматикалық тапсырма орындау.** Тәуелдік жалғауын қайталау. Тоты құс, қоян сөздерін жекеше тәуелдеу.

I. Менің тоты құсым, қояным.

II. Сенің тоты құсың, қояның.

Сіздің тоты құсыңыз, қояныңыз.

III. Оның тоты құсы, қояны.

Сергіту. Өлең айту.

Көктемді қарсы алып, «Көктем» өлеңін айту.

### Алақай, көктем келді!

Көктем, көктем, көктемде

Құстар келіп жеткенде,

Біз қуанып қаламыз,

Әнмен қарсы аламыз.

Көктем, көктем, көктемде

Күн шуағын төккенде,

Күлім-күлім қағамыз,

Ойнап, асыр саламыз.

**7. Орманға саяхат.** Суретпен жұмыс. Интерактивті тақтадағы аңдар суретін атап, «Үйін тап» ойынын ойнау. Үй жануарлары мен аңдардың айырмашылығын атап, жануарлар мен аңдарды үйлеріне орналастыру.

### 8. Ребус шешу.



+ белый (қазақ)



, + Н (үйрен)

### Қорытынды.

Біз бүгін сабақта не туралы айттық? Оқушылардың жауабы тыңдалады.

### Үй жұмысын беру.

#### Бағалау.

Ақ сандығым ашылды,

Ішінен жібек шашылды. (Күн)

Жұмбақты шешкен соң, келген қонақтарға күн шапағы таратылып, жақсы тілектер айтылады.

Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар.



Гүлайым ІЗБАСАРОВА,  
Орал қаласындағы  
№32 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## НАУРЫЗДЫҢ ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАРЫ

(3-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларға наурыз мерекесі туралы мәлімет беру, мерекенің ерекшелігін үйрету. Міндеттері: **білімділік** – сөз құрауға дағдыландыру, сауаттылыққа үйрету, жаңа сөздердің жазылу жүйесін меңгерту; **тәрбиелік** – сауатты, көркем жазуға үйрете

отырып, тапқыр, ұқыпты, еңбекқор болуға тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерге баулу; **дамытушылық:** тез ойлап, ойды жүйелеп айту дағдысын қалыптастыру, таным қабілетін дамыту. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** сөздікпен, мәтінмен жұмыс, сәйкестендіру. **Тәсілі:** сұрақ-жауап, қорыту, баяндау, фонетикалық талдау. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, дүниетану, еңбекке баулу. **Пәнаралық байланыс:** лексика, фонетика. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, суреттер.

### Сабақтың барысы:

**I. Ұйымдастыру бөлімі:** а) сыныпты түгелдеу, оқу құралдарының толықтығы, оқушылардың сабақты бастауға көңіл-күйін, назарын аудару.

### II. Өткен материалды қайталау.

**2-жаттығу. Көп нүктенің орынына керекті сөздерді тауып қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.**

1. Көктем ... 2. Күн ... 3. Қар ... 4. Жылғалардан су ...  
. 5. Мал ...

### 3-жаттығу. Сөйлемдерді аудар.

Пришла весна. Весенние месяцы: март, апрель, май.  
Весной дни теплые, солнечные. Тает снег. Прилетают птицы. На деревьях появляются листья.

Оқушылармен сұрақ-жауап алмасу.

(Өткен тақырыптарды қайталау)

**Сұрақ-жауап:** 1. Қазір қай жыл мезгілі? 2. Көктемнің бірінші айы қай ай? 3. Көктемнің екінші айын аташы. 4. Көктемнің үшінші айы? 5. Көктемде қандай өзгерістер болады?

### III. Жаңа сабақ.

**Ребус шешу** (шана, ту, сары, зымыран, жыл, бас, қасық)

Наурыз – күн мен түннің теңелген, дала нұрға бөленген,

малдың ауызы көкке, адамның ауызы аққа тиген ұлық мереке. Бауырмалдық, тазалық, қамқорлық, теңдік, елдік тоғысқан торқалы той. Қазақтың ғана емес, ғаламға ортақ жаңғыру мерекесі. «Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына келгенде жердің бетін жайлаған топан су кері қайтады. Сол сәт жер бетіне табаны тиген барлық тіршілік иесі көк аспаннан түскен қасиетті қазаннан бірге дәм татады. Содан, бұл күн – Ұлыстың ұлы күні деп аталыпты» дейді халық аңызында. Несі бар? Алла тағала «адам» дейтін сүйікті құлына бір-бірімен қауышып жататын «Наурыздай» мерейлі мейрамды сыйлағанына шүкірлік.

Сөздік: *Теңеледі – равняются, становятся одинаковыми; Аула – двор; Наурыз құтты болсын! – С праздником Наурыз!*

Жаңа сөздерді оқу, қайталау.

Сөз тіркесін, сөйлем құрастыру.

### **БиС технологиясы**

Наурыз, мейрам, қонақ, наурызкөже, дастарқан, бауырсақ, теңеледі, аула.

Оқылым

### **2-жаттығу. Мәтінмен жұмыс.**

Наурыз – жыл басы. 22 наурыз – үлкен мереке. Күн мен түн теңеледі. Адамдар ауланы тазалайды, ағаш егеді, наурызкөже пісіреді. Олар бір – біріне қонаққа барады.

Наурыз құтты болсын!

**Мәтінді оқып шығып, оқушыларға оқыту.**

**Мәтін бойынша сұрақ-жауап.**

**Мәтіннен «Не? Нелер? Кім? Кімдер?» сұрағына жауап беретін сөздерді табу.**

**Денгейлік тапсырмалар:**

**ІІІ денгейлік тапсырма. 3-жаттығу. Көп нүктенің**

**орынына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.** Наурыз мейрамы б...сталды. Әжем наурыз к...же пісірді. Анам бауырс...қ пісірді. Әпкем дастарқ...н жайды. Мен ауланы таз...лады.

**Сергіту сәті: буындардан сөз құрастыр.**

Нау шек тем көк бәй ше рыз  
мей рам ба уыр сақ дас тар қан.

**ІІ денгейлік тапсырма.**

**4-жаттығу. Аяқтап жаз.**

Шаг – қадам,	Шерсть – жүн,
Человек – ...	Ночь – ... .
Звук – үн,	Сон – түс,
Солнце – ... .	Птица – ... .
Ребенок – бала,	Деньги – ақша,
Степь – ... .	Сад – ... .

**Сәйкестендіру.**

Көктем	ұшып келді
Наурыз	гүлдеді
Құстар	мезгілі
Бәйшешек	еріді
Қар	айы

**І денгейлік тапсырма. Фонетикалық талдау.**

1-қатар	2-қатар	3-қатар
Наурыз	Сәуір	Мамыр

**Бекіту.**

**Сұрақтарға жауап беру арқылы наурыз гүлін құрастыру.**

1. Көктем айларын ата? 2. Наурыз айында қандай мейрамдар бар? 3. Қазақтың ұлттық тағамдары? 4. Наурыз мейрамында адамдар не істейді? 5. Наурыз мейрамында пісірілетін тағам?

**Үйге тапсырма:** 1-жаттығу, 147-бет. Өлеңді жаттау.

**Ләтипа ЕРСАЙЫНҚЫЗЫ,**  
**№3 орта мектебінің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**  
Алматы облысы,  
Іле ауданы,  
«Жетіген» ауылы.

## **БІЛІМДІ БЕКІТКЕН ДОСТЫҚ**

*(6-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** 1) «Достық» деген тақырыпта өткен материалдарды қайталау арқылы оқушылардың білімін жүйелеу, бекіту; 2) оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; 3) адал дос болуға, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.

**Типі:** бекіту. **Әдістері:** сұрақ-жауап, іздену, ой толғау, топтастыру.

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі:**

Психологиялық тренингі.

Мақсат қою кезеңі:

Сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлау.

Өткен материалдарды бекіту:

Баламалық тест:

- |                              |    |     |
|------------------------------|----|-----|
| 1. Сенің досың адал ма?      | ИӘ | ЖОҚ |
| 2. Досыңмен бірге оқисың ба? |    |     |
| 3. Екеуің құрдассыңдар ма?   |    |     |
| 4. Досыңа көмектесесің бе?   |    |     |

5. Досыңның шашы қара ма?

1. «Жаман жолдас» әңгімесінің авторы кім?

а) М.Әуезов;                      ә) А.Құнанбайұлы;

б) Ы.Алтынсарин;              в) С.Сейфуллин.

2. - ...        ...?

- Досым – ұзын бойлы, аққұба келген бала.

а) Сенің досың бар ма?        ә) «Дос» деген кім?

б) Досың қандай бала        в) Досың қыз ба?

Қосымшалық тест.

1. Көп нүктенің орынына тәуелдік жалғауын жалғаңыз.

I. Менің дос...

II. Сенің дос...

Сіздің дос...

III. Оның дос...

2. Сұраулық шылауларды дұрыс қойыңыз.

1. Құрдас                              1. ма?

2. Мейірімді                        2. ба?

3. Тату                                3. па?

4. Еріншек                         4. ме?

5. Қарапайым                    5. пе?

Толықтырмалық тест:

1. Көп нүктенің орынына керекті сөзді қойыңыз.

1. Менің досымның аты – ...        1. таныстырды.

2. Ол мені досымен ...                2. Айжан.

3. Айжан – ... қыз.                    3. ағашқа

4. Жолдас ... шығып кетті.        4. өте ақылды.

I деңгей.

1. Сөйлем құраңыз.

1                      2                      3                      4                      5

Ойнаймын, мен, бос, досыммен, уақытымда.

2. «Бес жолды синквейн» әдісі.

1. Зат есім        дос



Гүлнар АХМЕТЖАНОВА,  
Павлодар қаласындағы  
№43 жалпы орта білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

2. Сын есім.
3. Етістік.
4. Сөйлем.
5. Синоним.

II деңгей.

1. Сөзжұмбақ.

2. Қосымшаларды ажыратыңыз.

3. Достықтың қасиеттерін атау /Дос қандай болу керек?/.

Жақсы жолдас:

адал

батыл

мейірімді

мәңгілік

сенімді

әділ

Жаман жолдас:

өтірікші

қызғаншақ

арам


жалқау

сенімсіз

жауапсыз

III деңгей.

Әңгімелеу.



**VIII. Үйге тапсырма:** Досыма хат.

**Бағалау.**

## ӨНЕР МҰРАЖАЙЫНЫҢ ҚОНАҒЫ – СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫ

**Сабақтың мақсаты:** тақырып бойынша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. **Міндеттері:** білімділік – Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайымен таныстыра отырып, білімдерін толықтыру, сұрақтар, диалог құрастыру, етістіктің райларын қайталау; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, өзіндік қорытынды жасауға, ауызекі тілде сөйлеуге қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – өз елінің, халқының тарихына деген сүйіспеншілік сезімін арттыру, мемлекетіміздің мұраларын қадірлеуге баулу.

**Түрі:** жаңа білімді меңгерту. **Әдіс-тәсілдері:** көрнекілік, сұрақ-жауап, топтық, әңгімелеу. **Көрнекіліктер:** бейнефильм, интербелсенді тақта, кәртішкелер.

Сабақтың барысы:

**I. Ұйымдастыру.**

Сәлемдесу, түгелдеу, оқушылардың сабаққа дайындықтарын тексеру.

**II. Үй жұмысын тексеру.**

«Дұрыс-бұрыс» ойыны. (Интербелсенді тақтамен

жұмыс).

Топқа бөліну.

Сынып үш топқа бөлінеді, әр топта – 4 оқушыдан. Әр топ өздерінің арасынан спикерді сайлап алады. Спикерлер топты басқара отырып, берілген тапсырмаларды дұрыс түсіндіреді. Әр оқушыға бағалау парақ таратылады.

III. Жаңа тақырыпқа шығу.

«Ұғым, ой-сана себеті» әдісі.

- Балалар, суретшінің шығармалары, еңбектері халыққа қалай жетеді? Өз ойларың, пікірлеріңді стикерге жазыңдар, топпен ақылдасып, содан кейін тақтадағы себетке жапсырыңдар.

- Мұражай арқылы танысамыз.

Сабақтың тақырыбы анықталғаннан кейін оқушылар сабақ мақсаттарын өздері айтады.

#### IV. Негізгі кезең.

##### 1. Тыңдалым (бейнесюжеттен үзіндіні тыңдау):

– Мен сіздерге Әбілхан Қастеев атындағы өнер мұражайында аукцион өткізу тәртібі туралы баяндамақпын. Қазір сіздер лот ретінде шығарылған картиналардың бірін көріп отырсыздар. Бұл полотно – XX ғасырдың басында өмір сүрген орыстың тамаша суретшісі Каразиннің туындысы. Ол кезінде Қазақстанға келіп, суретпен репортаж жасау дәстүрін қалыптастырған. Оған өздеріңіз де куә болып отырсыздар. Бұл жерде Орталық Азияның шөл даласын басып өтуге мәжбүр жолаушылар демалатын қонақ үй бейнеленген. Олардың киім-кешегінде түстердің барлық түрі мың құбыла көрініс тапқан. Картина бір ғасыр бұрын, 1903 жылы салынған. Жуық арада аукционға шығарылған.

Әр топқа 2 сұрақ қойылады, оқушылар жауап береді.

Жаңа сөздермен жұмыс.

*Мерейтой – юбилей;*

*Салтанатты – торжественный;*

*Қамтыды – охватывает;*

*Фотоқұжат – фотодокумент;*

*Іргелі – фундаментальный;*

*Қауымдастығы – ассоциация;*

*Қалыспайды – не отстаёт.*

**2. Оқылым.** Мәтінмен жұмыс. Оқушылар мәтінді толығымен оқып шығады, оның негізгі идеясын, топтаса отырып, түсінгендерін кластерге сурет арқылы салады. Топтардың жауаптарын стикер арқылы бағалайды. Тапсырма: мәтін бойынша екі сұрақ құру. Әр топ өздерінің екі сұрағын айтады, басқа топтар сұраққа дұрыс жауап беруге тырысады.

Сергіту сәтін өткізу.

##### 3. Жазылым – дәптермен жұмыс.

Грамматикалық тапсырмалар (флипчарт).

##### **1. Берілген етістіктердің райларын анықтаңдар, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңдер.**

Сақтаса, жина, көрді, барғым келеді, үлес қосайық, таңғалдырады, қатыссам, бергісі келді.

##### **2. Сөйлемдегі жасырылған сөзді табыңдар, сөйлемге синтаксистік талдау жасаңдар:**

1. Кәсіби суретші болу үшін, Ә.Қастеев ... 1929 жылы келіп, Н.Г.Хлудовтың студиясына түседі.

2. 1942 жылы Алматыда ... суретшінің жеке көрмесі өтеді.

3. Оның туындылары Қазақстанның көптеген ірі сақталған.

##### **4. Тілдесім.**

I топ - «Алма ағаштары» суреті бойынша диалог құрап, өзара сөйлеседі.

II топ - Диалогті сұрақтармен толықтырып, өзара сөйлеседі.

III топ - «Мемлекеттік өнер мұражайында» атты экскурсовод пен оқушы арасында шағын диалог құрайды.

### **5. Айтылым**

#### **V. Рефлексия.**

Оқушының шығармашылық жұмысы – синквейн әдісін пайдалана отырып, 5 жол өлең құрастыру.

**VI. Бағалау.** Оқушылар бағалау парақтарын толтырып, қорытынды жасайды.

**VII. Қорытынды.** Бүгін біз сабақта не өттік? Қандай мұражаймен таныстық?

**VIII. Үй тапсырмасы:** 1. «Мұражайлар өмірде не үшін қажет?» тақырыбына эссе жазу. 2. Қосымша материалдан Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайындағы экспонаттар туралы мәлімет дайындау.



Лейла САДЕНОВА,  
Қарағанды қаласындағы  
№74 жалпы орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **РАДЛОВҚА ҚАТЫСТЫ ГРАММАТИКАЛЫҚ БІЛІМ**

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың «Қазақ тілін зерттеген ғалымдар» тақырыбы бойынша алған білім-

дерін тереңдету, В.В.Радлов туралы баяндау, сөздік қорын молайту. **Міндеттері: білімділік** – оқушылардың өздік білім алуын, грамматикадан алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу машықтарын дамыту; **дамытушылық** – әр оқушының ой-қиялына ерік бере отырып, өзінше ойын түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру. Оқушылардың белсенділігін арттыру, сөздік қорын байытып, тілін дамыту; **тәрбиелік** – тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезімдерін ояту. Қазақ тілін зерттеген ғалымдарды біліп, мақтан тұтуына баулу.

**Түрі:** аралас. **Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, талдау. **Көрнекілігі:** интерактивті такта, оқулық, тірек-сызба, сандықша, слайд. **Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы, әдебиет.

### **Сабақтың барысы:**

#### **I. Ұйымдастыру кезеңі:**

а) Сәлемдесу;

ә) «Қазақ тілі» әнін тыңдау.

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін бізде ерекше сабақ. Біздің сабаққа қонақтар келіп отыр. «Қош келдіңіздер!» дей отырып, мен бәріңізге жақсы көңіл-күй тілеймін. Қазақ: «Жақсы сөз – жарым ырыс», - дейді. Сондықтан бір-бірімізге жақсы тілек айтайық. Мен сендерге де бүгінгі сабақта көп табысқа жетуді тілеймін.

Оқушылардың бір-біріне жақсы тілектері:

- Мен саған сәттілік тілеймін!

- Мен саған шыдамдылық тілеймін!

- Мен саған шығармашылық табыс тілеймін!

- Мен саған жақсы баға тілеймін!

- Мен саған зеректік тілеймін!

- Мен төзімділік тілеймін!

- Балалар, сабақты бастамас бұрын дәптерлеріңе төмендегі суреттердің бірін салып қоюларыңды сұраймын. Бұл – сендердің қазіргі көңіл күйлерің. Сабақтың соңында қандай өзгерістер болғанын салыстырамыз.

Көңіл-күйлерінің сипаты:

Жасыл түс – өте жақсы;

Сары түс – орташа;

Қызыл түс – жаман.

Үй тапсырмасын тексеру:

- Бүгін нешесі?

- Аптаның қай күні?

- Қазақ тілі нешінші сабақ?

- Сабақта кім жоқ?

- Латын алфавиті қандай алфавит?

- Латын алфавиті нешінші жылдары қолданыла бастады?

- Араб жазуымен тұңғыш жазылған кітаптар?

- Орыс алфавитіне көшу қаулысы қашан басталды?

- Қазақ тілін зерттеген қандай ғалымдарды білесіңдер?

## II. Сабақтың ұраны:

Әрбір адам – туысым, досым, жұрағат,

Әрбір сабақ – үйрену, ұғыну, ұлағат.

## III. Жаңа сабақ:

а) сабақтың мақсатымен таныстыру.

*“Қазақтардың тілі – әуезді де әсем, шебер де шешен. Әсіресе, сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таң қалдырады. Олар мақалдап сөйлейді, жай сөзінің өзі өлең боп құйылып жатады. (В.В.Радлов).*

**3. Сөздік жұмысы:** сөз тіркесін, сөйлем құру.

*Ғалым – ученый;*

*Зерттеуші – исследователь;*

*Шығыстанушы – востоковед;*

*Мұра – наследие;*

*Негізін салушы – основоположник.*

В.В.Радловтың өмірбаянын кесте бойынша түсіндіру.

**1-тапсырма. Оқулықпен жұмыс.** 13-бет. Мәтінді оқып, аударыңдар. Сөз құрамына талдандар.

Ресейге, халықтардың, мұраларын, жазуын, басшылық, нәтижесінде, томдық, тілінің.

**“Сыр сандық” сұрақтары:**

1. В.В. Радлов қай жылдары өмір сүрді?

2. Ол кім?

3. Қандай еңбектер жазды?

4. В.В.Радлов қандай ескерткіштерді зерттеген?

5. Қай қалада туды?

6. Ғалым қандай тілдерді зерттеген?

7. Салалас құрмалас сөйлемнің неше түрі бар?

8. Құрмалас сөйлемнің құрылысына қарай неше түрі бар?

**Артық болмас білгенің ...**

*Оның нағыз аты-жөні – Вильгельм Фридрих Радлов. 2012 жылдың басында ірі түрколог-ғалым В.В.Радловтың туғанына 175 жыл толды. Көне түркі жазба ескерткіштері үш топқа бөлінеді. Олар: Енисей, Талас, Орхон ескерткіштері. Енисей ескерткіштері – Енисей өзенінің бойынан табылған, Талас ескерткіштері Жамбыл облысындағы Талас өзені бойынан, Орхон ескерткіштері – Орхон өзені (Моңғолия) бойынан табылған, тасқа жазылған жазулар. Олардың бәрі руникалық жазумен жазылған. Руника жазуын түркі халықтары 1,5 мың жыл қолданған. 2001 жылы Күлтегін ескерткіштерінің көшірмесі Астана*

қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне қойылды.

3-тапсырма. Диалогті оқындар, аударындар.

2-тапсырма. 19-бет. Берілген мақал-мәтелдерді түсініп оқып, құрмалас сөйлемдерді табындар. Синтаксистік талдау жасаңдар.

1. Ғылым – теңіз, білім– қайық (жалғаулықсыз ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем).

2. Ғылыммен жақын болсаң, қолың жетер,

Залыммен жақын болсаң, басың кетер. (Шартты бағаныңқылы салалас құрмалас сөйлем).

3. Кітап – ғылым, тілсіз – мұғалім (Жалғаулықсыз ыңғайлас құрмалас сөйлем).

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқындар. Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді теріп жазып, жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

1. 1884 жылы Ресей Ғылым академиясына мүшелікке сайланады да, түркі тілдерінің аса көрнекті маманы,әдебиеті мен жазба мұраларының білімпазы атанады. (Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем).

2. Сол елде білім алып, кейін Ресейге келіп, осы жақта қалып қояды. Көп бағыныңқылы қимыл-сын сабақтас құрмалас сөйлем).

3. Нәтижесінде он томдық “Түрік тайпалы халықтардың әдебиет үлгілері” атты еңбегі жарияланады, төрт томдық “Түрік тілінің сөздігін” құрастырады. (Жалғаулықсыз ыңғайлас құрмалас сөйлем).

Құрмалас сөйлем екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіреді. Оның түрлері:

- Салалас құрмалас сөйлем;
- Сабақтас құрмалас сөйлем;

- Аралас құрмалас сөйлем.

«Кім жылдам?» ойыны.

1. Қазақ тілін зерттеген ғалымдар.

*Радлов, Бартольд, Сауранбаев, Айдаров.*

2. “Қазақтар шешен келеді, олар мақалдап сөйлейді, жәй сөзінің өзі өлең болып құйылып жатады” деп кім айтқан? (В.В.Радлов)

3. Радловтың еңбегін атаңдар (*Түрік тайпалы халықтардың әдебиет үлгілері*).

4. Радлов қандай халықтардың тілдерін зерттеген?

(*қазақ, өзбек, қыпшақ, қырғыз, қарақалпақ*)

5. Радлов қандай жазудың сырын ашты?

(*Орхон көне түрік жазуы*).

6. Төрт томдық еңбегін атаңдар

(*Түрік тілінің сөздігі*).

7. В.В.Радлов туралы не білесіңдер?

(*түрколог, зерттеуші ғалым*).

8. В.В.Радловтың туған жері?

(*Берлин қаласы*).

9. Радловтың орыс академиясына мүше болған жылы?

(*1884 ж.*).

10. В.В.Радлов қандай халықтардың әдеби мұраларын жинады?

(*Сібір, Алтай, Қырым, Түркістан*).

11. Тарихшы, шығыстанушы ғалым, академикті атаңыз?

(*Бартольд*).

12. Қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, профессор кім?

(*Сауранбаев*).

13. Ғ.Айдаров кім?

(ғалым, филология ғылымдарының докторы).

Тест сауалдары:

1. В.В Радловтың «Түрік әдебиет нұсқасы» неше томнан тұрады ?

А) 5; Ә) 2; Б) 3; В) 6; Г) 4.

2. «Востоковед» сөзінің аудармасын көрсет ?

А) тарихшы; Ә) саяхатшы; **Б) шығыстанушы;**  
В) әдебиетші; Г) ғалым.

3. Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген ғалым

А) Н.Сауранбаев; Ә) Ғ.Айдаров; **Б) В.В.Радлов;**

В) В.В Бартольд; Г) С.Аманжолов.

4. «Түрік тілі грамматикасы» кітабының авторы кім?

А) Ғ.Айдаров; **Ә) В.В.Радлов;** Б) Н.Сауранбаев;

В) В.В Бартольд; Г) С.Аманжолов.

5. В.В.Радлов қайда қайтыс болды?

А) Жетісуда; Ә) Қырымда; Б) Берлинде;

**В) Ресейде;** Г) Қазанда.

6. Қай жылы В.В.Радлов Орыс академиясына мүше болды?

А) 1837 ж.; Ә) 1887 ж.; **Б) 1884 ж.;**

В) 1892 ж.; Г) 1909 ж.

7. В.В.Радлов қайда туған?

А) Мәскеуде; Ә) Сібірде; Б) Парижде;

**В) Берлинде;** Г) Алматыда.

8. Сөйлемді аяқтаңыз: Күзде .....

А) боран соғады; **Ә) жапырақтар сарғаяды;**

Б) қар ериді; В) көк шығады; Г) қар жауады.

9. Синоним сөздерді көрсет :

**А) әйгілі, белгілі;** Ә) жер, әлем; Б) аспан, жер;

В) әйгілі, зерттеуші; Г) үлкен, кіші.

10. Құрмалас сөйлем нешеге бөлінеді?

А) 5; **Ә) 3;** Б) 2; В) 4; Г) 6.

Тест жауабы:

1. Г. 2. Б. 3. Б. 4. Ә. 5. В. 6. Б

7. В. 8. Ә. 9. А. 10. Ә.

Бекіту:

**INSERT** әдісі бойынша:

Негіз білемін?	Негіз білдім?	Негіз білгім келеді?
- Көне түркі ескерткіштерінің бар екенін.	- Руна жазуы туралы В.В.Радловтың еңбектерімен, өмірбаянымен таныстым, шын атын білдім.	В.В.Радловтың зерттеу еңбектері туралы. Отбасы жөнінде.

**Рефлексия.**

Көңіл күйлерін тексеру.

**Үй тапсырмасы:**

“В.В.Радловтың зерттеулері” тақырыбына реферат жазу.

**Бағалау.**

Күншуақ құру. Қонақтарға тілек тілеу.

Қазақ тілі туралы Руслан Мамытовтың әнін тыңдау.

- Балалар, сендер сабақтан қандай әсер алдыңдар? Алдыларыңда жатқан қағазға тілектеріңді жазып, кластерге жабыстырыңдар.

Сау болыңыздар!

Кульсун ҚАРАБАЛИЕВА,  
Орал қаласындағы  
№39 жалпы орта білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## КӨМЕКШІ ЕСІМДЕР МЕН КОММУНИКАТИВТІК ТАПСЫРМАЛАР

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларға коммуникативтік бағытта берілген тапсырмаларды меңгерту, коммуникативтік дағдысы мен білігін қалыптастыру.  
**Міндеттері:** білімділік – есте сақтау қабілетін ұлғайту, жаңа сөздерді меңгеруге, қысқа әңгіме айта және жаза білуге үйрену; **дамытушылық** – тақырып бойынша өз ойын айта білу, ауызекі сөйлеу және сауатты жазу қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – ата-анасын, бауырларын ардақтауға, қадірлеуге, әдепті болуға тәрбиелеу.

**Түрі:** дәстүрлі. **Типі:** аралас. **Әдісі:** түсіндіру, әңгімелесу, сөздік, мәтінмен жұмыс, интерактивті оқыту.  
**Көрнекілігі:** топқа қатысты суреттер, слайд, тапсырмалар жазылған қиықшалар, интерактивтік тақта. **Оқыту формасы:** жеке-дара, жұптық, топтық.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру бөлімі.**

**II. Ауызекі сөйлесу:**

- Балалар, біз қандай тарауды өтіп жатырмыз?
- Қазақ отбасында кімнің орыны ерекше? Неге?
- Кім шаңырақ иесі?
- Қара шаңырақ кімге қалады?

- Қазақ отбасында неге аса көңіл бөлінген?

III. Үй тапсырмасын тексеру (ойын арқылы тексереміз).

Үш топ өздеріне таңдап алады: «Сенім» - мен сендерге сенемін, сабақ сұрамаймын, сендер сұрақ қойып отырасыңдар; «Өкіл» - топтан бір өкілді жауап беруге шығарасыңдар; «Бәрі» –барлығыңыз жауап бересіңдер. «Ата айтады» өлеңін жатқа оқу), 6-тапсырманы (слайд арқылы – бір оқушы) орындайды.

«Сенім» тобының қойылатын сұрақтары:

- Өлеңде қандай салт-дәстүр туралы айтылған?
- Үлкенді сыйлау – ол қандай дәстүр екен?
- Өлеңде қандай көмекші есімдер берілген? т.б.

**IV. Жаңа сабақ.**

**1. Мұғалімнің сөзі:**

А)Тілдесім.

- Сонымен, балалар, үлкенді сыйлау – ұлылық, үлкенді сыйласаң, алғысқа бөленесің, үлкендердің батасын аласың.

- Сендер, балалар, үлкендерді сыйлай білесіңдер ме? Кәне, айтайық.

- Сендердің отбасыларыңда бірінші талап қандай? (Әке мен ананың сендерге қоятын ең бірінші талап-тілегі қандай?).

**2. Сабақтың мақсатын айту.**

- Қазақ отбасындағы да бірінші талап қандай екен? Мәтінді оқып талдаймыз (өздері таңдап алған суреттері бойынша топқа бөлінеді):

1-топ «Бесік», 2-топ «Шаңырақ», 3-топ «Ұя» топтары болады.

**3. Сөздік жұмысы.** Ә) Тыңдалым. Оқылым (5 минут).

Құлағына құйып өсірген (тұрақты сөз тіркесі) – жақсылап айтып түсіндірген, тіл алғыш.

Имандылыққа, тиянақты, көргенсіз болма, ұқыпты (сөз тіркесі, сөйлем құрастыру).

Б) оқылым. Мәтінмен жұмыс (оқулықтың 52-беті) – 8 минут. Жақсы оқитын оқушы немесе мұғалім мәтінді оқиды.

**4. Топтық жұмыс.** Әр топ берілген тапсырмаларды орындайды.

I топ: 1) мәтінді түсініп оқу; 2) мәтіннің мазмұны бойынша диалог құрастыру; 3) «әдептілік» деген зат есімге, «болады» деген етістікке морфологиялық талдау.

II топ: 1) мәтінді түсініп оқу; 2) мәтіннің мазмұны бойынша тірек сызба дайындау; 3) көмекші есімдерді пайдаланып екі сөйлем құрастыру.

III топ: 1) мәтінді түсініп оқу; 2) мәтінді мазмұндау; 3) *Тәрбие көрген бала өздігінен тіл алғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шығады* деген сөйлемге толық синтаксистік талдау жасау.

**5. Оқушылардың жұмыстарын тексеру (5 минут).**

**6. Мақал-мәтелдердің, ұлағатты сөздердің екінші сыңарын сәйкестендіріп, оқыған мәтінге сәйкес келетінін түсіндіру (2 минут).**

1. Атаңа не көрсетсең *дос, ақылыңа ақыл қос.*
2. Тәрбиесіз берілген білім *алдыңа сол келер.*
3. Ашу – дұшпан, ақыл – *әдепсіз бала – сорлы бала*
4. Әдепті бала – арлы бала,.. *адамзаттың қас жауы.*

**V. Сабақты бекіту, қорытындылау (5 минут).**

Топ атаулары бойынша қорытынды жасау.

- Топ атауларына байланысты мақал-мәтел айтып, сабағымызды қорытындылаймыз.

Мысалы, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» (мазмұнын түсіндіру). Ұл бала – қара шаңырақ иесі. «Тәрбие тал бесіктен басталады», т.б.

Сөзімізді қорытындылай келе, ұлы ойшыл әл-Фарабидің:

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген ақылымен сабағымызды аяқтаймыз.

- Осы оймен келісесіңдер ме? Өз ойыңды дәлелде.

**VI. Бағалау (2 минут). Топтар бір-бірін бағалайды.**

- Кімге кімнің жауабы ұнады? Қандай баға қояр едіңдер? Неге?

**VII. Үйге тапсырма:** 53-бет, 5-тапсырма (деңгейлік тапсырма).



Нұрбике ҚАЖЫМОВА,  
Орал қаласындағы  
№16 жалпы орта білім  
беретін мектептің мұғалімі.

## КИІМ КИГЕН ЗАТ ЕСІМ МЕН ЖАЛҒАУЛАРЫ

(7-сынып)

**Мақсаты:** 1) жолға шыққанда киетін киім және жастардың киімін салыстырмалы түрде айта білуге



үйрету; 2) тіл дамыту, сөздік қорларын байыту, ой-өрістерін кеңейту; 3) әдептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, ой-қозғау әдісі.

**Көрнекілігі:** суреттер, сызба-кестелер.

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру бөлімі: сұрақ-жауап.

**Мұғалім:** - Бүгін біздер киім туралы сабағымызды әрі қарай жалғастырамыз және зат есім жалғауларын қайталаймыз.

**Үй тапсырмасы:** Спорттық киім (диалог).

**4. Тақтада бір оқушы тапсырма орындайды.**

**Тапсырма:** Берілген сөздердің жалғауларын көрсету.

Оқушылар, досым, киімнің, спортшысың, саяхаттан, дүкенде.

**2-тапсырма:** Жалғау түрлерін айту, қорытынды шығару.

Спорт киімдерін пысықтау. Спорт киімдері қандай болу керек?

**Жаңа сабаққа кіріспе** (Тақтада суреттер):

қысқы киім, спорттық киім, ұлттық киім.

**3-4 сурет бойынша бүгін қандай киімдер туралы айтамыз?**

- Поезд, ұшақ, автобуспен қайда шығамыз? (жолға шығамыз).

- Суретте қандай киімдер көрсетілген? (жастар киімі).

Мұғалім: - Бүгін біздер жолға киетін киімдер және жастар киімдері туралы айтамыз.

**Жаңа сөздер:**

Қарапайым –

Сәнді –

Қолайлы, ыңғайлы –

Қыртысталмайтын –

Үйлесімді, жарасымды –

Ашық түсті –

Тақалы –

Арзан –

Мықты –

Жеңіл –

Жаңа сөздермен жұмыс: оқу, аудару, сөз тіркестерін және сөйлем құру (ауызша, жазбаша).

Оқулықпен жұмыс: Екі мәтінді мұғалім оқиды, сұрақ береді. Екінші мәтін бойынша оқушылар сұрақ береді.

**1. Мұғалім:** - Біз әрі қарай жолда киетін киім және жастар киімін салыстырайық.

(Өр оқушының алдына салыстыру кестесі беріледі).

	<i>Жолға киетін киім</i>	<i>Ортақ белгі</i>	<i>Жастар киімі</i>
Қандай?			
Түсі.			
Сапасы.			
Аяқ киім.			

**2. Кесте бойынша қорытынды шығару.**

1. Жолға киетін киім қандай?

2. Жастар киімі қандай?

3. Осы айтылғандарды **Иә \ Жоқ** тесті арқылы бекіту.

1. Жолға киетін киімнің түсі ашық. **Иә \ жоқ**

2. Тауға шыққанда тақалы аяқ киім киемін.

**Иә\жоқ**

3. Саяхатқа қыртысталмайтын киім аламын.

**Иә\жоқ**

4. Туған күн кешіне спорттық киіммен барамын.

**Иә\жоқ**

5. Жастар сәнді, үйлесімді киінеді.

**Иә\жоқ**

6. Жолға шыққанда спорттық киім ыңғайлы.

**Иә\жоқ**

**5. Келесі тапсырма:** Мына сөздерді кестеге жалғау жалғап орналастыру.

Дос, жас, саяхатшы, шалбар, суретші.

Жіктік жалғау	Тәуелдік жалғау	Көптік жалғау	Септік жалғау

1. Сөздер қай сөз табына жатады?

2. Жалғаудың неше түрі бар?

**6. Мақал-мәтелдердің екінші жартысын табу, оқу.**

1. Ағаш көркі – жапырақ, білімді меңгерсең жақсы.

2. Сыпайы – киімді

киіп тоздырады,

кісі киімі кіршіл.

3. Апасының киген

тонын,

адам көркі – шүберек.

4. Кісі аты тершіл,

Сараң – киімді жиып тоздырады.

5. Киімді кесең жақсы,

сіңлісі де киеді.

Үйге тапсырма:

1. Мақал-мәтелдерді жаттау, мағынасын білу.

2. 106-бет, 1-тапсырма.

Оқушыларды бағалау.

**Мәтін бойынша деңгейлік тапсырмалар орындау.**

Асан үстіне қара түсті спорттық костюм, аяғына спорттық аяқ киім, басына тоқыма малақай, қолына жұқа былғары қолғап киді. Ол демалыс күнін тауда өткіземін деп шешті. Күз мезгілі.

Анар үстіне жұқа, гүлді, қысқа көйлек, аяғына биік тақалы, ақ аяқ киім киді. Шашын сәнді түрде жинады. Жаз мезгілі.

**1-деңгей:**

1. Асан және Анар қайда жиналды?

2. Мәтіннен сын есімдерді теріп жазу.

**2-деңгей:**

1. Мәтінге сұрақтар бер.

2. Мәтіннен мына сөздерге антоним тап

Ақ – , қалың – , ұзын – , аласа – .

**3-деңгей.** 1. Сен жолға және кешке қалай киінер едің? Әңгімелеп жаз.

2. «Қара, бас, жаз» сөздерімен омоним ретінде сөйлем құраңдар.

Айман СЕРҒАЗИНА,  
Екібастұз қаласындағы  
№10 орта мектептің  
қазақ тілі  
пәнінің мұғалімі.

## ЕЛ ТІРЕГІ – ТІЛ

**Сайыстың мақсаты:** білімділік – мемлекеттік тілді құрметтей білу, тілге деген сүйіспеншілік сезімін тудыру, білім деңгейін шыңдау арқылы өзінің ана тілі жайында сұхбаттаса білуді үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру, сөздік қорын байытып, ойлау қабілетін жетілдіру; **тәрбиелік** – оқушылардың өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімі қалыптасуына ықпал ете отырып, тіліне, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті ояту, қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру, мемлекеттік тілді – қазақ тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** нақыл сөздер жазылған плакаттар, қазақ тілін зерттеуші ғалымдардың портреттері.

### Сайыстың барысы:

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- Құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар «Ел тірегі – тіл» атты білім сайысын бастауға рұқсат етіңіздер!

Әр ұлттың өз ана тілі бар. Туған тілге деген сүйіспеншілік бала кезден басталады, ана сүтімен бойға сіңеді. Өз халқының мәдениетіне, дәстүріне деген

көзқарас туған тіліңді білуден басталады. Өз тіліңді сүйюмен бірге өзге халықтың тілін үйрену, құрмет тұту – ең басты мәселе.

1-оқушы:

- Сүйемін туған тілді – ана тілін,  
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.  
Шыр етіп жерге түскен минутымнан  
Құлағымға сіңірген таныс үнім. (Сұлтанмахмұт)

2-оқушы:

- Жанымды жадыратқан бала тілім,  
Жыр, ертегі жаттаттырған сана тілім.  
Жаралып жермен бірге, Күн көзімен  
Жасасқан қазақ тілі – ана тілім!

3-оқушы:

- Қазақ тілі – бүкіл менің ғұмырым,  
Сол арқылы кеңіді ойым, ұғымым.  
Соның терең мұхитында шалқимын,  
Ол бар жерде асқақтайды тұғырым!

*Бірнеше оқырман тіл туралы жазылған қанатты сөздерді оқи отырып, бір-біріне сұрақтар қою арқылы пікір алысады.*

1-оқушы:

- Мен саған «Осы тіл не үшін керек?» деген сұрақты қойғым келіп отыр.

2-оқушы:

- Досым-ау, тіл бір-бірімізбен сөйлесу, түсінісу үшін қажет қой. Апай «Тіл – қарым-қатынас құралы» деп түсіндірді емес пе?

1-оқушы:

- Жарайды, тіл қарым-қатынас құралы-ақ болсын, онда адамдардың бәрі бір ғана тілде сөйлеп, түсінісе бермей ме? Ана тілі деп бөлгені несі?

2-оқушы:

- Ой, айтқышбегім-ай. Кез келген адамның өз анасы болатыны сияқты дүние жүзіндегі халықтардың да өз анасы, өз тілі, өз Отаны бар емес пе?

3-оқушы:

- Балалар, ана тілі дегеніміз – ананың ақ сүтімен бойға дарыған өз анамыздың тілі ғой. Ал ана деген – бәрінен қастерлі, аяулы да асыл жан.

4-оқушы:

- Мен сендерге Әли Әпекұлының ана тілі туралы мына өлеңін оқып берейін:

Ана тілім – бала-шағам, өркенім,

Ана тілім – болашағым, ертеңім.

Ана тілім – сайын далам, жер-көгім,

Ана тілім – арман, ойым, өрнегім.

Ана тілді білмесем,

Шат-шадыман күлмес ем.

Жер бетінде сайрандап,

Қазақ болып жүрмес ем.

1-оқушы: - Тілді білу – халықты, тарихты сыйлау. Неше тіл білсең, сен сонша рет адамсың. Қазіргі заманда полиглот болу – өмір талабы.

### **Полиглот шеруі.**

1-оқушы: - Шығыс ғұламасы әл Фараби 70-ке жуық тіл білген.

2-оқушы: - А.С.Пушкин француз, ағылшын, неміс, итальян, латын, грек тілдерінде сөйлеген.

3-оқушы: - Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгерген.

4-оқушы: - И.Крылов Еуропаның негізгі тілдерін түгел игерген.

5-оқушы: - Мұзафар Әлімбаев татар, қырғыз,

қарақалпақ тілдерінен сөздіксіз аударды.

1-оқушы: - Көп тіл білсең – көкжиегің кең болар,

Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.

Қай елде сен жүрсең де бұл, дұрысы –

Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар!-

деген ақын ойы орынды.

2-оқушы: - Қазақстан – көп диаспоралы мемлекет. Көп диаспоралы мемлекет үшін мемлекеттік тіл өте қажет. Мемлекеттік тіл – көп диаспоралы елдің барлық халқын саяси-мәдени бірлікке ұйымдастырудың басты құралы.

3-оқушы: - Олай болса, қазақ тілін жете білу арқылы біздер өнер мен білімнің, мәдениет пен ғылымның биігіне жетіп, өз халқымыздың өткен-кеткенін зерделеп, оны әлемге таныта аламыз.

**Бәрі:** Ана тілін қастерлеп, құрметтейік!

1-оқушы: - Ал, балалар, енді «Жалғасын тап» ойынын ойнайық. Ойынның шарты бойынша мақал-мәтелдің, қанатты сөздердің жалғасын табу керек.

1. Тіл – адам ойынын ... (айнасы).

2. Аңдамай сөйлеген ... (ауырмай өледі).

3. Тисе – терекке, тимесе – ... (бұтаққа).

4. Ойнап сөйлесең де, ... (ойлап сөйле).

5. Айтылған сөз ... оқпен тең (атылған).

6. Бал тамған тілден ... тамар (у да).

7. Көп сөз – ... (бос сөз).

8. Көп сөз – күміс, аз сөз – ... (алтын).

2-оқушы:

- Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып,

Ана тілін білмей өскен – әңгүдік.

Өсер болсаң, байтақ далам тұрғанда,

Қазақ тілі жасау керек мәңгілік! – деп жырлаған шайыр пікірі көкейге қонымды.

**Майра ЕРМЕНОВА,**  
**Қостанай облысының**  
**Лисаков қаласындағы**  
**№6 орта мектебінің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**

## **НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ**

**Жүргізушілер:** – 8 «б» сынып оқушылары Бинеева  
Сабина мен Пугалов Александр.

(Жайлап музыка ойнап жатыр).

**Сабина:** - Армысыздар, құрметті қонақтар, оқушылар  
мен оқытушылар!

**Александр:** - Уважаемые гости, учителя и учащиеся!  
Разрешите открыть наше мероприятие, посвященное  
празднику Наурыз.

**Сабина:**

- Ұлыс күні кәрі-жас

Құшақтасып көріскен.

Жаңа ағытқан қозыдай

Жамырасып өріскен.

Шалдар бата беріскен

Сақтай көр деп терістен.

Кел, таза бақ, кел десіп,

Ием, тілек бер десіп

Жасасын Наурыз айымыз,

Жасасын Наурыз тойымыз!

**Александр:** (читает легенду о Наурызе) - В это время  
ставим диск с презентацией «Наурыз».

Из седой старины дошло до нас такое удивительное  
предание. Жил-был один отважный батыр. Его народ

занимал столь обширные земли, что один край упирался  
в горы с ледяными вершинами, другой в море широкое,  
третий в пустыню безжизненную, а четвертый в леса  
дремучие. Батыр тот был мужественным воином. Всю  
жизнь он воевал и раздвигал границы своей страны.  
Войска его были постоянно в бою, то отражали нашествия,  
то сами смерчем проходили по чужим землям. И вот  
отправился батыр в очередной поход. Он длился долго.  
Соскучились по воинам родные и близкие, истосковалась  
по плугу земля.

Вернулись, наконец, воины из похода. Батыр соскочил с  
коня, воткнул копье в землю, прилег и заснул крепким сном.  
Семь дней он спал. А пробудился, увидел: только недавно  
пролился благодатный дождь. Вокруг густо зазеленела  
степь, пели птицы. Батыр решил снова отправиться в  
поход. Вскочил на коня, но только было потянулся за  
копьем, как застыл пораженный. Дерево грозного оружия  
проросло и пустило зеленые побеги. Вот так чудо! Увидев  
это, батыр задумался, а затем приказал войску спешить  
и расседлать коней. Поход был отменен. По преданию,  
именно с этого дня берет начало празднование Наурыз.

**Сабина:** - 8 «б» сынып оқушысы Садыбеков  
Қайыржанның орындауында – «Тойбастар» күйі. Қарсы  
аламыз!

**Александр:** - Кюй «Тойбастар» в исполнении уча-  
щегося 8 «б» класса Садыбекова Каиржана. Встречаем!

**Сабина:** - Құрметті қонақтар, мұғалімдер, оқушылар!  
Бүгінгі байқауға төрт команда қатысады. Команда  
қатысушыларын қарсы аламыз!

1-команда – ҚОҢЫРАУ.

2-команда – ҚАЛАМПЫР.

3-команда – БАҚБАҚ.

4-команда – МЕРУЕРТ.

**Александр:** - Встречаем участников сегодняшнего конкурса. Это четыре команды 8 «б» класса:

Команда «Қоңырау».

Команда «Қалампыр».

Команда «Бакбак».

Команда «Меруерт».

**Сабина:** - Оқушылардың жауаптарын әділқазы бағалайды. Әділқазы құрамында:

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Мәмелбаева Гүлсара Сайлаубайқызы, Цибулько Марина Александровна – 8 «б» сыныптың ата-аналар комитетінің төрағасы, қазақ тілі мұғалімі Сатыбалдина Құралай Дастанқызы. Қарсы аламыз!

**Сабина:** - 1-тапсырма – әр команданың атауы жыл мезгілі – көктемге байланысты. Көктемнің бірінші белгісі – гүлдер. Қазір әр команда өз атауын аударды.

**Александр:** - 1-задание – перевести название своей команды на русский язык (время-1 минута).

**Сабина:** - 2-байқаудың тапсырмасы – тағамдар туралы. Сабина раздаёт задания. Екінші тапсырма екі бөлімнен тұрады.

**Александр:** - 2-задание – о национальных блюдах казахской кухни. Нужно ответить на вопросы и рассказать о казахском национальном блюде.

**Сабина:** - Наурыз мейрамы – жаңа жыл, ал жаңа жылда адамдар бір-бірін құттықтайды. Енді біз де достарымызға, ата-аналарымызға құттықтау хат жазайық. (раздаёт открытки).

**Александр:** - Наурыз в переводе с персидского языка значит «новый». А в Новый год люди поздравляют друг друга. Задание нашим участникам – написать поздравление другу или родным.

**Александр:** - А пока наши команды выполняют очередное задание, ведущая объявит следующий музыкальный номер.

**Сабина:** - 8 «б» сынып оқушысы Садыбеков Қайыржанның орындауында – «Балбырауын» күйі. Қарсы аламыз! (Садыбеков Қайыржан сахнаға шығады).

**Александр:** - В исполнении учащегося 8 «б» класса Садыбекова Каиржана звучит кюй «Балбырауын».

**Сабина:** - Қазақ қыздарының бойында шаштың да алар орыны өзгеше. Шаш – адамның көркі. Шығыс қыздарының шаш өсіруі, әдемілігі бүкіл әлемге әйгілі болған. Бұл мезгілдегі шаш үлгілерінің бірі – өрілген шаш. Өрілген шаш адамды жинақы әрі әдемі көрсетеді. Өрілген шашқа қараған көз тояды.

Келесі тапсырма – әр команда өрілген шаш үлгісін көрсетеді.

**Александр:** - Во все времена восточные девушки славились красотой своих волос. Волосы восточных красавиц от природы густы, имеют красивый блеск. Количество заплетенных кос говорило о семейном положении женщины: одна коса – эта женщина замужем, две косы – девушка незамужняя.

«Коса – девичья краса». Задание – нужно красиво заплести волосы. (10 минут).

Сабина раздаёт командам расчески, ленты и банты.

**Сабина:** - А пока наши участницы соревнуются, мы проверим знания наших гостей – учащихся.

Вопросы зрителям:

1. Кто и кому дарил в этот день расческу и зеркало и для чего?

2. Как зовут сказочного персонажа, который появляется в образе старца в ночь с 21-го на 22-ое марта?

3. Как называли детей, родившихся в этот день?

4. Что означает Наурыз в переводе с персидского?

5. Какой цветок является символом этого праздника?

6. Назови казахские национальные игры.

7. Наурыз отмечают только в Казахстане?

8. Назови национальные блюда казахского народа.

9. Расскажи, как готовится наурыз көже.

**Сабина:** - Әр мейрам өлеңсіз өтпейді. Келесі тапсырма: берілген өлеңді мәнерлеп, сезіммен оқу.

**Александр:** - Ни один праздник не обходится без песен и стихотворений. Следующий, заключительный конкурс посвящается им. Задание – передать чувствами содержание стихотворений (время для подготовки – 5 минут).

**Сынып жетекшісі:** - Әділқазыларға сөз береміз.

Марапаттау сәті.

**Сабина:**

- Оқушының биіктетіп өресін,

Сөгіп жүрген қиындықтың көбесін

Ұстаздарға айтар тілек Наурызда:

«Бүкіл шәкірт қуанышқа бөлесін!»

**Александр:** - Дорогие друзья! Пусть этот день запомнится навсегда. Пусть этот день песней останется в наших сердцах.

(Ведущие раздают бауырсаки).

**Тапсырмалар:**

Көктем жаңбыр себелеп,  
Көк орай шалғын жетілсін.

Наурыз нұры жебелеп,

Жамандықты кетірсін.

Наурызбенен жаңарсын,

Жаңарып негіз қалансын.

\*\*\*                    \*\*\*

Күн мен айға әлемнің,

Берем ыстық сәлемін.

Қарттарыма сүйініп,

Сәлем берем иіліп.

Орындалсын ойларың,

Құтты болсын тойларың!

\*\*\*                    \*\*\*

Қалшы осында бір ән-жыр болып,

Қалшы осында нәсерлі жаңбыр болып.

Осы тойға өзімде арнап барам,

Табысым бар, ісім бар салмақтаған.

Рахмет айтам осындай жаңа күнге,

Дәстүрімді, салтымды ардақтаған!

\*\*\*                    \*\*\*

Жаратылыс бұл гүлді

Жаратыпты қызға арнап.

Содан болар ғұмырлы

Атанғаны қызғалдақ.

\*\*\*                    \*\*\*

Құлпырады ол-дағы

Көктемнің күнінде.

Сәл кешіксең болғаны,

Таба алмайсың бірін де.

**Бағалау парағы**

Команда атауы:	1-тапсырма – (команда атауын аудару).	2-тапсырма – «Тағамдар».	3-тапсырма – Құттықтау хат жазу.	4-тапсырма – Шаш өру.	5-тапсырма – Қызғалдақ жасау.	Жалпы ұпай саны.	Орын немесе номинация.
Қоңырау							
Меруерт							
Бақбак							
Қалампыр							

**Бауырсақты пісіруде қай тағам артық деп санайсыз?**

Тұз, ұн, қант, май, бұрыш, ашытқы.

(Сан арқылы көрсетіңіз).

**Наурыз көжені жасағанда тағамдарды реті бойынша қалай саласыз?**

Тұз, бұршақ, ет, бидай, су, арпа, тары.

(Сан арқылы көрсетіңіз).

**Қандай тағам қазақ халқының ұлттық тағамына жатпайды?**

Қазақша ет, қуырдақ, қымыз, мәнті, жент, сорпа, қазы-қарта.

**Қазақ халқының ұлттық тағамдарын неше топқа бөлуге болады?**

Әр топқа мысал келтіріңіз.

**МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ТҮРІНІҢ  
ҮЛГІСІ**

Ертеде бір қадірлі, шешен қария дүниеден өтерінде қасына ұлын шақырып алып: - Балам, мен ұзамай жарық дүниемен қош айтысамын. Әкем қазына қалдырмады деп қамықпа. Ел ішінде қалдырып бара жатқан асыл мұрам бар. Соны іздеп тап, қадірле, қастерле, - депті.

Мұны естіген бала әке мұрасын іздеймін деп ел кезеді, бірақ таба алмайды. Бір күні бала ел ішіндегі дана қарияға келіп, әкесінің айтқанын айтады. Сонда қария: «Әкеңнің сөзі рас, балам. Оның саған қалдырған мұрасы – тіл. Ол шешен адам еді ғой. Бәріміз де сөйлеуді сенің әкеңнен үйрендік. Адамға тілден артық қазына жоқ», - деп аталы сөздің шешуін айтыпты.

Міне, осындай қазынаны әлемдегі жүздеген ұлттардың арасында қазақ елінің еңсесі биік, мәртебесі жоғары болсын десек, алдымен қазақ тілін қастерлеп, өркендете білуіміз керек.

*Мәтінді оқып шығып, ат қойыңыз, мазмұны бойынша жоспар құрастырыңыз. Негізгі ой қай сөйлемде берілген деп ойлайсыз? Мәтін бойынша 3 сұрақ құрастырыңыз (тапсырма жазбаша орындалады).*

Қазақ халқының ұлттық киімдері үш түрге бөлінген. Олар – бір киер киім, күнделікті киімдер, жұмыс киімдері. Бір киер деп жиындарға, той-думанға барғанда киетін сәнді киімді атаған. Мұндай киімдерді сәнді етіп тігіп,



жаға, жеңдерін әшекейлеп кестелейді. Олар – ашық түсті көйлек, қамзол, шапан, аң терісінен тігілген ішіктер мен үкілі тақия, сәукеле, бөрік сияқты көрнекті киімдер. Бұл киімдер тойдан кейін көп киілмей, таза күйінде сақталады. Бір киер киімді күнделікті тұрмыста киіп, өте жарқырап жүру – ұқыпсыздық әрі ол сыпайыгершілікке жатпайды. Бұл артық сәнқойлық деп есептеледі. Бірақ бойжеткен қыз бен жас келіншектер әрқашан сәнді киінуге, білезік, сырға, алқа салып, шолпы тағуға ерікті еді.

1. Мәтін мазмұнына үш сұрақ қойып, жауап бер.

2. Асты бір сызықпен сызылған сөзді септе.

3. Асты сызылған сөйлемді сөйлем мүшелеріне талда.

4. Асты екі сызықпен сызылған сөздерді құрамына қарай талда.

Үлестірмелі тапсырмалар үлгісі.

Берілген сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар: *Қыс мезгілі келді. Қыста табиғатта көптеген өзгерістер болады. Қар жауады. Күн суытады. Адамдар жылы киімдерін киеді. Табиғат бір сиқырдың әсерімен қатты ұйқыға батып кеткендей болады.*

Берілген сөздерді қазақ тіліне аударыңдар: *прохладный, завтра будет тепло, подниматься в горы, здоровье, активно участвует, постоянно, советоваться, добрый, милый, хорошо.*

«Менің Отаным» тақырыбына шағын әңгіме жазыңдар.

№1-кәртiшке.

1. Септе: мамандық, ана;

2. Жiкте: ұста, ардагер;

3. Тәуелде: тәрбие, отбасы;

4. Синтаксистік талдау жаса: Өскен жерім, сені қатты сағындым!

5. Морфемдік талдау жаса: туған жеріме, сұрамақпын,

өлеңші, басыңнан;

№2-кәртiшке.

1. Септе: білім, сағат;

2. Жiкте: жаз, демалыс;

3. Тәуелде: құрал, телефон;

4. Синтаксистік талдау жаса: Біз сабақта көп білім аламыз;

5. Морфемдік талдау жаса: сөздіктер, жетістіктері, жұрнақтары.

№3-кәртiшке.

1. Септе: маға, кесе;

2. Жiкте: заң, уақыт;

3. Тәуелде: талап, естелік;

4. Синтаксистік талдау жаса: Сен маған естелікке сурет бердің.

5. Морфемдік талдау жаса: кездесу, бақыттымыз, өткіземін;

№4-кәртiшке.

1. Септе: мезгіл, бауыр;

2. Жiкте: нағашы, жиен;

3. Тәуелде: жезде, жеңге;

4. Синтаксистік талдау жаса: Біздің үйге кешке қонақ келеді.

5. Морфемдік талдау жаса: аңдар, орманды, жергілікті маман;

№5-кәртiшке.

1. Септе: қайың, емен;

2. Жiкте: ақын, ойыншы;

3. Тәуелде: шырша, шалғын;

4. Синтаксистік талдау жаса: Аспанда бұлттар көшіп жүр;

5. Морфемдік талдау жаса: күзгі жаңбыр, ауа райының тамашасын-ай!

Сәуле МЕДЕУОВА,  
Павлодар қаласындағы  
№7 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІНЕН ДИДАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

(8-сынып)

### VI модуль . Денсаулық. «Темекі саған дос емес»

Қоршаған орта темекімен де ластануда. Егер дүние жүзіндегі барлық адамдар темекі тартуды қойса, ауа қалай тазарар еді.

Темекінің әрбір данасы адам өмірін 15 минутқа қысқартады.

Бір темекі тартатын адам оның әрбір данасынан 0,4-0,5 мг улы никотин қабылдайды.

Темекі кез келген ауруды ушықтырады.

Темекіден ауаға жылына 720 тонна күкірт, 384 мың аммиак, 180 мың тонна никотин, 550 мың тонна иісті газ шығады.

Темекі әр адамның жеке бюджетіне де шығын келтіреді. Швейцарияда жыл сайын «Темекі шекпейтін күн» аталып өтеді.

Сингапурде жұмыс орынында, дәлізде, тіпті, әжетханада шылым шеккендерге айыппұл салынады.

Францияның кейбір фирмаларында шылым шегуді тастаған қызметкерлерге сыйақы беріледі.

*I тапсырма: Мәтінді оқыңдар. Мәтінге сұрақтар қойыңдар.*

*II тапсырма: Төмендегі тақырыптардың біріне үлгі бойынша қысқаша хабарландыру не болмаса жарнама жазыңдар.*

**Керекті тақырыптар:** «Темекі шегу зиян», «Дене шынықтыру», «Салауатты өмір салты».

*III тапсырма. Адам денсаулығын күту үшін неге көңіл бөлу керек? Өз ойларыңды білдіріңдер.*

---

*VI тапсырма: Берілген сөйлемдерден анықтаушыты тауып, оларға сұрақ қойыңдар.*

1. Біздің дәрігер өте қарапайым, қашан барсаң да ақжарқын көңілмен қарсы алады.

2. Барлық дәрігер – мейірбан, адал жандар.

3. Әр оқушының медициналық карталары сөреде жиналып тұр.

4. Балалардың денсаулығына көңіл бөлу – мектеп дәрігерінің борышы.

### VIII модуль . Жыл мезгілдері.

#### Ауа райы туралы халық болжамдары

Кірпі інін беткейден қазса, қыс жылы; етектен қазса, қатты аязды болады.

Борсық інінен шығып, ысқырып үн шығарса – көктемнің келгені.

Жыландар өз мекенін тастап, жосылып, қоныс аударса, сол жерде ірі жер сілкінісі болады. Жазда жылан созылып жатса, қыс жылы болады; иіріліп жатса, суық болады.

Аралар күзде омарта тесігін балауызбен жапсырып, кішкентай ғана саңылау қалдырса, қыс қатты болады. Қыс жылы боларда, ара омарта тесігін ашық қалдырады.

Жаңбыр жауарда көлбақалар жағаға секіріп шығып бақылдайды.

Бақа судың бетіне шығып, тұмсығын тысқа шығарып бақылдаса, ауа райы бұзылады. Ауа райы суық боларда, бақа дыбыс шығармайды.

**I тапсырма: Мәтінді оқып, есте сақтаңдар. Мәтін бойынша екеуара сөйлесіңдер.**

**II тапсырма: Кестені толтырып, әңгімелеңдер.**

№	Жыл мезгілдері	Ай атаулары	Табиғат ерекшелігі	Не істегенді ұнатасың?
	Жаз			
	Күз			
	Қыс			
	Көктем			

**III тапсырма: Берілген үлгі бойынша диалогті жалғастырыңдар.**

- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Айларын атандар.
- Осы мезгілде ауа райы қандай?
- Сен қай мезгілді ұнатасың?

**VI тапсырма: Берілген сөздерді кірістіріп, сөйлем құрастырып жазыңдар.**

**Үлгі: Ұлыстың ұлы күні барша халық жақсы тілектер айтады.**

Жыл басы – жаңа жыл, тілек – бата, ырыс – бақ, мереке – мейрам

## VIII модуль. Жыл мезгілдері.

### Жайлау

Жыл он екі ай көктем, жаз, күз, қыс болып төрт маусымға бөлінеді. Әр маусымда үш ай, яғни, тоқсан күн болады. Көшпелі халық осы жыл мезгілдеріне қарай қонысын көктеу, жайлау, күзеу, қыстау деп атаған.

Ертеректе біздің ауыл наурыз, көкек, мамыр айларында қыстаудан қозы көш жердегі көктеуге көшіп-қонып, мал төлдететін. Содан соң жайлауға көшіп барып, маусым, шілде, тамыз айларын сонда өткізетін.

Жайлау қыстаудан алыс. Оны шөбі шүйгін, суы әрі мол, әрі тұнық, салқын ауалы жерден таңдайды. Жазда жер беті масаты кілемнің түріндей құлпырады. Халық бие байлап, қымыз ішеді, айран ұйытып, құрт жинайды, ірімшік қайнатады. Қысқа арнап азық-түлік жияды.

**I тапсырма: Мәтін бойынша төмендегі сөйлемдердің дұрыс/бұрыстығын тексер:**

- а) Әр маусымда үш ай, яғни, тоқсан күн болады.
- ә) Қазақтар қонысын көктеу, жайлау, күзеу, қыстау деп атаған.
- б) Көшпелі халық қыстауда мал төлдететін.
- в) Жайлауға көшіп барып наурыз, сәуір, мамыр айларын сонда өткізетін.
- г) Жазда халық бие байлап, қымыз ішеді, айран ұйытып, құрт жинайды, ірімшік қайнатады.

**II тапсырма: Пікірлесейік.**

- Жер Күнді жылына неше рет айналып шығады?
- Күн жерді қай жағдайда қыздырады?
- Аязды қыс қай уақытта келеді?
- Жыл мезгілдері қалай ауысады?

- Қазақтар қай мезгілде малын жайған?

- Жайлау деген не?

**III тапсырма: Атаулы сөйлемдерді қолданып, жаз мезгілінің табиғат көрінісін суреттеңдер.**

Үлгі: Жаз. Дала жап-жасыл.

Тірек сөздер: ыстық, күн, жайлау, айнала.

## IX модуль. Ұлттық тағамдар.

### Қонақ кәде

Бір күні Қылышбай қоналыққа Көлбай деген сараң байдың үйіне кеп түседі. Беймезгіл қонақтың келуін жаратпаған Көлбай оған ас аспай, шай ғана береді. Шай ішіп болған соң, жатып ұйықтар алдында Көлбай Қылышбайға «қонақ кәде» істе дейді. Қылышбай:

- Ол қалай болушы еді? – дейді.

- Бір ауыз өлең шығарсаң, сол қонақ кәдең болады, - депті бай, осыдан не шығар дейсің дегендей.

Сол жерде Қылышбай:

- Сөйлеймін сөйле десең, Көл – ағасы

Бермейсің, қонақ келсе, қонақасы.

«Көлбай» деп қайран атты кім қойды екен?

Көл түгіл жоқ шұқанақ садағасы,- деп суырып салыпты. Қонағының сөзінен шошыған Көлбай:

- Әй, бәйбіше, мына өлең елге жайылып, жұрт бізді мазақ етер. Тезірек ет ас! - депті.

**I тапсырма: Берілген қиықшаларға мәтіннің ішінен тиісті сөз тіркестерін жазыңдар, қысқаша мазмұндаңдар.**



**II тапсырма: Берілген сөздерді кірістіріп, жалаң және жайылма сөйлем құрастырыңдар.**

Үлгі: Ет пісті. Қазақ халқының ұлттық тағамдары еттен де, сүттен де әзірленеді.

Ұлттық, тағам, пайдалы, әзірленген, шипалы.

**III тапсырма: Берілген сөздерді сөз құрамына қарай талдаңдар.**

Тағамдарынан, сүтпен, шаруашылығымен, айналысқан.

## IX модуль. Ұлттық тағамдар.

### Қуырдақ

Қуырдақ – көбінесе, ірі қараның ұсақтап туралған сан, қол етінен, қойдың мойын етінен, өкпе-бауыр, ішек-қарыннан қуырылып жасалатын тағам. Оның басқа тағамнан ерекшелігі – тез әзірленетігінде.

Ішек-қарын, өкпе-бауыр, қуырдағын мал сойылысымен өкпесін, бауырын, ащы ішегін, қарынын, бауыр ет пен мойын етін және сан, қол, белдемелерінен түсетін қиқым еттер мен шашырқай, шарбы майларын, ішек-қарынын, өкпе-бауырын қосып турап қуырады.


Соғым қуырдағы – соғым сойысқан кісілерге сол күні қуырып беретін мол қуырдақ. Бұған да мойын ет, көкбауыр, өкпе-бауыр, ішек-қарын, ішмай, қабырғаның омыртқадан

ажырасатын тұсындағы басынан түскен кесінді ет пен сан, қол еттері қосылады. Бұл қуырдақтың басқа қуырдақтан өзгешелігі – жас ет әуелі суға қайнатылып, пісірілген соң ғана туралады.

Туралған ет тұз салынған өз сорпасына қайта қайнатылады. Бір қайнаған соң оған бөлек шыжғырылып алынған май құйылады, пияз, бұрыш салынады. Содан соң қазанның қақпағы жабылады. Қуырдақтың түрлері: Сүр қуырдақ, уыз қуырдақ, сүт қуырдақ, қарын қуырдақ, құйкалы қуырдақ, қолдама қуырдақ, т.б.

**I тапсырма:** Мәтінді мұқият оқып, қуырдақтың қалай әзірленетінін айтып беріңдер.

**II тапсырма:** Венн диаграммасы бойынша айырмашылығы мен ұқсастықтарын жазыңдар.



**III тапсырма:** «Қазақтың ұлттық тағамдары» атты тақырыпқа шығарма жазыңдар.

#### X модуль. Тұрмыстық қызмет.

##### Ұлы Жібек жолы


Ұлы Жібек жолы – біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдан бастап, XVI ғасырға дейін қолданылған сауда жолы. Қытайдың жібегі осы жолмен тасымалданған. Сондықтан ол Жібек жолы деп аталады. Бұл жол Қытайдың орталығынан басталған. Ол қазақтың кең даласын басып өтіп, Самарқанд, Бағдад қалалары арқылы Жерорта теңізіне дейін созылған. Оның жалпы ұзындығы

7 мың шақырымға жетті.

Ұлы Жібек жолы әр түрлі елдердің арасында экономикалық және мәдени байланыстардың дамуына ықпал етті. Қазір Ұлы Жібек жолы өтетін елдер мен қалалар арасында сауда байланыстары қайта қалпына келтірілуде.

Ұлы Жібек жолы нарық экономикасы үшін бірден-бір сауда көзі болып табылады.

**I тапсырма:** Мәтінді мұқият оқып, сызбаны толтырыңдар.



**II тапсырма:** Берілген диалогті толықтырып жазыңдар.

- Сен Ұлы Жібек жолы туралы білесің бе?
- \_\_\_\_\_
- Бұл жол неге «Ұлы Жібек жолы» деп аталады?
- \_\_\_\_\_
- Ұлы Жібек жолында негізгі тауар не болды және неліктен?
- \_\_\_\_\_

**III тапсырма:** Синонимдерді қатыстырып, толымды және толымсыз сөйлем құрастырып жазыңдар.

**Үлгі:** Сауда байланысы тез дамып келеді. Ұлы Жібек жолы.

Даму – өсу, ықпал ету – әсер ету, қарым-қатынас – байланыс.

## XI модуль. Қоршаған орта.

### Қазақстанның қорықтары

Табиғатты қорғаудың ең жоғары әдісі – қорықтар ұйымдастыру. Қорық жерінің табиғаты қатаң қорғалып, адам араласуынсыз табиғи сақтауларға жағдай жасалады.

Елімізде 9 қорық бар. Ақсу – Жабағылы қорығы, Алматы қорығы, Барсакелмес, Марқакөл, Қорғалжын, Үстірт қорығы, Батыс Алтай қорығы, Наурызым қорығы, Алакөл. Қорықтардың екеуі, Ақсу-Жабағылы мен Қорғалжын қорықтары, халықаралық маңызы бар қорықтар тізіміне алынған.

#### I тапсырма. Кесте бойынша жұмыс орында.

Азатжолдың аты	Азатжолға сұрақ	Кілтті сөздер	Аудармасы

#### II тапсырма. Мәтінді қайтадан құру жаттығулар

1. Мәтіндегі кілтті сөздерді теріп жаз, олармен сөйлем құра.
2. Сөйлемдерді мәтіннің логикасымен ретке келтір.
3. Мәтін бойынша сызба құрастыр.



4. Сызба бойынша сөйлемдерді ретке келтір.

## XII. Саяхат.

*I тапсырма: Географиядан алған білімдеріңді пайдаланып, ірі қалаларды атаңдар. Олар қандай аймақтарда орналасқан? Әңгімелеңдер.*

### Қазақстанның картасы



*II тапсырма: Оқшау сөздерді қолданып, диалогті толықтырып жазыңдар.*

Алма: - Санжар, сен жазда қайда қыдырдың?

Санжар: - \_\_\_\_\_

Алма: - Бәрекемді, жақсы қыдырғансың ғой!

Санжар: - \_\_\_\_\_

Алма: - Бәсе, өзім де солай ойлап едім.

Санжар: - \_\_\_\_\_

Алма: - Сірә, тағы да қыдыратын шығарсың?

Санжар: - \_\_\_\_\_

*III тапсырма: Одағайдың түрлеріне сөйлем құраңдар.*

Үлгі: *Уа, туған жер – алтын бесік!*

*VI тапсырма: Оқшау сөздерді қолданып, берілген антонимдер мен синонимдерге сөйлем құрастырыңдар.*

Кең – байтақ, аймақ – өлке, сәулетті – көрікті, бөліну – бөлінбеу.

Бақыт СЕГІЗБАЕВА,  
Алматы қаласындағы  
І.Жансүгіров атындағы  
№130 гимназияның мұғалімі.

## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

**1. Сөздің дұрыс аудармасын көрсет: мемлекет –**

- а) столица;
- ә) государство;
- б) область;
- в) центр.

**2. Рәміздерді білдіретін сөздерді ата:**

- а) ат, қой, гүл;
- ә) Елтаңба, Әнұран, Ту;
- б) ағаш, күн, су;
- в) тау, жол, көше.

**3. Қазақстанның астанасы қай қала?**

- а) Астана;
- ә) Алматы;
- б) Семей;
- в) Талдықорған.

**4. Сөзде неше буын бар, көрсет: елтаңба –**

- а) 4;      ә) 3;
- б) 2;      в) 6.

**5. Қазақстанның қазіргі астанасы:**

- а) Тараз;
- ә) Алматы;
- б) Астана;
- в) Атырау.

**6. Дұрыс аудармасын белгіле: біздің Отанымыз –**

- а) наш город;
- ә) наше село;
- б) наша страна;
- в) наша Родина.

**7. Астана қандай қала?**

- а) кішкентай;
- ә) жас;
- б) орманды;
- в) таулы.

**8. Сен қай қалада тұрасың?**

- а) Астана;
- ә) Атырау;
- б) Алматы;
- в) Тараз.

**9. Қазақстанның ежелгі қалалары қайсысы?**

- а) Алматы, Түркістан, Астана;
- ә) Түркістан, Теміртау, Отырар;
- б) Тараз, Көкшетау, Қостанай;
- в) Түркістан, Отырар, Тараз.

**10. -іміз жалғауы сәйкес келетін зат есімді тап:**

- а) Отан;
- ә) Мемлекет;
- б) қала;
- в) аудан.

**11. Мақалды жалғастыр.**

Отансыз адам –

**12. Алматы қаласы Қазақстанның қай бөлігінде орналасқан?**

- а) Оңтүстік;
- ә) Солтүстік;
- б) Шығыс;
- в) Батыс.

**13. «Отан» өлеңінің авторы кім?**

- а) Қ.Мырзалиев;
- ә) Б.Ысқақов;
- б) Ш.Мамасерікова.

**14. Қазақстанда неше астана болды?**

- а) 4;      ә) 3;
- б) 2;      в) 1.

**15. Сөздердің аудармасын тап:**

Отан –

Ту –

Әнұран –

Мемлекет –

Елтаңба –

Астана –

**16. Ақмола қаласы қай жылы Астана болып аталды?**

- а) 1996;      ә) 1995;      б) 1998;      в) 1997.

**17. Қазақстанда неше облыс бар?**

- а) 10;      ә) 14;      б) 13.

**18. Мына сөйлемнің аудармасын тап:**

**Сіздің Отаныңыз – Қазақстан.**

- а) Его родина Россия;
- ә) Ваша родина – Казахстан;
- б) Его друг – казахстанец.

**19. Қазақстанның Президенті кім?**

- а) Барак Обама;
- ә) Нұрсұлтан Назарбаев;
- б) Дмитрий Медведев;
- в) Владимир Путин.

**20. Қазақстан елтаңбасының ортасында не бейнеленген?**

- а) қыран;
- ә) шаңырақ;
- б) пырақ;
- в) Күн.

**21. Қазақстанның туында қандай құс бейнеленген?**

- а) аққу;
- ә) қаршыға;
- б) бұлбұл;
- в) қыран.

**22. Астанада не жоқ?**

- а) тау жоқ;
- ә) жол жоқ;
- б) су жоқ.

**23. Қазақстан қандай мемлекет?**

- а) үлкен;
- ә) орта;
- б) кішкентай.

**24. Үлкен қалаларын ата?**

---

**25. Сөздің дұрыс аудармасын тап: туған жер –**

- а) родная земля;
- ә) район;
- б) государство;
- в) город.



**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.  
Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-  
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басауға 03.02.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1214. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: **Kazulagat@mail.ru**

Басылатын жері – ИП Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№2, 2014 ж., 144 бет, Алматы.